Mentor
әдістемелік орталығы

Республикалық ғылыми-танымдық
әдістемелік журналы

ÜZDIK QALAM



Ақтөбе қаласы

№15(10) 2024

«ҮЗДІК ҚАЛАМ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТАНЫМДЫҚ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛ
REPUBLICAN SCIENTIFIC AND EDUCATIONAL, METHODICAL JOURNAL
РЕСПУБЛИКАНСКИЙ НАУЧНО-ПОЗНАВАТЕЛЬНЫЙ, МЕТОДИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ

МАЗМҰНЫ
CONTENT
СОДЕРЖАНИЕ

Байкенова Салтанат Асилхановна....4
Берікұлы Салауат 6
Сағынғанова Гүлназия Сапарқызы....8
Досниязова Гүлбақыт Бақтығалиқызы....10
Алпысбаева Гулим Алпысбаевна 12
Жангелдина Амангүл Нұрбергенқызы....14
Зәкір Нұрия Берікқызы....16
Исламов Тахир Заирұлы....19
Калиева Қарлығаш Қайратқызы....21
Канатбаева Жазира Аралбаевна....23
Коныратбаева Лаура Амангалиевна 24
Кусаинова Айсауле Есенкелдиевна....26
Кушкинбаев Рашит Орынбасарович....28
Мажкенова Гүлжайнар Абутжанқызы....29
Нурмагамбетова Назымгуль Муратовна....32
Молбаева Клара Жеткиншековна....34
Мусина Айнур Абдигапуровна....35
Нурмагамбетова Нургуль....37
Оразымбетова Балауса Наурызбаевна....39
Раманкулова Камажай Серикбаевна....40
Рахимберды Құдайберген Русланұлы....42
Сакенова Улболсын Сериковна....44
Давлеткалиева Елизавета Султановна....46
Жусупова Амандык Омаровна....49
Сулекенова Гулжан Утесиновна....51
Сүйеубай Бибігүл Өмірзаққызы....53
Тлеуғалиева Сағира Әлімқызы....55
Тогимбаева Бибигуль Жаксылыковна....57
Төлеу Аманкүл Алмасқызы....59
Турлыбаева Гульшат Шинаровна....60

«ҮЗДІК ҚАЛАМ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТАНЫМДЫҚ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛ ЕРЕЖЕСІ

Мақсаты:

Педагогтердің ғылыми-танымдық әлеуетін дамыту. Басылымы Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат комитетінде тіркеуге алынып, мерзімді баспасөз басылымын, ақпараттық агенттікті және желілік басылымды есепке қою туралы № KZ49VPY00083149 куәлігі 2023 жылы 04 желтоқсанында берілген, құжатқа сәйкес 2024 жылдан бастап шығарылады. Кезеңдік басылым: 1 жылда 24 рет, қазақ, орыс және ағылшын тілінде жарық көреді. Журналда Қазақстан Республикасының арнайы және жоғары оқу орындары, мектепке дейінгі ұйым, ЖББОМ педагогтерінің шетелдік ғалымдар, ғылыми-зерттеу мекемелерінің ғалымдары орындайтын (орындаған) іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулердің, эксперименттік әзірлемелердің нәтижелері, сондай-ақ ғылымиақпараттық материалдар және т.б. жарияланады.

ЖАУАПТЫЛАР:
Бас редактор:

Нурбергенова Сауле Турмаганбетовна
Бас редактордың орынбасары:
Жайтапова Алтынай Альбековна, п.ғ.д., профессор
Редакция алқасы:
Тихомирова Валентина Тихоновна п.ғ.к., доцент
Сулекенова Гульжан Утесиновна
Рысбекова Айнур Маратовна
Озган Мехмет
Дауметова Салтанат Турмаганбетовна
Дизайн:
Муханбедин Аружан Айбарқызы

Меншік иесі: «Mentor» әдістемелік орталығы (Ақтөбе қаласы)
Редакцияның мекен-жайы: Индексі-030000
Ақтөбе қаласы, А.Молдагулова даңғылы 66/2
Авторлар қолжазбасы, суреттер өңделмейді және кері қайтарылмайды.
Редакция авторлар мақаласының мазмұнына жауап бермейді.
Журналда жарияланған материалдары көшіріп немесе өндеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, сілтеме жасалуы міндетті.
Журналға жинақтарыңызды kalam2025@mail.ru. почта арқылы жіберулеріңізге болады.

ЕЖЕЛГІ АДАМДАРДЫҢ ӨМІРІНЕ САЯХАТ

Байкенова Салтанат Асилхановна
Ақтөбе қаласы,
№38 қазақ орта мектебінің
тарих пәні мұғалімі

Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары		түсіндіреді. Осы кезеңді тарихи әңгімелеу, тарихи бейнелеу арқылы көрсетеді.		
Сабақтың барысы				
Сабақтың кезеңі/ уақыт	**Педагогтің әрекеті**	**Оқушының әрекеті**	**Бағалау**	**Ресурстар**
Ұйымдастыру кезеңі	Амандасу.Сынып түгендеу. Оқушылардың сабаққа дайындығын тексеру. Үй тапсырмасы бойынша сұрақтар беру. 1. Петроглифтер дегеніміз не? 2. Петроглиф гректің қай сөзінен шыққан? 3. Қазақстан аумағындағы петроглифтердің ең көп шоғырланған жері? 4. Тотемизм дегеніміз не? 5. Анимизм дегеніміз не? Бейне суреттер көрсету арқылы жаңа сабаққа өту.	Оқушылар сұрақтарға жауап береді. Оқушылар жауаптары арқылы жаңа тақырыпқа көшу	мадақтау	Тақырыптық бейне суреттер
Жаңа сабақ	Өткен тақырыпты еске түсіру мақсатында бейне баян көрсету. Топтық жұмыс: Берілген ұғымдарды әр дәуірге сәйкес топтастырыңдар. Тобыр, жылқы өсірушілер,қыш құмыра, терімшілер, аңшылар, мыс тас ғасыры, питекантроп,садақ пен жебе, Андронов мәдениеті, Беғазы -Дәндібай мәдениеті, мысты өңдеу, садақ пен жебе. Тас дәуірі Энеолит дәуірі Қола дәуірі Дескриптор: **-Тас, энеолит, қола дәуірлерін сәйкестендіреді.** **Рефлексия: -Тас, энеолит, қола дәуірлерінде қандай уақиғалар болды.**	Бейне баян көру. Топтық жұмыс 10минут	Мұғалім оқушылар жауабын мұқият тыңдап кері байланыс беріп отырады	

	-Тас, энеолит, қола дәуірлерінде шаруашылықта, адамдардың тұрмыс тіршілігінде, қоғамда қандай өзгерістер болды? Дескриптор: -Тас дәуіріндегі өзгерістерді зерттейді -Энеолит дәуіріндегі өзгерістерді зерттейді -Қола дәуіріндегі өзгерістерді зерттейді	Постер қорғау		
Сабақтың соңы	Тапсырма: Берілген сөйлемді аяқта: -Қазақстанда палеолит дәуірінде алғаш өмір сүрген адам? (Питекантроп) -Кроманьондық адам қай жерден табылды... (Франциянының кроманьон үңгірінен) -Ең алғашқы адамдардың кәсібі? (Аңшылық, терімшілі) - Тас дәуірі қандай үш кезеңнен тұрады? (Палеолит, мезолит, неолит) -Қазақстандағы алғашқы палеолит ескерткіштерін кім зерттеді? (Хасан Алпысбаев) -Мұз дәуірі бұдан неше мың жыл бұрын болды? (100 мың жыл бұрын) -Қай дәуірде қыш ыдыстар жасалды? (Неолит) -Ботай қонысын кім зерттеді? (В.Ф.Зайберт) - Неліктен қола дәуірін андронов мәдениеті деп атайды? (Андронова қонысынан табылуына байланысты. -Петроглифтерде қандай суреттер бейнеленген?			
Үй тапсырмасы	«Ежелгі адамдар» тақырыбына 70-80сөзден тұратын эссе жазып келу.			

«ҮЗДІК ҚАЛАМ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТАНЫМДЫҚ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛ
REPUBLICAN SCIENTIFIC AND EDUCATIONAL, METHODICAL JOURNAL
РЕСПУБЛИКАНСКИЙ НАУЧНО-ПОЗНАВАТЕЛЬНЫЙ, МЕТОДИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ

ТАРИХ ПӘНІН ОҚЫТУДА ЗАМАНАУИ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРДІ ТИІМДІ ҚОЛДАНУ

Берікұлы Салауат
Ырғыз ауданы Құйлыс ауылы
Құйлыс жалпы білім беретін орта мектептің
тарих пәнінің мұғалімі

Қазіргі білім беру саласындағы оқытудың озық саласы технологияларын меңгермейінше сауатты жан-жақты маман болуы мүмкін емес. Инновациялық технологияны меңгеру мұғалімнің интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершілік, рухани азаматтық және де басқа көптеген адами қабілетінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді, өзін-өзі дамытып, оқу-тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі.

Қазіргі білім жүйесінің ерекшелігі – тек біліммен қаруланып қана қоймай, өздігінен білім алуды дамыта отырып, үздіксіз өз бетінше өрлеуіне қажеттілік тудыру. Елімізде білім берудің жаңа жүйесі жасалып, оның мазмұнының түбегейлі өзгеруі, оның дүниежүзілік білім кеңістігіне енуі бүкіл оқу әдістемелік жүйеге, мұғалімдер алдына жаңа талаптар мен міндеттер қойып отыр. Бұдан шығатыны, XXI ғасырдың алғашқы жылдарының бірі – «Білім – бүкіл өміріңе» қағидасынан «Білім – бүкіл өмір бойына» қағидасына өте алатын білім жүйесінің ұйымдық құрылымдарын іздеу болып табылады. Қазіргі білім беру ісінің шарттарының бірі болып оқушының өзіне керекті мәліметті өзі іздеп табуына үйретіп, олардың өз оқу бағыттарын өзінің таңдай білуі деп есептеледі. Білім саласына еніп отырған жаңа технологиялардың ерекшелігі – өсіп келе жатқан жеке тұлғаны жан – жақты дамыту. Инновациялық білімді дамыту, жаңа идеялар мен жаңалықтарды өмірге әкелу. Бұрынғы оқушы тек қана тыңдаушы, орындаушы болып келсе, ал қазіргі заманның оқушысы өздігінен білім іздейтін жеке тұлға екендігіне үлкен мән береміз. Өйткені, оқытудың әр түрлі технологиялары зерттеліліп, жаңашыл педагогтардың іс – тәжірибесі зерттеліп мектеп өміріне енуде. Орта білім беру жүйесінде әлемдік жоғары деңгейге қол жеткізген анағұрлым танымал білім беру әдістемелері арасында өздігінен білім алуға негізделген тәсіл кең тараған. Бұл теория оқушылардың ойлауын дамыту, олардың бұрынғы алған білімдері мен жаңа немесе сыныптағы түрлі дерек көздерінен, мұғалімнен, оқулықтан және достарынан алған білімдерімен өзара әрекеттесуі жағдайында жүзеге асады деген тұжырымға негізделеді. Осыған орай оқу-тәрбие процесін ұйымдастыруда оқытудың жаңа технологияларын жетік меңгеріп қана жетуге болады. Оқыту барысында жаңа технологиялық әдістерді пайдалану шәкірттердің ойлана білу қабілеттерін дамытады, олардың білім сапасын жақсартады, ой өрісін кеңейтеді, есте сақтау қабілеттерін өсіреді. Оқыту мен дамыту әдістерінің екеуі де жеке тұлғаның қалыптасуына үлкен ықпал ететін маңызды айғақтар болып саналады. Мектепте оқытуды ұйымдастыратын бірден – бір нұсқа сабақ болса, сабақтың нәтижелі болуына ықпал ететін нұсқа сол сабақты өткізудің әртүрлі әдіс-тәсілдері, яғни жаңашыл сабақ. Қазіргі кезде шығармашылықпен жұмыс істейтін мұғалімдердің тынымсыз ізденуі нәтижесінде оқу-тәрбие жұмысының тиімділігін арттырудың жаңа технологиялары өмірге келді. Біздің міндетіміз- оқушыға оны бойында жасырынып жатқан мүмкіндіктерін ашып көрсету. Тарих – мектептегі оқу пәні ретінде жалпы негізгі білім беретін барлық гуманитарлық және қоғамтанушылық курстардың негізін құрайды. Тарих ұлттық өзіндік сана – сезімді және адамгершілік этикалық нормаларды қалыптастыра отырып, оқытудың дүниетанымдық негізін қалыптастырады. Тарихқа деген қызығушылығын арттыру үшін сапалы білім берудің тиімді жолдарын таңдау, тарихи және мәдени мұралармен таныстыру, қосымша элементтерді пайдалану мен тарихи деректерді оқып білім алып шығармашылықпен айналысуына жағдай жасау сияқты жаңа педагогикалық технологиялармен инновациялық бағыттарды, әдістер мен тәсілдерді енгізу. Заманауи әдіс-тәсілдер сабақ барысында шәкірттердің сыни тұрғыдан ойлау қабілеттерін жетілдіруге, дамытуға арналған оқыту технологиясы оларға еркін ойлауға, байқалған, баяндалған мазмұнынан тәуелсіз пайымдамалар жасауға мүмкіндік береді, шығармашылық белсенділігі жоғарылайды, ұжымдық ойласу, ұжымдық тұжырымдар жасауға белсене атсалысады, ұжымдық қорытындыда өз үлесі бар екенін сезіп, қуаттана марқаяды, келесі мәселелер түйінін шешуге еркін араласады, өз ойын жасқанбай айтуға үйренеді. Тақырыптың негізгі өзегін, бағытын, мән-мағынасын түсінеді, тіл байлығын жетілдіреді, өз ойын қысқа, мазмұнды, мағыналы, дәлелді баяндауға дағдыланады, пәнге қызығушылығы артады, ғылым негіздерін игеру әдістерін меңгереді , сөйтіп өзін келесе мәселені талдауға дайындайды. Оқушы бұрын тек тыңдаушы болса, енді ізденуші, ойланушы, өз ойын дәлелдеуші болады, ал мұғалім осы әрекетке бағыттауда, оқуды ұйымдастыруда жетекші рөл атқарады. Тақырыпты мұғалім түсіндіріп оқып бермейді. Тақырып

бойынша оқушылар өздері жұмыс істейді және топпен жұмыс жасап белсенділік көрсетуге жағдай жасалады. Оқушының білімін қалыптастыру деңгейінде, оны зерттеу, талдау, жауап табу үшін жеткілікті материал болу керек, «Ассоциация» , «Топтау», «Түртіп алу», «Болжау», «Әлемді шарлау», «Броундық қозғалыс», «Стикердегі диалог» әдістерін пайдалануға болады. «Өзара оқыту әдісі», «Кең ауқымды лекция» әдісі, «Инсерт» әдісі, «Білемін, білгім келеді, үйренемін», т.б. әдіс-тәсілдерді қолдану оқушының өздігінен білім алу, шығармашылық іс-әрекеттерінің оянуы, бір сөзбен айтқанда, өзіндік еңбек ету кезеңіне айналдырады. «Үштік» әдіс- Сынып бойынша тапсырманы оқиды. Оқушылар бірнеше жұптан бөлінеді:бірінші оқушы оқиды немесе айтады, екінші оқушы тындайды, үшінші оқушы түртіп алады, кейін өз пікірін айтады. SWOT – талдау Бұл әдісті қолдану барысында мәселенің жағымды, жағымсыз жақтарына сараптама беріледі, мүмкіндіктері бағаланып, қауіп-қатерлері туралы нақты дәлелдер келтіріледі. «Бір минуттық әңгіме» тәсілі Оқушылар қарама-қарсы сызық бойымен қатарға тұрып, жұптық әңгіме жүргізеді. Үйге берген тапсырма туралы әңгімелесулеріне болады немесе жаңа сабақты бекіту мақсатында өз ойларымен бөліседі. «Бес жолды өлең», «Вен диаграммасы», «Кейіпкерге хат», «Кубизм», «Т кестесі», «ПОПС формуласы», «Шахмат», «Фишбоун» т.б. әдіс-тәсілдер әр сабақтың ерекшелігіне ауыр-жеңілдігіне қарай лайықты қолданылады. Бұл әдістің тиімділігі сабақтан тысқары қалатын оқушы болмайды.

Тәжірибеде оқытудың көптеген түрлері қолданылуда. Мұғалімдер барлық пайдалы оқыту түрлерінен бас тартпай, жақсыларын жаңа жүйеге бағыттап тәжірибеге енгізеді. Топтық оқыту, өзін-өзі оқыту – оқушы белгілі бір өздік жұмысты (оқылатын объектімен, оқулық, приборлармен жұмыс істейді зерттеу жұмысы) орындап, оның нәтижелері туралы жазбаша есеп береді. Өзара оқыту (жұптық оқыту) – оқушылар тұрақты жұпта немесе құрамы өзгеретін жұпта жұмыс істейді де, қандай да бір мәселені бір-біріне түсіндіріп, өз тақырыптарын қорғап, жолдасының жұмысының нәтижесін бағалайды. Заманауи оқытуда оқушы өз бетінше білім алуды ұйымдастырады, сын тұрғысынан нақты мақсатты шешім қабылдауға үйренеді, оқушылар кез-келген сұраққа өмірден мысал келтіре отырып салыстырып жауап береді. Тарих сабағын оқыта отырып, жаңа иновациялық технологияларды тиімді пайдаланып,өзіндік жұмыс және тарихи диктант,тірек сызбалар,кластерлер, хронологиялық таблицалар, пікірталас сынақосытәрізді әдіс-тәсілдерді білім сапасын арттыру мақсатында түрлендіре отырып қолданған тиімді. Бұл жұмыстар оқушылармен тығыз байланыста болуға, оқушы бойындағы табиғи мүмкіндіктерді ашуға, оқушының танымдық іс-әрекеттерін қалыптастыруға, оқушы тарапынан белсенділік танытып, дербестік көрсетуіне, өзіне деген сенімділігін қалыптастыруға көмектеседі. Оқушылардың алған білімдерін кеңейтіп, логикалық ойлау жүйесін дамытып, тиянақты білім алуына жол ашады. Сабақта оқушының жеткен жетістігін баса көрсетіп, оның пәнге деген қызығушылығын арттырып, оқушыларды өз бетімен ізденіп жұмыс істеуге баулу, шығармашылық қабілеттерін шыңдайды. Бірақ шамадан тыс тапсырмалар беруден сақтану керек, ең басты оқиғалар мен фактілерді ғана білуі керектігін ескерген жөн. Сондай-ақ, күнделікті сабақта оқушылардың білімін бағалауға да тигізер көмегі көп. Сабақта жаңа технология әдіс – тәсілдерін қолданудың мынадай тиімді жақтары бар:

- Оқушының оқуға деген ынтасы артады;
- Әр оқушының жеке қабілеті айқындалады;
- Үлгерімі нашар оқушыға көңіл бөліп, оларға көмектесу мүмкіндігі туады;
- Жақсы оқитын оқушының тереңірек білім алуына жағдай туады;
- Әр оқушы өздігінен жұмыс істеуге дағдыланады;

Оқушы өз білімін бағалай білуіне бағыттауға мүмкіндік береді. Қорыта айтқанда, оқушыларды шығармашылыққа, өз бетімен іс-әрекет етуге бағытталған тапсырмалар саны көбейгенде ғана, өз пікірін айта алатын, оны дәлелдей білетін, өмірге деген өзіндік көзқарасы қалыптасқан, үнемі ізденіс үстінде болатын, қоғам дамуына үлес қоса алатын, жан-жақты жетілген жас ұрпақ өкілдерін дайындай аламыз. Демек, жаңа технологиялық әдіс – тәсілдерді пайдалану білім сапасын арттырудың бірден – бір жолы.

«ҮЗДІК ҚАЛАМ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТАНЫМДЫҚ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛ
REPUBLICAN SCIENTIFIC AND EDUCATIONAL, METHODICAL JOURNAL
РЕСПУБЛИКАНСКИЙ НАУЧНО-ПОЗНАВАТЕЛЬНЫЙ, МЕТОДИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ

UZDIK KALAM

ӨНЕР

Сағынганова Гулназия Сапарқызы
№3 Алға қазақ орта мектебінің
музыка пәні мұғалімі

Мектебі: №3 Алға қазақ орта мектебі Пәні: Музыка				
бөлім:	Өнер			
Педагогтің аты-жөні	Г.Сағынганова			
Күні:				
Сынып 3 а	Қатысушылар саны: 17	Қатыспағандар саны:		
Сабақтың тақырыбы:	Музыка және поэзия			
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары	3.1.1.1-тыңдалған әуеннің сипатын, мазмұнын, жанрын, көркемдеуші құралдарын анықтаужәне салыстыру 3.1.3.3 -музыкалық шығармаларды талдау барысында негізгі музыкалық ұғымдарды анықтау және ажырату 3.2.1.2 -қарапайым музыкалық-шығармашылық жұмыстарды шығару және импровизация жасау үшін музыкалық көркемдеуші құралдарды қолдану			
Сабақтың мақсаты:	Тыңдалған әуеннің сипатын, мазмұнын, жанрын, көркемдеуші құралдарын анықтайды және салыстырады Музыкалық шығармаларды талдау барысында негізгі музыкалық ұғымдарды анықтайды және ажыратады Қарапайым музыкалық-шығармашылық жұмыстарды шығару және импровизация жасау үшін музыкалық көркемдеуші құралдарды қолданады			
Сабақтың барысы				
Сабақтың кезеңі/ уақыт	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы	**I. Ұйымдастыру кезеңі:** Сәлеметсіздер ме, балалар! Психологиялық ахуал. «Сыйқырлы қорапша» Қорпашаның ішінде айна болады. Ал, балалар, тақтада тұрған домбыра мен кітаптарды таңдауларыңызбен ала қойыңыздар. Ал суреттеріңізге қарай екі топқа бөленесіздер. **Топ ережесі:** **1.** Жылдам топ құру. **2.** Бірлесіп жұмыс жасау. **3.** Бір-бірімізді тыңдау. **4.** Уақытпен санасу. **5.** Сабаққа белсенді қатысу. **6.** Тыныштықты сақтау. • Өткен тақырыпқа бекіту **«Допты лақтыру» әдісімен**	Оқушылардың сәлемдеседі. Сыйқырлы қорапшаға қарап оқушылар жақсы тілектерін айтады 1.«Абай» тобы 2. «Сәкен» тобы 3. «Музыка» тобы 4. «Поэзия» тобы Өткен тақырып бойынша бекіту сұрақтарына доп	Керемет! Әр топқа жауап үшін бағалау нотасы таратылып отырады	Оқу жабдықтары меноқу құралдары Домбыра, кітаптар Интерактивті
	- Би нені бейнелейді? - Шара Жиенқұлова кім? - Хореографияның бір түрі, балеттің негізі қалай аталады? - Халық биі ұғымын қайда түсінесің? - Болат Аюханов қай жылы, қай қалада дүниеге келді?	лақтыру әдісі бойынша жауап береді. Дескриптор: -сұрақтарға жауап береді, -өткен тақырыпты пысықтайды		тақта Доп
Сабақтың ортасы	**1-тапсырма. Аңызды тыңдау**. **«Сөзді тап» әдіс-тәсілімен. (**Ән, жеріне, қазақ, төмен, келгенде, құлдырап,ұшып, қалықтап,музыкалық халыққа, қабілетті,шашады, үйіп-төгіп) «Өте ерте заманда жер бетін мекендеген халықтар өлең дегеннің не екенін, ән дегеннің не екенін білмеген. Адамдар көңілсіз, сүреңсіз өмір сүріп жатты. Табиғат та мұңға батып, мүлгіген тыныштық орнаған. Ол кезде әннің құдіретін аспан ғана білген, себебі ән тек аспанда ғана қалықтап жүрген. Бір күні сиқырлы Ән төмен түсіп, кең даланың үстінде қалықтаған. Ол жердегі көңілсіз адамдарды көріп аяп, «осыларға бір жақсылық жасайыншы» деп ойлайды. Ән көңіл күйіне қарай кейде жер бауырлап, кейде биікке самғап ұшып жүреді. Ән төмендеген сайын сол жердегі адамдар бірден әнші, жыршыға айналады. Ал биік қалықтап кеткен жердің халқы әншіліктен құр қалған екен. Ән қазақ жеріне келгенде төмен құлдырап, қалықтап ұшып, халыққа музыкалық қабілетті үйіп-төгіп шашады. Осылайша ол халықты ән мен өлеңнің, жыр мен күйдің, суырыпсалмалықтың шеберіне айналдырған екен». Әр топ жауаптары үшін жұлдызша таратып отырады **2-тапсырма. Ақпарат іздеу, талдау.** **Фильмдерді көру және талдау әдісі** Оқушылардың назарын видеожазбаны аударады. Экранда көрсетілген ұяшықты басу арқылы сұрақтарға жауап береді • Музыка дегеніміз не? • Поэзия дегеніміз не?	Қобдиша ішінен қима қағаздарды алып,сөйлем құрайды. Әр топ аңыз желісінде берілген тапсырмаларға жауап береді Қима қағаздар арқылы аңыз желісіне сай сөздерді тақтаға «Ән» сөзінің жанына қояды. Дескриптор: - Аңыздың мазмұнына сай сөздерді табады - Жердегі тіршіліктің өзгерісін сипаттайды Бейнежазбаға зейін аударады. Ақпарат алып, экранда көрсетілген ұяшықты басу арқылы берілген	Оқушылар бір бірін «Шапалақ» ұру әдісімен бағалайды Әр топ жауаптары үшін нота алып отырады Жарайсың!	Қима қағаздар Интерактивті тақта https://youtu.be/FGsq4Xjm4_A

Сергіту сәті	• Музыка мен поэзияның айырмашылығы, байланысы неде? • Қазақтың халық музыкасы мен поэзиясының байланысын не арқылы көруге болады? Абай кім және оның өмірі мен шығармашылығы туралы не білеміз? Абай туралы мәліметті дәптерге жазу «Көңілді музыка» **3-тапсырма Тыңда,талда** «Көкшетау» Сәкен Сейфуллин **«Тірек сұрақтар» әдісі** • Сәкен Сейфуллин туралы кім не біледі? • Сәкен Сейфуллин кім? • Қай жылы, щқай жерде дүниеге келді? • Қандай шығармаларын білесің? • Әдебиеттік оқу пәнінен қандай шығармасын өттіңдер? Болашақ ақынның әке-шешесі өнерлі адамдар болған. Әкесі домыра тартса, анасы әңгіменің майын тамызатын шебер әңгімешел жан болған. Сәкеннің өзі домбыра тартып,ән шырқаған, кейіннен көптеген лирикалық өлеңдерді дүниеге әкелген дара тұлға. «Көкшетау, «Тау ішінде», «Біздің жақта» деген шығармалары халықтың сүйікті әндеріне айналған «Көкшетау»-табиғаты сұлу, суы мол, шөбі шүйгін көркем жер. Әнді тыңдатып, талдау тапсырмалар береді **4-тапсырма Ән орындау** **«Үйқасын тап» әдісі** Түннің жарық болары Ай мен жұлдыз.....(сынары) «Желсіз түнде жарық ай» - Абайдың әні	сұрақтарға жауап береді.. . Абай туралы мәліметті дәптерге жазады Оқушылар музыканы әуеніне қарай ажырата отырып, қимыл – қозғалыс жасайды Сұрақтарға жауап береді. Ақын туралы мәлімет алады Шығарманы зейін қойып тыңдайды 1-топ: Көкшетауды ән мәтініне қарай постер жасайды; 2-топ: Көкшетаудың бейнесін суреттейді; 3-топ: Қима қағаздардан сөз құрайды; 4-топ: Өлең шумақтағы табиғатты суреттейді Үйқасын ойлап табады. Дәптермен жұмыс	Керемет! Үш шапалақ	 https://yandex.kz/video/preview/9311814094685615090  https://yandex.kz/video/preview/12843984648738576313 Көкшетау, табиғат бейнесі суреттер Аудиожазба Топтық жұмысқа қажетті құралдар А3 форматы, түрлі түсті фламестер, карандаштар. https://yandex.kz/video/preview/1687212385699894633

	Әнді үйренбес бұрын дауысқа жаттығу жасайды. 1. Дұрыс тыныс алуға жаттығу «Гүлді иіскеу», «Шарды үрлеу» Музыкалық сүйемелдеумен қосылып орындайды Талдау: • Көз алдыңа қандай көрініс елестейді? • Әннің әуенін талда: көңіл-күйін (мұңды, нәзік, әсерлі); • Епінін ажырат (тез, баяу, жылдам) • Дыбыс күшін ажырат (f, p, аралас) Кесте бойынша жұмыс Әннің көңіл күйін мына торкөздерде берілген сөздер арқылы сипатта, 					
тын ық	жар ық	қад ала	көң ілді	аян ыш ты
әзіл қой	күң гірт	әде мі	көр кем	асы қпа й | Музыка- белгілі биіктіктегі дыбыстардан тратын, адамға сазды әуенімен әсер ететін өнер түрі. Поэзия- өлең түріндегі ауызша немесе жазбаша жазылған әдеби көркем шығарма Романс- аспап сүйемелінде орындалатын жеке дауысқа арналған поэтикалық мазмұндағы шағын музыкалық шығарма.	Дауысқа жаттығуды мұғалімнің көмегімен жасайды. Музыкалық сүйемелдеумен әнді орындайды. 1-топ «Абай» 2-топ «Сәкен» 3-топ «Музыка» 4-топ «Поэма» Әр топ топтық жұмыс жасайды Дескриптор: - Әнді мәтінін және әуеніне көңіл бөледі - Әннің әуенінің қозғалысына мән береді - Шығарманың музыкалық екпінін ажыратады - Дыбыстардың күшін ажыратады Жұптық жұмыс. Дәптермен жұмыс Жеке жұмыс Дәптермен жұмыс	Жарайсың! Үш шапалақ	15   Аудио жазба

Сабақтың соңы	Бағалау: • Сабақта не сәтті шықты? • Қай тапсырма қиын болды? • Сабақта нені әлі де жақсарту қажет? Үйге тапсырма: «Желсіз түнде жарық ай» әнін жатқа орындау **Рефлексия** -Мен не білдім? - Бүгін мен не үйрендім? -Мен үшін қандай тапсырма қиын болды? -Ал қай тапсырманы мен оңай орындадым	Сұрақтарға жауап береді Үйге берілген тапсырманы түсінеді Сабақтан алған әсерлерін түрлі—түсті қағаздардан қиылып жасалған ноталарға жазып, тақтадағы жұлдызшаға іледі	Оқушылар топ үшін берілген жауаптарына орай жиналған ноталарды санайды	♪

ШАХМАТ ОЙЫНЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ МЕН ПРИНЦИПТЕРІ

Досниязова Гүлбақыт Бақтығалиқызы
Ойыл ауданы Теректі негізгі мектебінің деңе шынықтыру пәнінің мұғалімі

Шахмат — логикалық ой өрісті машықтандыратын спорт түрі. Шахмат сөзі парсы тілінде “шах” патша, “мат” өлді дегенді білдіреді. Әлемдегі ең танымал спорт түрінің бірі саналады. Шахмат спортының отаны – Үндістан. Біздің дәуірімізге дейін бір ғасыр бұрын пайда болған. Шахмат жайлы көне аңыз бар. Шахматты ойлап тапқаны үшін брамин (жасаушы) раджыдан, яғни патшадан оны жасап шығарғаны үшін азғантай ғана үстеме сұрайды: шахмат тақтасына неше бидай дәнегі сыйып кететін болса, соншалығын алып тұруы керек. Әрбір торға бір дәнектен орналастырса, ол кейіннен екі есеге көбеюі тиіс. Нәтижесінде патшаға 18446744073709551615 (18 квинтильон 446 квадрильон 744 триллион 73 биллион 709 миллион 551 мың 615) бидай дәнегі қажет болып шығады. Бұл дегеніңіз бүкіл әлем бидай қорын бір ортаға жиыстырып қойсаңыз да, сан көрсеткіші белуардан аспайды.Шағын ғана шахмат тақтасы ойыншылар үшін көптеген айла-тәсілді орындайтын соғыс алаңы. Ойын кезінде егер шахматшы бірінші болып жүретін болса, онда ол ойынды бастау үшін 20 түрлі тәсілді пайдалана алады, ал қарсыласы жауап қайтару үшін 400 түрлі төтеп беру жолдарын қарастырмақ. Сол себептен шахматшылар әр қадамын байыппен орындайды. Шахмат ойынының тарихы 1969 жылғы қазақ жазуының соңғы орыстандыру емле реформасына дейін қазақ тілінде дәстүрлі шатыраш (санскрит chatur anga → пракріттер: chatur anja — төрт бұрыш → арабша: шатрандж) делініп келді. Үнді аңыздары бойынша, билеуші Шерам шахматпен ең алғаш танысқан кезде, оның өзгешелігіне, әр түрлі әдемі комбинациялардың байлығына масаттанды.[1] Ал осы ойынды ойлап шығарған дана оның қол астында екенін біліп, билеуші оған ерекше алғыс білдіргісі келді. Сонда әмірші үнді данышпанның кез келген бұйымтайын орындауға уәде береді. Ал дана оны бидай дәнімен таң қалдырады. Берілген шарт бойынша данышпанға шахмат тақтасының бірінші шаршысына бір, екінші шаршысына екі, ал келесі шаршыларға бұрынғыдан екі есе артық (1 + 22 + 23 + 24 + … + 263 = 264 – 1) бидай дақылдары берілуі тиіс еді және билеуші осы санның қанша екенін білмей, оны данаға лезде беруді бұйырды. Магараджи есептеушілері бұл санды түні бойы есептеп, таңертен ғана математикалық шешімге келіп, оның мүмкін емес екенін әміршіге түсіндіреді. Себебі данышпан айтқан сан бүкіл Үндістанның бидай дәндер санына, тіпті бүкіл әлемнің бидай дәндері санына жетпейді екен. Бұл сан - 18 квинтильон 446 квадрильон 744 триллион 073 миллиард 709 миллион 551 мың 615. Осы мысал арқылы біз математиканың шахматта жасырған таңғажайып мүмкіншіліктеріне көз жеткізе аламыз. Шахматты жетік үйрену үшін ойынның негізгі ережелері мен принциптерін шебер меңгеру керек. Ережесі өте қарапайым. Шахматқа тек екі ойыншы қатысады. Содан шахмат екі ойыншы арасында шахмат тақтасында ойнатылады. Ойын басталмай тұрып екі қарсыласқа өз иеліктеріне әрқайсысына қарама-қарсы түстес он алты

ақ немесе қара тас бөлініп беріледі. Тастарды жеке жіктеп қарастыратын болсақ: бір патша (♔, ♚), бір уәзір (♕, ♛), екі тура (♖, ♜), екі піл (♗, ♝), екі ат (♘, ♞) және сегіз пешка (♙, ♟). Ойынның басты мақсаты қарсыласының тастарын шақ келтірмей, патшаға мат қою. Дебют (ойынның басталуы), миттельшпиль (ойынның орта тұсы), эндшпиль (ойынның соңғы жағы) кезеңдерінде позицияның өрістеу жолдарын ойын үстінде шебер ұштастыра білуге дағдылану қажет: Ойынның бас жағында король және ферзь қанаттарындағы ат пен пілді тез ойынға шығарып, ұзын немесе қысқа рокировкаға дайындаған дұрыс болады, себебі бұл жағдай ладьяның ойынға тез араласуын қамтамасыз етеді. Солай етіп алғашында ойынға жеңіл фигураларды (піл және ат), соңынан ауыр фигураларды (ферзь, ладья) араластыру керек. Ойынға белсенді фигуралар араласқан соң, корольге жүріс жасау үшін бос шаршы немесе «терезе» ашып қойған жөн. Бір фигурамен бірнеше рет жүріс жасау белгілі бір мақсатқа бағытталған жағдайда тиімді болады. Әйтпесе, ойында мақсатсыз бір фигурамен бірнеше рет жүріс жасау - жүріс кезегінен ұтылу, позицияның дамуына, қорғаныс немесе шабуыл жасауда кері әсерін тигізуі мүмкін. Орталық e4, d4, e5, d5, шаршыларын иемдену шабуыл жасауда, тактикалық және стратегиялық жоспар құруда шешуші маңызға ие. Фигуралардың салыстырмалы құндылығын немесе фигуралық артықшылықты пайдалану:

- Ойын соңында екі пілдің салыстырма күші екі атқа қарағанда артық деп есептеледі.
- Сол сияқты піл мен ладья - ат пен ладьядан күшті болса, ат пен ферзь - піл мен ферзіден басым болады.
- Ойынның соңғы жағында қосарланған ладья (вертикаль немесе горизонтальдар бойымен орналасқан ладьялар) ферзіден басымдау болады.
- Ойын барысында фигураларды айырбастау олардың салыстырмалы құндылығын есептеумен бірге, ойын барысындағы жағдайда нақтылы бағамдағаннан кейін жүзеге асырылады. Пешкілердің өзара байланысын бұзып алмауға тырысу керек, себебі оңашаланған пешкі шабуыл объектісіне айналады. Сондықтан фигуралар мен пешкілер байланысының маңызы өте зор. Ладьямен ашық не жартылай ашық линияларын иелену позициялық басымдылықты әкеледі. Корольді ойынға шабуыл жасау мен қорғаныс фигурасы ретінде тиімді қолдана білу керек. Бұл тактиканы ойынның орта тұсы мен соңғы жағында қолдану тиімді болады. Тәжірибелік ойындарда батыл түрде қарсылас короліне комбинациялық шабуыл жасауды ұйымдастыруды үйрену қажет. Шабуыл сәтсіз шыққан жағдайда, оның себебін талдау - тәжірибе жинақтауға септігін тигізеді және позицияны нақты бағамдауға, комбинациялық шабуылды сезе білу байқампаздығын жетілдіре түседі. Ойын барысында өзің жоспарлаған жүрісті есептеген соң, оны қолданудан бас тартпау керек, қарсылас жақтың шабуылына қарсы шабуыл ұйымдастыру, қорғана білу, айырбас жасаудың тиімділігін пайдалану оқушының байқау, зерделеу, ойлану қабілеттерінің артуы мен бірге шығармашылық қиялын дамытады.

«ҮЗДІК ҚАЛАМ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТАНЫМДЫҚ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛ
REPUBLICAN SCIENTIFIC AND EDUCATIONAL, METHODICAL JOURNAL
РЕСПУБЛИКАНСКИЙ НАУЧНО-ПОЗНАВАТЕЛЬНЫЙ, МЕТОДИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ

ӘЗІЛХАН НҰРШАЙЫҚОВ ӨМІРІНІҢ АҚИҚАТЫ МЕН АҢЫЗЫ

Алпысбаева Гулим Алпысбаевна
Алға мектеп-гимназиясы
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

Әзілхан Нұршайықов 1922 жылы 15 желтоқсанда Шығыс Қазақстан облысы Жарма ауданында дүниеге келген. 14 жасында поэзиямен айналысып, өлең жаза бастады. Оның алғашқы өлеңдері 1938 жылы Семейдің облыстық «Екпінді» газетінде жарияланған. Жас ақын Семей қаласындағы Абай атындағы қазақ педагогикалық училищесінде, содан кейін сол жердегі Н. Крупская атындағы педагогикалық институтта оқып, Жарма ауданындағы орта мектепте мұғалім болып жұмыс істеген. «Туған жылым ескіше ит жылы екен. Оны жақындарымның бәрі біледі. Бірақ қай айда, қай жылы туғаным ешкімнің есінде жоқ. Ит жылы жаңаша 1922 жыл. Соғым екі кезде сойылады екен: байлар - ноябрьде, кедейлер декабрьде соятын болса керек. Мұны есейген кезде әкемнен сұрап білдім. Әкем кедей кісі болған. Ендеше мен декабрьде туғанмын. Декабрьдің қай кезі - басы ма, ортасы ма, әлде аяғы ма? Басында да, аяғына да жақын ортасын алайын. Осылай деп есептеп, ес білгеннен кейін 1922 жылы 15 декабрьде тудым деп жазатын болдым», - деген қаламгер естелігінде. Ә. Нұршайықов ұзақ жылдар журналистік қызметте болды. Журналистік қызметпен қатар, ол үнемі әдеби жұмыспен айналысты. Жазушының шығармашылық стилі біртіндеп қалыптасты. Очерк, әңгіме, повестер мен романдардың авторы. Көзі тірісінде 40-тан астам кітап шығарды: «Алыстағы ауданда» (1956), «Тың астығы» (1958), «Ертіс жағасында» (1959), «Жомарт өлке» (1960), «Махаббат жыры» (1964), «Махаббат қызық мол жылдар» (1970), «Ақиқат пен аңыз» (1976), «Екі естелік» (1985), «Өмір өрнектері», «Қаламгер және оның достары» (2000), «Мәңгілік махаббат жыры» (2005), және т.б. Оның шығармалары әлем халықтарының көптеген тілдерінде жарық көрді. Әзілхан Нұршайықов шығармашылықтағы көп жылғы жемісті еңбегі үшін «3-дәрежелі даңқ», «2-дәрежелі Отан соғысы» (1944), «Құрмет белгісі» (1956), «Халықтар» (1984), «Парасат» (2005), «Отан» (2010) ордендерімен, «Ерен Еңбегі үшін» (1943), «Жауынгер еңбегі үшін» (1944), «1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысында Германияны жеңгені үшін», «Варшаваны азат еткені үшін» (1944) медальдарымен марапатталды. Қазақ КСР халық жазушысы (1990). Абай атындағы Мемлекеттік сыйлықтың (1980), А.Фадеев атындағы Халықаралық әдеби сыйлықтың лауреаты (1987).

Өмірінің соңына дейін Әзілхан Нұршайықов қоғамдық өмірге, шығармашылық кештерге, оқырмандармен кездесуге белсене қатысты. Ол 88 жасында Семейде өткен Азиада алауының эстафетасына қатысып, жолдың бір бөлігін алаумен жүгіріп өтті. Қаламгер өзінің алғаш әдебиетке деген ықыласын «...Хат білмейтін қаршадай күнімде «Қалқаман-Мамыр», «Еңлік-Кебек», «Тәуке батыр», «Түсіпхан» қиссаларын жатқа айтып жүрдім. Ал хат танығаннан кейін «Батырлар жыры», «Халық поэмалары» дейтін екі үлкен кітаптың бір сөзін қалдырмастан және жаттап алдым» дейді. Өзі алғаш білім алған «Ақбұзау» орта мектебінің мерекелік кештерінде басқа балалар тақпақтар айтып, ән орындар болса, ол «Қобыланды», «Ер Тарғын» сияқты батырлар жырлары мен «Қыз Жібек» сынды түрлі лиро-эпостық жырлардан ауылдастарының сұраныстары бойынша үзінді оқып разы ететіндігін кейінгі сұхбаттарында айтып жүр.Алғашқы шығармашылығы да жас күнінде жаттаған қисса-жырлардың әсерімен өлең жазудан басталған. Балаң өлеңдер аудандық, облыстық газеттерде, республикалық «Октябрь балалары» газеті мен «Пионер» журналында басылып тұрған. Кейбір өлеңдерінің кемшілігі мен жарамайтындығы туралы атақты ақындар мен журналистерден арнайы ақыл-кеңеске толы ынталандыру хатын алған да ауылдағы бірінші оқушы болды. Бала Әзілхан жастайынан үнемі адамгершілік пен ізгілікке, адалдық пен тазалыққа бағытталған идеяға қанықкан шығармаларды оқып, бойға сіңіре білгендіктен, өзін жақсылықтың жаршысы, кемшіліктің күрескері ретінде таныта білді. Оның он төрт жасында еңбек тәртібін бұзған колхозшыларды сынға алып жазған «Сірнешілер тобы» атты алғашқы жариялаған мақаласы атына «Пионер Әзілхан» деген есіммен Жарма аудандық «Социалистік еңбек» газетінде жарияланып, аудандық партия комитетінде талқыланып, сол кездегі колхоздың төрағасы, Әзілханның әкесі Нұршайық Амангелдинге сөгіс беріледі. Ал мақалада сынға алынған сірнешілердің бірі әкесінің туған інісі болатын. Әкесі бұл жөнінде ештеңе демесе де оның есесіне сазайымды ағам берді дейді жазушы. «Аудандық газетте шыққан менің мақаламды оқығаннан кейін ағай: «Ой, күшік!» - деп, мені комбайн сатысынан жерге қарай лақтырып жіберді.

Топырақ қауып, тақтаның ормасы бетімді жыртып, қан-қан болып мен қалдым... Ақиқатты айтқаным үшін алғашқы таяқты осылай жедім. Оның есесіне сол мақала менің ауыл тілшісі ретіндегі даңқымды бүкіл ауданға жайды. Ал адамға даңқ келгенде жеген таяғы есте тұра ма? Біраздан кейін мен де оны ұмытып кеттім» деген алғашқы мақаласы туралы естеліктерінде[1;49б]. Осылайша, тәртіп пен тазалықтың, адалдықтың жағында болған мектеп оқушысының өмірге деген бағытына оқыған әдеби шығармалары әсер еткендігін өз мысалдарынан-ақ көре аламыз. Ғабдол Слановтың «Арман ағысы» атты кітабын оқып, сондағы жер байлығын іздеуші инженерлердің өмірі қызғылықты, тартымды суреттелгендіктен, 1938 жылы жеті жылдық мектепті бітіріп, Алматыдағы тау-кен (қазіргі политехникалық) институтының жұмысшылар факультетіне емтихансыз қабылданады. Бірақ, сабақтың тек орыс тілінде өтетіндіктен, оқу қиынға түседі. Бір жыл оқиды да келесі (1939) жылы Семей қаласындағы Абай атындағы педагогикалық училищеге түседі. Бұл Әзілхан Нұршайықовтың педагогикалық білімінің бастауында тұрған оқу орны екендігін басымдылықпен айтуымызға негіз болады. Педагогикалық училищеде оқып жүріп ол Семейдегі кітапханаларға барып, жаңа әдебиеттермен танысады. Училищенің кітапханасы мен Н.В. Гоголь атындағы қалалық кітапхананың тұрақты оқырманына айналады. Біз тәлімгер-жазушының педагогикалық идеяларының қалыптасуын педагогика тарихымен шендестіре отырып, төрт кезеңде бөліп қарастырдық. Әзілхан Нұршайықовтың тәлім-тәрбиелік идеяларға толы шығармаларды өмірге әкелер жазу болып қалыптасуының үлкен кезеңі - журналистік кезең. Оған журналистік өте бала күнінен машықтанған, бейімделген мамандық десе болғандай. Жас журналист ұзақ уақыт журналистика жанрларымен: бас мақала, сын мақала, очерк, рецензия жазумен шығармашылығын шыңдады.

«ҮЗДІК ҚАЛАМ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТАНЫМДЫҚ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛ
REPUBLICAN SCIENTIFIC AND EDUCATIONAL, METHODICAL JOURNAL
РЕСПУБЛИКАНСКИЙ НАУЧНО-ПОЗНАВАТЕЛЬНЫЙ, МЕТОДИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ

ТАРИХ САБАҒЫН СЫН ТҰРҒЫСЫНАН ОЙЛАУ АРҚЫЛЫ ОҚЫТУ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Жангелдина Амангүл Нұрбергенқызы
Ақтөбе қаласы Баишев атындағы мектеп-лицейінің
тарих пәнінің мұғалімі

Қазіргі білім беру саласындағы оқытудың озық саласы технологияларын меңгермейінше сауатты жан-жақты маман болуы мүмкін емес. Инновациялық технологияны меңгеру мұғалімнің интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершілік, рухани азаматтық және де басқа көптеген адами қабілетінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді, өзін-өзі дамытып, оқу-тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі. Білім саласына еніп отырған жаңа технологиялардың ерекшелігі-өсіп келе жатқан жеке тұлғаны жан-жақты дамыту. Инновациялық білімді дамыту, жаңа идеялар мен жаңалықтарды өмірге әкелу. Бұрынғы оқушы тек қана тыңдаушы, орындаушы болып келсе, ал қазіргі заманның оқушысы өздігінен білім іздейтін жеке тұлға екендігіне үлкен мән береміз. Өйткені, оқытудың әр түрлі технологиялары зерттелініп, жаңашыл педагогтардың іс-тәжірибесі зерттеліп мектеп өміріне енуде. Орта білім беру жүйесінде әлемдік жоғары деңгейге қол жеткізген анағұрлым танымал білім беру әдістемелері арасында сындарлы теориялық оқытуға негізделген тәсіл кең тараған. Бұл теория оқушылардың ойлауын дамыту, олардың бұрынғы алған білімдері мен жаңа немесе сыныптағы түрлі дерек көздерінен, мұғалімнен, оқулықтан және достарынан алған білімдерімен өзара әрекеттесуі жағдайында жүзеге асады деген тұжырымға негізделеді. Бағдарламаның негізгі мазмұны жеті модуль түрінде қарастырылады. Осыған орай оқу-тәрбие процесін ұйымдастыруда оқытудың жаңа технологияларын жетік меңгеріп қана жетуге болады. Олар үшін:

- білім алуды қамтамасыз етуге даярлауы тиіс;
- оқушыларға үздіксіз білім алуды үйрету керек;
- мұғалім оқушылардың білімге деген құштарлығын дамытуға көңіл бөлуі керек;
- оқушылардың жас ерекшеліктеріне сай оқытудың мазмұны шектелмеуі тиіс;
- оқытудың өз тәжірибесі, оқытудың негізі, оқыту барысында болжам, қиял, ойлап табу пайдалануы қажет;
- сезу, ойлау шығармашылық қасиеті ретінде қарастырылуы тиіс; Мектепте білім беруді жақсарту мұғалімге байланысты екені сөзсіз.

Сондықтан да қазіргі мұғалімдердің білім сапасын арттыруға көп-көңіл бөлуде. Соған орай білім берудің жаңа технологияларын (білім беруді ізгілендіру, ойын арқылы оқыту, өздігінен дамыту т.б.) мақсатқа сай қолдана білу қажет. Оқытудың заманауи технологиясын жете меңгеріп, оны оқушылардың жас және психологиялық ерекшелігіне қарай таңдап пайдаланудың маңызы зор. Педагогикалық инновациялық технологиялар іс-әрекетке, оқыту барысында жүзеге асатын педагогикалық жүйе. Педагогикалық жүйе-жеке, дара тұлғаны жетілдірге, қалыптастыруға бағыттау мен белгілі бір мақсатқа жету жолындаы арнайы педагогикалық ықпалды ұйымдастыруға қажетті өзара байланысқан әдістердің, құралдардың жиынтығы. Оқыту барысында жаңа технологиялық әдістерді пайдалану шәкірттердің ойлана білу қабілеттерін дамытады, олардың білім сапасын жақсартады, ой өрісін кеңейтеді, есте сақтау қабілеттерін өсіреді. Оқыту мен дамыту әдістерінің екеуі де жеке тұлғаның қалыптасуына үлкен ықпал ететін маңызды айғақтар болып саналады. Мектепте оқытуды ұйымдастыратын бірден - бір нұсқа сабақ болса, сабақтың нәтижелі болына ықпал ететін нұсқа сол сабақты өткізудің әртүрлі әдіс-тәсілдері, яғни жаңашыл сабақ. Қазіргі кезде шығармашылықпен жұмыс істейтін мұғалімдердің тынымсыз ізденуі нәтижесінде оқу-тәрбие жұмысының тиімділігін арттырудың жаңа технологиялары өмірге келді. Қазіргі білім беру саласында оқытудың жаңа технологияларын меңгермейінше сауатты, жан-жақты маман болуы мүмкін емес. Тақырыптың негізгі өзегін, бағытын, мән-мағынасын түсінеді, тіл байлығын жетілдіреді, өз ойын қысқа, мазмұнды, мағыналы, дәлелді баяндауға дағдыланады, пәнге қызығушылығы артады, ғылым негіздерін игеру әдістерін меңгереді , сөйтіп өзін келесе мәселені талдауға дайындайды. Оқушы бұрын тек тыңдаушы болса, енді ізденуші, ойланушы, өз ойын дәлелдеуші болады, ал мұғалім осы әрекетке бағыттауда, оқуды ұйымдастыруда жетекші рөл атқарады. Тақырыпты мұғалім түсіндіріп оқып бермейді. Тақырып бойынша оқушылар өздері жұмыс істейді және топпен жұмыс жасап белсенділік көрсетуге жағдай жасалады. Оқушының білімін қалыптастыру деңгейінде, оны зерттеу, талдау, жауап табу үшін жеткілікті материал болу керек, «Ассоциация» , «Топтау», «Түртіп алу», «Болжау», «Әлемді шарлау», «Броундық қозғалыс», «Стикердегі диалог» әдістерін пайдалануға болады. «Өзара оқыту әдісі», «Кең ауқымды лекция» әдісі,

«Инсерт» әдісі, «Білемін, білгім келеді, үйренемін», т.б. әдіс-тәсілдерді қолдану оқушының өздігінен білім алу, шығармашылық іс-әрекеттерінің оянуы, бір сөзбен айтқанда, өзіндік еңбек ету кезеңіне айналдырады. **«Үштік» әдіс**- Сынып бойынша тапсырманы оқиды. Оқушылар бірнеше жұптан бөлінеді:бірінші оқушы оқиды немесе айтады, екінші оқушы тыңдайды, үшінші оқушы түртіп алады, кейін өз пікірін айтады. **SWOT–талдау**.Бұләдістіқолданубарысындамәселенің жағымды, жағымсыз жақтарына сараптама беріледі, мүмкіндіктері бағаланып, қауіп-қатерлері туралы нақты дәлелдер келтіріледі. **«Бір минуттық әңгіме» тәсілі** Оқушылар қарама-қарсы сызық бойымен қатарға тұрып, жұптық әңгіме жүргізеді. Үйге берген тапсырма туралы әңгімелесулеріне болады немесе жаңа сабақты бекіту мақсатында өз ойларымен бөліседі. Жаңа технологияны меңгеру мұғалімнің кәсіптік, адамгершілік, рухани және де көптеген адами келбетінің қалыптасуына әсерін тигізеді. өзін-өзі дамытып, оқу-тәрбие үрдісін ұйымдастыруына көмектеседі. Жаңа технологияларды күнделікті сабақ үрдісінде пайдалану үшін әр мұғалім өзінің алдында отырған оқушыларының жас ерекшеліктерін ескере отырып, педагогикалық мақсат-мүддесіне байланысты өзінің шеберлігіне байланысты таңдап алады. Жаңа технологияны жүзеге асыруда мұғалім белсенділігі, шығармашылық ізденісі, өз мамандығына деген сүйіспеншілігі, алдындағы шәкірттерін бағалауы ерекше орын алады. Жаңа техногияның өзі әр түрлі атқарушылардың шеберлігіне байланысты әр қилы жүзеге асырылуы мүмкін. Мұғалімдерге шығармашылық еркіндік берілуі. Әр сабақтың сапалы болып, оның тиімділігін арттыру-ізденімпаз, шығармашылығы шыңдалған ұстаздың қолында. Осындай оқытудың жаңа технологияларының бірінесабақты, дәрісті өткізуді «Сыни тұрғыдан ойлау бағдарламасы» бойынша ұйымдастыру жатқызылады. Бұл әдісте талданып отырған мәселе бойынша әр бір оқушы өз топшылауын, өз пайымын білдіреді, өзіндік дәлелдер келтіреді, басқалардың ой түйіндерін сынайды, олардың мәнді, мағыналы жақтары жөнінде өз пікірін, өз тоқтамын жасайды. Бұл әдіс шәкірттерге де, оқытушыларға да үлкен жауапкершілікті жүктейді. Оқуыту әдістерін жетілдіруге, дамытуға олардың тиімділігін арттыруға көмектеседі. Сын тұрғысынан ойлау - сынау емес, шыңдалған ойлау. Оқушының бұл жұмысты дұрыс ұйымдастырған жағдайда өз даму деңгейіне сәйкес ойы шыңдалып, белгілі бір жетістіктерге жетері сөзсіз. Жұмыс жасау барысында мұғалім оқушының өзін ізденуге жетелейді. Біздің міндетіміз- оқушыға оны бойында жасынып жатқан мүмкіндіктерін ашып көрсету. Оқушы бұрын тек тыңдаушы болса, енді ізденуші, ойланушы, өз ойын дәлелдеуші болады, ал мұғалім осы әрекетке бағыттауда, оқуды ұйымдастыруда жетекші рөл атқарады.

Әдебиеттер

1.Кулиева С.Е. «Сын тұрғысынан ойлау технологиясының маңыздылығы»Алматы 2010ж.
2.Ақылбекова А.М. «Тарих пәнін оқытуда сындарлы ойлай білуге баулу» Алмаьы 2018ж.


«ҮЗДІК ҚАЛАМ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТАНЫМДЫҚ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛ
REPUBLICAN SCIENTIFIC AND EDUCATIONAL, METHODICAL JOURNAL
РЕСПУБЛИКАНСКИЙ НАУЧНО-ПОЗНАВАТЕЛЬНЫЙ, МЕТОДИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ
UZDIK KALAM



№19 САБАҚ. ДАУЫССЫЗ ДЫБЫСТАРДЫҢ ТҮРЛЕРІ


Зәкір Нұрия Берікқызы
Кеңесту негізгі орта мектебінің
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

Білім беру ұйымының атауы	Кеңесту негізгі орта мектебі		
Пәні:	**Қазақ тілі**		
Бөлім:	Менің отбасым және достарым		
Педагогтің аты-жөні:	Зәкір Нұрия Берікқызы		
Күні:			
Сынып: 2-сынып	Қатысқандар саны:	Қатыспағандар саны:	
Сабақтың тақырыбы:	**№19 сабақ. Дауыссыз дыбыстардың түрлері**		
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаты:	2.2.4.1 - мұғалімнің көмегімен мәтіннің тақырыбы мен негізгі ойды анықтау 2.4.1.3* дауыссыз дыбыс түрлерін (қатаң, ұяң, үнді) ажырату және дауыссыз п-б, қ-ғ, к-г дыбыстарының емлесін сақтап жазу		
Сабақтың мақсаты	Дауыссыз дыбыс түрлерін біледі Мәтіннің тақырыбы мен ондағы негізгі ойды анықтайды		
Құндылықтар және оның мақсаты:	Б.Момышұлы: «Отанға деген сүйіспеншілік ата-анаға,бауырларына,ауылына,туып-өскен ауылына,қаласына,ұлтына деген сүйіспеншіліктен басталады».		

Сабақтың барысы

Сабақтың кезеңі// уақыты	**Педагогтің әрекеті**	**Оқушының әрекеті**	**Бағалау**	**Ресурстар**
Сабақтың басы 5 минут Өткенді пысықтау 5 минут ***Сабақтың ортасы*** 20 минут	Психологиялық ахуалды жақсарту  **Өткенді пысықтау** **Үй тапсырмасы** Өткен тақырыптарды пысықтау сұрақтарына жауап бер **Тақырыпты ашу** Дыбыстарды есіне түсіру  **Жаңа тақырып** **1-жаттығу** Кестеге Қара Дауыссыз дыбыс түрелрімен таныстыру **ФС тапсырмасы** **2-жаттығу** Топтық жұмыс 1-топ Мәнерлеп оқы.Өлең не туралы? Жеті атаң туралы айт. 2-топ Қарамен жазылған сөздерді жатқа жаз. 3-топ Дауыссыз дыбыс түрлеріне ажырат Әкем,атамыз,арғы ата,бабамыз,түп ата,тек ата,ұлы ата.	Бір-бірімен амандасады Еркін тыныс алады Сұрақтарға жауап береді Дыбыс түрлерін естеріне түсіреді Тапсырмаларды орындайды	Мақтап, мадақтап отыру ҚБ: « Баскетбол» әдісі Тамаша жауаптар! ҚБ: « Баскетбол» әдісі Дескриптор: 1-топ Мәнерлеп оқиды, жеті атасы туралы айтады-2б 2-топ Қарамен жазылған сөздерді жатқа жазады-2б 3-топ Дауыссыз дыбыс	Суреттер және оқулық Суреттер  оқулық оқулық Жұмыс дәптері

	Әкем-к қатаң,м үнді Атамыз- т- қатаң, м -үнді, з- ұяң Арғы ата- р -үнді, ғ- ұяң.т -қатаң		түрлеріне ажыратады-2б	
Сергіту сәті 2 минут	Бір, екі – еңкей, Бүгілмесін тізең. Үш – төрт шалқай Иілмесін тізең. Қолды көтер аспанға Саусақты соз, жасқанба.	Жаттығу жасайды	Жарайсыңдар	Қимылдар
Сабақты қорыту **6**минут	**4-жаттығу** Жаңылпашты жатқа айтып, көркем жаз. Мына балалар Неменелерің еді? Немерелерің бе? Шөберелерің бе? Неменелерің бе?	Тапсырмаларды орындайды	Дескриптор: Жаңылпашты жатқа айтып, көркем жазады-2б Сөздерге дыбыстық талдау жасайды-2б	Оқулық
	Немере, шөбере сөздеріне дыбыстық талдау жаса Немере-6 әріп,6 дыбыс,3буын Н- дауыссыз,үнді Е- дауысты,жіңішке М- дауыссыз үнді Е- дауысты жіңішке Р- дауыссыз, үнді Е- дауысты үнді	Дыбыстық талдау жасайды		Дыбыстық талдау үлгісі
	Үй тапсырмасы **3-жаттығу** Суретке қара.Осы сурет бойынша не айтасың?	Үй жұмысын алады	Жарайсың	Шежіре ағашы
	Суретке сүйеніп, өз отбасыңның шежіре ағашын жаса.	Жеке жұмыс жасайды	Керемет	
	ЕБҚ Дауыссыз дыбыстарды жазып шық,оларды оқы	Дыбыстық талдау жасап үйренеді	Тамаша	Талдау үлгісі
Қосымша тапсырма 2минут	**ҚЖ:** Қима парақтардағы сөздерге дыбыстық талдау жаса Бауыр, туыс, атам, бала, анашым..... 			
Кері байланыс 5 минут		Кері байланыс жасайды	«Жолдама хат»әдісі	Кері байланыс тақтасы


Дауыссыз дыбыстар:
б, в, г, ғ, д, ж, з, й, к, қ, л, м, н, ң,
п, р, с, т, ф, х, ц, ч, ш, щ, һ, (у) (25 дыбыс)
Түрлері
Қатаң
Ұяң
Үнді
п, ф, к, қ, т ,
с, ш, щ, х, ц, ч
Б, в, г, ғ,
д, ж, з, һ
р, л, й, у,
м, н, ң


Фонетикалық талдау
• Талдау үлгісі:
Ертең - ер-тең - екі буынды
Е – дауысты, жіңішке
Р – дауыссыз, үнді
Т – дауыссыз, қатаң
Е – дауысты, жіңішке
Ң – дауыссыз, үнді
5 дыбыс, 5 әріп
MyShared

«ҮЗДІК ҚАЛАМ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТАНЫМДЫҚ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛ
REPUBLICAN SCIENTIFIC AND EDUCATIONAL, METHODICAL JOURNAL
РЕСПУБЛИКАНСКИЙ НАУЧНО-ПОЗНАВАТЕЛЬНЫЙ, МЕТОДИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ

КУРСАНТТАРДЫ САБАҚТА ОҚЫТУДЫҢ ИНТЕРАКТИВТІ ӘДІСТЕРІН ЕНГІЗУ МӘСЕЛЕСІ

Исламов Тахир Заирұлы
Ұлттық ұлан Академиясы бастығының орынбасары (материалдық-техникалық қамтамасыз ету бойынша), шебер,

Аннотация
В статье рассматривается вопрос об реализации интерактивных методов обучения с курсантами на занятиях. В частности, использования элементов проблемного обучения (проблемных ситуаций). Также обращается внимание к дидактической игре является одной из форм, позволяющих сделать интересной и увлекательной не только работу курсантов на творческо-поисковом уровне, но и будничные, обычные шаги по изучению учебного материала.
Annotation
The article discusses the implementation of interactive teaching methods with cadets in the classroom. In particular, the use of elements of problem-based learning (problem situations). Attention is also drawn to the didactic game, which is one of the forms that make it possible to make interesting and exciting not only the work of cadets at the creative and search level, but also everyday, ordinary steps to study educational material.

Қазіргі уақытта білім беру құзыреттіліктері жалғыз педагогикалық мақсат бола алмайды. Оқушылардың танымдық, шығармашылық қабілеттерін дамыту қажет. Бұл сабақтың психологиялық ахуалын, тәрбие мазмұны мен оқыту әдістемесін өзгерту қажет дегенді білдіреді. Проблемалық жағдаят – адамның құбылысты, фактіні, шындық үдерісін қалай түсіндіруге болатындығын білмеген кезде, өзіне белгілі жолмен мақсатқа жете алмаған кезде пайда болатын интеллектуалдық қиындық жағдайы. Проблемалық жағдаяттарды шешу кезінде оқушылардың ғылыми білімдер жүйесін, ұғымдар мен әдістемелерді, логикалық ойлау әдістерін меңгеру бойынша репродуктивті және шығармашылық іс-әрекеттерінің оңтайлы үйлесімі байқалады. Проблемалық оқытудың үш түрі бар: проблемалық баяндау, мұғалімнің өзі проблема қойып, оны шешуі; мұғалім проблеманы қоятын және оның шешіміне оқушылармен бірігіп қол жеткізілетін бірлескен оқыту; шығармашылық оқыту, онда оқушылар мәселені тұжырымдап, оның шешімін табады. Педагогикалық тәжірибе үшін проблемалық жағдаяттардың ең типтік түрлерін анықтай аламыз: студент мәселені шешу жолын білмейді, проблемалық сұраққа жауап бере алмайды немесе түсініктеме бере алмайды; студент бұрын алған білімін жаңа практикалық жағдайларда қолдануы керек; мәселені шешудің теориялық мүмкін жолы мен таңдалған әдістің практикалық мүмкін еместігі арасында қайшылық бар. Қойылған мәселе бірнеше талаптарға сай болуы керек:

- Мәселе студенттерге түсінікті және оларға белгілі терминдермен тұжырымдалуы керек,
- Мәселені шешу студенттер үшін мүмкін болуы керек
- Мәселені құрастыру студенттерді қызықтыруы керек. Көңіл көтеру формасы көбінесе мәселені шешудің сәттілігіне ықпал етеді.
- Мәселенің қойылуының табиғилығы маңызды рөл атқарады. Егер оқушыларға проблемалық мәселе шешілетіні ескертілсе, бұл олардың қызығушылығын тудырмауы мүмкін. Курсант білім беру мәселелерін шешуде дағдылар мен сенімділікке ие болатын, оларды шешуге бейімделеді. Нақты өмірде проблемалар оларды шешуге әсер ететін жағдайлардың, мақсаттардың, контексттердің, кедергілер мен белгісіздердің үнемі өзгеріп отыратын әртүрлілігін білдіреді. Сондықтан тәжірибеде теориялық білімнен гөрі жұмыс тәжірибесіне айтарлықтай басымдық беріледі. Іскерлік ойын – бұл курсанттардың шығармашылық және ізденіс деңгейінде жұмысын ғана емес, сонымен қатар материалды оқудың күнделікті, қарапайым қадамдарын қызықты және тартымды етуге мүмкіндік беретін бірегей формалардың бірі. Сонымен семинар сабағында топ 2 командаға бөлінеді. Бір команданың әрбір мүшесі кезекпен екінші командаға сұрақ қояды, ол қойылған сұраққа жауап беруі керек. Іскерлік ойын технологиясы бірнеше кезеңнен тұрады: дайындық, ойынға кіріспе, ойын процесі, талдау. Іскерлік ойынды дайындау сценарийді әзірлеуден басталады. Сценарий мазмұнына сабақтың тәрбиелік мақсаты, зерттелетін мәселенің сипаттамасы, тапсырманың негіздемесі, іскерлік ойын жоспары, ойын тәртібінің жалпы сипаттамасы, ситуацияның мазмұны мен кейіпкерлердің мінездемесі кіреді.





Фото 1 Проблемалық оқыту және іскерлік ойын элементтерін қолданатын курсанттармен сабақтар

Ойынға кіру кезінде жұмыс режимі белгіленеді, сабақтың негізгі мақсаты тұжырымдалады, мәселенің қойылуы негізделеді, қатысушылар мен сарапшылар анықталады. Материалдар, нұсқаулықтар мен ережелер пакеттері шығарылады. Қажет болған жағдайда студенттер кеңес алу үшін баяндамашы мен сарапшыларға хабарласа алады. Ойынға қатысушылар арасында алдын ала байланыс орнатуға рұқсат етіледі. Іскерлік ойынның модификациясына байланысты қатысушылардың рөлдік позицияларының әртүрлі типтерін енгізуге болады: идея генераторы, әзірлеуші, симулятор, полимат, диагностик, аналитик және т.б. Ойын нәтижесін талдау, талқылау, бағалау кезеңінде сарапшылар сөз сөйлеп, пікір алмасады, оқушылар өз шешімдерін, қорытындыларын қорғайды. Қорытындылай келе, мұғалім қол жеткізілген нәтижелер мен қателерді атап өтіп, сабақтың соңғы нәтижесін тұжырымдайды. Қолданылатын модельдеуді практикалық әрекеттермен, сонымен қатар оқу материалының мазмұнымен салыстыруға назар аударылады. Мысалы, оқу бағыты бойынша: – 6В121 «Әскери іс», Білім беру бағдарламасы: 6В12194 «Тактикалық командалық әскерлерді инженерлік-техникалық қамтамасыз ету», курсанттармен «Күзет объектілеріндегі техникалық құралдарды техникалық пайдалануды ұйымдастыру» пәні бойынша практикалық сабақ барысында. », «Посттардағы, арнайы (күзет) ғимараттар мен үй-жайлардағы құрылымдар мен құрылыстар» тақырыбында іскерлік ойын өткізілуде. Инженерлік қару» (1-сурет). Іскерлік ойын өткізу осы тексерудің мақсаты мен міндеттерін анықтаудан басталады. Осыдан кейін қатысушылардың рөлдері мен ойынға дайындықтағы жеке тапсырмалары таратылады. Рөлдік ойынды дайындау кезіндегі міндетті талап - нормативтік құжаттарды мұқият зерделеу. Рөлдік ойынға құжаттарды ресімдеу кезінде хаттамалардың, қаулылардың және басқа да актілердің үлгілерін пайдалануға болады..Ойында бөлек рөлге ие болмаған курсанттар сарапшы көрермен ретінде әрекет етеді және ойын нәтижелері туралы өз пікірлерін білдіреді. Проблемалық оқытудың элементтерін пайдалану зерттеумен байланысты және сондықтан мәселені шешудің ұзақ уақытын қамтиды. Курсант шығармашылық тапсырманы немесе мәселені шешіп жатқан фигураның жағдайына ұқсас жағдайға тап болады. Ол бұл туралы үнемі ойлайды және оны шешпейінше бұл күйден кетпейді. Міне, осы толымсыздықтан мықты білім, білік, дағды қалыптасады.

«ҮЗДІК ҚАЛАМ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТАНЫМДЫҚ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛ
REPUBLICAN SCIENTIFIC AND EDUCATIONAL, METHODICAL JOURNAL
РЕСПУБЛИКАНСКИЙ НАУЧНО-ПОЗНАВАТЕЛЬНЫЙ, МЕТОДИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ

ИНФОРМАТИКА САБАҒЫНДА ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫН ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ БІЛІМ САПАСЫН АРТТЫРУ

Калиева Қарлығаш Қайратқызы
Мұғалжар ауданы №4 Ембі қалалық ЖББО
мектептің
информатика пәнінің мұғалімі

XXI ғасыр – бұл ақпараттық қоғам , технологиялық мәдениет дәуірі. Ғылыми - техникалық әлеумет және оның өзін-өзі дамытуға қабілеттілігі жалпыға бірдей бәсекелестік жағдайында басты фактор ретінде қарастырылуда. Ақпараттық технология – экономиканың және бүкіл қоғам мен мемлекеттің "ілгерілеуінің" белгісі. Біздің өркениетті дамуымыздың барлық маңызды өмірлік салалары бүгінде ақпараттық технологиялармен және жасалымдармен тікелей байланысты десем, асыра айтқаным емес...

Заманауи ақпараттық қоғамның қалыптасуы мен дамуына үлес қосатын, оқу үрдісінде оқушылардың интернет желісіне қол жеткізудің спутниктік жүйелерін, шұғыл корпоративтік және кең жолақты байланыс, навигацияларды үйреніп отырғандығы жасырын емес.

Келер ұрпаққа қоғам талабына сай тәрбие беруде мұғалімдердің инновациялық іс-әрекетінің ғылыми-педагогикалық негіздерін меңгеруі - маңызды мәселелердің бірі. Жас ұрпақты әлемдік сапа деңгейіндегі білім, білік негіздерін меңгеруіне ықпал ететін жаңаша білім мазмұнын құру – жалпы білім беру жүйесіндегі өзекті мәселенің бірі. Мұғалімнің бағыттауымен бала білімді меңгеріп қана қоймай, оны өмірде,кез келген уақытта өз іс-тәжірибесінде тиімді қолдана білуі шарт. Осыған орай информатиканы оқытудың негізгі мақсаты - әрбір оқушыға информатика ғылымы негіздерінің алғашқы фундаментальды білімін беру, оқушыларға осы білімді мектепте оқытылатын басқа ғылымдарының негіздерін түпкілікті және сапалы түрде меңгеруге қажетті іскерліктер мен дағдыларды қалыптастыру болып табылады

Қазіргі таңда оқытудың сан алуан тәсілдерін қолдана отырып, нәтижеге бағытталған оқыту болады.Мұғалімнің сабақ алдында қоятын басты мақсаты – оқушыларды пәнге қызықтыратын терең, сапалы, тиянақты білім беру. Оған мұғалім тынымсыз іздену еңбегінің нәтижесінде ғана қол жеткізері хақ. Бұл жағдайда мен пәнге оқушыларды жалықтырмай қызығушылығын арттыру мақсатында сабақты түрлендіріп өткізуге назар аударамын.Әртүрлі әдіс-тәсілдерді тиімді қолдану балалардың тілін дамытып , жан-жақты терең білім алуына жағдай жасап қана қоймай, оқушы бірде басқаға көмектессе, бірде басқаның көмегін өзі алады. Оқу білімді өз ізденісімен, өз білімділігімен алады, іскерлік дағдылары қалыптасады. Әрбір технология жаңа әдіс-тәсілдермен ерекшеленеді. Осы тәсілдерді мұғалім іздену арқылы жетілдіре түседі. Қызықты сабақ болса оқушының сол пәнге қызығуы артып қана қоймай, мұғалім жаңалығы, ізденісі, қолданған әдісі арқылы ерекшеленіп, оқушы жүрегінен орын алады.Сын тұрғысынан ойлау жүйесі оқытуды жаңаша ұйымдастырудың негізгі міндеттерін: қызығушылықты ояту, мазмұнды ашу, рефлексия (ой-толғаныс) жүзеге асыруды қамтамасыз етіп оқушылар оқу үрдісін басқарысып қана қоймай, көбіне дербес басқаратын болады, жеке жұмыстың көлемі азайып, ұжымдық іс - әрекет білім игеруде орта қарым-қатынас құралына айналады, балалардың деңгейіне қарап сараланып, ерекшелігіне қарап дараланауы мұғалім емес, балалардың өз еркімен жүзеге аса бастайды.

Әрбір ұстаз алдындағы міндет -өзі оқытатын пәнінен көкірегінде сәуле бар, талантты шәкіртті тани біліп, оқушы дарынын ашып,оған бағыт-бағдар беріп, оны дамыта білу. Оларды баулып, қамқорлыққа алып тәрбиелеу -ортақ шара. Оқушы бойындағы дарынын қырағылықпен көре білу-мұғалім үшін аса қажетті қасиет. Ол үшін әр мұғалім өзі ізденіп, ерінбей еңбектеніп, баланың ерекше қабілеттерін байқауда күнделікті сабақта, тәрбие жұмысында, үйірме жұмысында оқушыны үзбей бақылап, бала бойындағы дарындылықты немесе жүйелі білім алуға қабілетті тұлғаны анықтайды. Сол тұлғаның пәнге деген қызығушылығын туғызып, танымдық іс-әрекетті қалыптастыру үшін интерактивті оқыту үрдісін пайдалану қажет. Интерактивтік оқыту – бұл, ең алдымен оқушы мен мұғалімнің қарым-қатынасы тікелей жүзеге асатын сұхбаттасып оқыту болып табылады. Ақпараттық қоғамның негізгі талабы – оқушыларға ақпараттық білім негіздерін беру, логикалық құрылымдық ойлау қабілеттерін дамыту, ақпараттық технологияны өзіндік даму мен оны іске асыру құралы ретінде пайдалану дағдыларын қалыптастырып, ақпараттық қоғамға бейімдеу. Олай болса, ақпараттық бірліктердің білімге айналуы әлемнің жүйелік – ақпараттық бейнесін оқушылардың шығармашылық қабілеттері мен құндылық бағдарларын дамыту арқылы қалыптастыруды көздейтін, адамның дүниетанымының құрамдас бөлігі болып табылатын интеллектуалды дамуды қалыптастырудың бір жолы.

Сондықтан сабақ барысында оқушылардың өзара қарым-қатынасын және шығармашылығын арттыру үшін интерактивті әдістің ролі ерекше деп ойлаймын. Себебі информатика сабағын оқытуда интерактивті әдістердіқолдануоқушылардыңтанымдықбелсенділігін арттырады, өздігінен оқу ынтасын дамытады, ұжыммен жұмыс істеу дағдысын қалыптастырады, қарым-қатынас дағдысын қалыпастырады және дамытады, ал ең бастысы оқуға деген белсенділікті көтереді. Интерактивтік оқытудың тиімділігі сол, сыныптағы барлық оқушы қамтылады, олар өздерінің білетін және ойлайтын нәрселері арқылы түсінуге және қарсы әсер етуге мүмкіндік алады. Оқу материалын игеруде, оқушылардың біріккен әрекеттері мынаны білдіреді; әр оқушы өзіне тән ерекше еңбегін сіңіреді, білім, идея, әрекет ету тәсілдерін алмасу үздіксіз жүреді. Сонымен қатар, мұнда өзара қолдау және бір-біріне деген жанашырлық қалыптасады.

Информатика сабағын жүргізуде дидактикалық тапсырмаларға сәйкес әдістерді таңдау өте маңызды. Сабақта қолданылып жүрген рөлдік ойындар, іскерлік ойындар, пікір-талас, оқушылардың баяндамалары мен ақпараттық хабарлары, дәріс, диалог, тренинг, ұжымдық-танымдық оқу, иммитация әдістері осы жоғары белсенділікті дамыту әдісінің белгілері болып табылады. Интербелсенді әдістер өте көп. Мен өз сабақтарымда қолданатын әдістерге тоқталып кететін болсам: «Ми шабуылы»– бұл әдіс, берілген сұраққа кез-келген оқушы жауап бере алатын әдіс. Маңыздысы айтылған көзқарасқа бірден баға қоймау керек, барлығын қабылдау қажет және әрқайсысының пікірін тақтаға немесе парақ қағазға жазған дұрыс. Қатысушылар олардан негіздеме немесе сұраққа түсініктеме талап етілмейтінін түсінулері керек. «Миға шабуыл» әдісі информатика пәнін оқытуда қолдануда өте маңызды. Себебі, бұл әдісті оқытуда қолданудың нәтижесінде оқушылардың пәнге деген қызығушылығы артады, шығарашылық қабілеті дамиды, өзара қарым-қатынас деңгейі артады.

Оқушыларға **“Карусель”** деп аталатын жұмыс түрі қатты ұнайды: Екі сақина жасалады. Ішкі және сыртқы сақиналар. Ішкі сақина - бұл қозғалмай отырған оқушылар. Сыртқы сақинада – оқушылар ауысып тұрады және ішкі сақинадағыларға сұрақтар қояды.. Бұл әдісті бір тарауды қайталау бойынша пайдаланған қолайлы. Мысалы «Ms Word» тарауын қайталау барысында, сыртқы сақина сұрақтар қояды, ал ишкі сақина оқушылары сұраққа жауап беріп ноутбуктан көрсетіп отырады. Осы әдіс арқылы әрбір оқушының тақырыпты қаншалықты меңгергендігі айқын көрінеді. Сондай-ақ мен сабақтарымда мәтіннен алған түсінігін қорыту, өмірмен байланыстыру, дәлелдеуді қажет ететін **«Фишбоун»** әдісін жиі пайдаланамын. Оқушылар берілген балық қаңқасына қара сөзбен проблеманы , оның туындау себептерін анықтайды, дәлелдерін келтіреді, қорытынды жасайды. Мысалы «Интернет желісі» тақырыбында оқушыларға проблеманы анықтау және оны шешу жолдары деген тапсырма беріледі. Оқушылар өз ойларын күнделікті өмірмен байланыстырып, жан- жақты жауап береді. **ББББ** стратегиясын сабақта пайдаланудың маңызы зор. Мысалы Ms Excel тақырыбында сабақ басында кестенің «Білемін» бөліміне Ms Word тарауы бойынша өткен кесте туралы білетіндерін жазса, «Білдім» бөліміне Ms Excel бойынша алған білімдерін жазады, ал «Білгім келеді» бөліміне болашақта уйренгісі келеді сұрақтарды жазады.

«Қораптағы тапсырмалар» әдісін практикалық сабақтарда пайдалануға болады. Қорапқа қағазға жазылған әртүрлі тапсырмалар салынады. Оқушылар өздері алған тапсырмаларды компьютерде орындайды. Сабақтың жаңа тақырыпты түсіну бөлімінде **«Кластер»** әдісін пайдалану тиімді. Бұл тапсырма шағын топтарда орындалады, оқушылар бірігіп жұмыс жасайды. Оқу материалдарын тиімді меңгеруге бейімдейді. Сонымен бірге мен сабақтарымда рөлдік ойындарды пайдаланамын. Мысалы «Компьютерлік құрылғылар» тақырыбында оқушыларға принтер, сканер, колонка, камера, флешка кейіпіне ену тапсырмасы беріледі. Бұл әдіс оқушылардың шығармашылық қабілетін дамытады және сөздік қорын арттырады.

«ҮЗДІК ҚАЛАМ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТАНЫМДЫҚ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛ
REPUBLICAN SCIENTIFIC AND EDUCATIONAL, METHODICAL JOURNAL
РЕСПУБЛИКАНСКИЙ НАУЧНО-ПОЗНАВАТЕЛЬНЫЙ, МЕТОДИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ

ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ САБАҒЫНДА ЗАМАНАУИ АҚПАРАТТЫҚ КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ТИІМДІ ПАЙДАЛАНА ОТЫРЫП, ОҚУШЫЛАРДЫҢ СПОРТҚА ДЕГЕН ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҚТАРЫН АРТТЫРУ

Канатбаева Жазира Аралбаевна
№31 қазақ орта мектебінің
дене шынықтыру пәнінің мұғалімі

Қазіргі білім саласы жыл өткен сайын заманауи әдіс-тәсілдермен жаңарып, сабақтың өтілу барысына біз ойламаған жаңалықтар еніп жатыр.Мектеп өміріне ақпараттық коммуникациялық технологиялар келген кезде біз компьтерді жоспар жазу үшін,есеп беру кезінде қолданатынбыз,ал компьютер біздің спорт саласына ешқандай қатысы жоқ болып көрінген. Спортта компьютерді қолдану, оқушыға не үшін қажет деген ойлар ешқашан мазаламаған. Ал,қазір міне спортта АКТ-ны қолдау жағдайына жетіп отырмыз. Оқушыларға жеке тұлға ретінде қарай отырып,оның мүмкіндіктерін ескеріп,спортқа баулыймыз. Спорт -деген ол денені шынықтыру,қозғалыс жасау, дене бітімдерін қалыпты ұстау,денсаулықтарын жақсарту арқылы оқушыларды биік шыңдарға жетелу болатын. Дене шынықтыру сабағында заманауи ақпараттық коммуникациялық технологияларды тиімді пайдалана отырып, оқушылардың спортқа деген қызығушылықтарын арттыру.

Акт дегеніміз не? Кез келген ұстаз өзінің пәнінде шектен тыс АКТ-¬ны қолданса да зияны болып келеді.Осы тұста әр педагог оқушының жеке басының мүмкіндігін пайдалана отырып,АКТ¬ны пайдалана білуі тиіс. Қазіргі таңдағы біліктілікті арттыру курстарын кейін өткеннен коммуникация технологияларын өзімнің сабақтарымда ендіре бастадым. Кейбір оқушылардың дене шынықтыру сабақтарына қатысқылары келмейді,осындай оқушылардың спортқа қызығушылықтарын арттыру мақсатында АКТ¬ны қолдану оң нәтиже беруде.Біздің жасөспірім жастардың барлығы заманауи технологияларды жақсы меңгерген,оларға сабақтарда ауызша айтып түсіндіргенше көзбен көріп,есте сақтайтындай бейнефильмдер көрсетсе спортшыларды көрсетсе,олардың қызығушылық танытады.Еліміздегі Спортшылармен танысу жетістіктерін білсе,оқушыға бұл қызықты болады.Олар қазір жаңалықтарды көре бермейді,теледидардан тек қана жағымсыз хабарлар мен киноларды қарайды,ал біздің еліміздегі спорт жаңалықтарын көрсетіп отырса,олардың бойында патриоттық сезім оянады.Бірақ сабақтың 45 минутын бейнефильммен қаратып қоюға болмайды,дене шынықтыру сабағы болған соң оның өзінің ерекшелігі бар,біз оларды үнемі қимыл қозғалысқа,спорттың түрлеріне бейімдей отырып, үйрету қажет,сондықтанда бейнефильмнен басқа жаттығу кезеңдерінде қазақтың әуендерін қосу арқылы,түрлі қимылдар жасайды.Қазақтың билерін де әуенмен орындайды.Әсіресе «Қаражорға» биін үлкен ықыласпен билейді.Сабақта әуенді пайдалану ол да АКТ¬ны қолдану болып саналады.

Дене шынықтыру сабақтарында ертеректегі әдістерде біз тек қана оқушыларға практикалық жағын көбірек беретінбіз.АКТ¬ны қолдану арқылы олар теориясын да бірге үйренеді.Электрондық презентациялар арқылы берілген материалды толық меңгеріп,түсініп алады,бұл оқушылардың білім сапасын арттыруға көмегін тигізеді. Сыныптан тыс уақыттарында жарты сағат болса да дене шынықтыруға байланысты тест жұмыстарын өткіземін.Қазіргі кезде «Easy Quizzy» тестін құраудың жаңа әдісін қолдана отырып,тест тапсырмаларын құрастырып,оқушылар бірден жауап берген сұрақтарының дұрыс-¬бұрыстығын тексере алады,автоматты түрде ұпайларын біледі.Бұл да оқушылардың ден шынықтыру сабақтарына қызығушылықтарын арттырады. Мұғалімнің шеберлігі күн артқан сайын өзгеріп,жаңарып келеді.Бұл заман талабы, бір жағынан мұғалімнің тәжірибесін шыңдаса,екінші жағынан оқушылардың спортқа деген ынтасын арттырады. АКТ¬ны қолданудың маңыздылығы келесідей:

1. Оқушылардың жеке қабілетін ашады;
2. Оқыту кезеңінде түзету үшін тиімді;
3. «Мұғалім-¬оқушы», «оқушы-¬мұғалім» арасындағы диалогты дамытады.
4. Жеке,топтық жұмыстарды күшейтеді;
5. Дене шынықтыру сабағына ынтасы артады.

Ұстаз болу,оны дәлелдей білу әр оқушының санасына берілген материалды жеткілікті мөлшерде жеткізу,жаңашылдықтан қалмау, барлық мүмкіндікті пайдалана білу ол өнер. Дәстүрлі сабақтардан арылуға осы АКТ-¬ның мүмкіндіктерін пайдалану көмектеседі,кез¬келген дене шынықтыру мұғалімі заманауи үлгідегі сабақтарды дайындаса,оқушыларға тиімді болар еді. Мұғалімді компютер ешқашан ауыстыра алмайды, тек қана толықтырады. Ал оқушылар үшін көзбен көрген ақпарат тез есте сақталады.

«ҮЗДІК ҚАЛАМ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТАНЫМДЫҚ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛ
REPUBLICAN SCIENTIFIC AND EDUCATIONAL, METHODICAL JOURNAL
РЕСПУБЛИКАНСКИЙ НАУЧНО-ПОЗНАВАТЕЛЬНЫЙ, МЕТОДИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ

«ЗЕРЕК ОҚУШЫ »ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫ САЙЫС 5 КЛАСС

Коныратбаева Лаура Амангалиевна
Ақтөбе облысы Байғанин ауданы
Жарқамыс ауылының
география пәнінің мұғалімі

Мақсаты: Оқушылардың жаратылыстану пәніне алған білімдерін сынау, ойлау, топпен жұмыс істеу дағдыларын жетілдіру, сөйлеу мәдениетін жетілдіру. Ойынға 5 сынып оқушыларынан екі топ қатысады. Жарыс кезеңі мынадай ретпен жүргізіледі. Құрылған екі топты үстел басына шақыру. Топ мүшелері өздерін таныстырады (аты-жөнін, сыныбын). Бұдан соң әрбір топ өз тобына ат қойып, топ басшысын сайлауға тиіс. Топтың аты жаратылыстануға байланысты болуы керек. I топ. «Материктер » II топ. «Мұхиттар » Топ басшысын таныстыру. Мұғалім: Тек сәттілік, қатысыңдар сайысқа, Мықты болсаң, қабырғаңмен қайыспа. Оқу керек, білім керек қашанда, Ол болмаса, сайыс деген сайыс па? Ғылымның сырын ұғына, Шығындар білім шыңына. Дарындылық пен тапқырлық Жеткізеді сіздерді Жаратылыстану сырына. Сонымен, құрметті топ мүшелері «Зерек оқушы» географиялық жарысымызды бастаймыз! Бүгінгі ойынымызда күрделі де қызықты жаратылыстану пәнінен бұрын алған білімдеріңізді сынаққа салып, күш сынасасыздар. Ендеше, жарыс ережесімен таныс болыңыздар. Сайыс 4 кезеңнен тұрады: 1. «Жедел сұрақ» 10 сұрақтан беріледі 2. «Ой толғау»логикалық сұрақтар 3. «Ой қозғау»тұрақты сөз тіркестерін табу 4. «Бұл не »мозайка құрастыру Ойлануға уақыт беріледі, әрине жылдамдықты талап ететін. Тапсырма оқылғаннан кейін жауаптарыңыз бірден дайын болса, қолдарыңызды көтеріп жауап беруге тиіссіңдер. Егер жауап дұрыс болмаса, екінші топ жауапты түзетуіне болады. Бұл жағдайда ұпай дұрыс жауап берген топтың пайдасына шешіледі. Әрбір дұрыс жауап-5 ұпай. Ережені бұзғаны үшін 1 ұпай жоғалтады. Ойын ережесі түсінікті ме? Түсінікті болса, жалаушаларыңызды көтеріңіздер! 1 кезең«Жедел сұрақ» 1 топ Материктер 1. Грекше астро қандай мағына береді? Жұлдыз 2.Жарықтың бір жылда кесіп өтетін арақашықтығын не деп айтамыз? Жарық жылы 3.Аспандағы көптеген жұлдыздардың жиынтығын не деп атаймыз? Галактика 4.Күн мен Жердің орташа арақашықтығын атаңдар?150 млн шақырым 5.Күн жүйесіндегі планета саны?9 6.Географиялық қабықтарды атаңдар?Атмос, гидро, биос, литос 7. Жердің ішкі құрлысын атаңдар?ядро, матия, жер қыртысы 8.Диффузия дегеніміз не?заттың ретсіз өзбетінше қозғалуы 9.Заттардың қасиеттерін атаңдар?физикалық, химиялық 10 .Заттың агрегаттық күйлерін атаңдар?қатты, сұйық, бу 11.Адам маймыл тәрізділерден жаралған деген гипетезаны ұсынды.Чарлз Дарвин 12.Телескоп қандай құрал Жұлдыздарды қарау 13.Жер бетіндегі материктер саны6 14.Мыс , Алтын, Темір,Күміс неге жатады Металл 15.Сентетика дегеніміз не?Адамдардың зертханада жасанды жолмен шығарған заттары 2 топ Мұхиттар 1.Жаратылыстану ғылымдарын атаңдар? Физика, география, биология, химия, астрономия 2. Бүкіләлемдік тартылыс заңын ашқан, механика және оптиканы зерттеген ғалым ? Исак Ньютон 3. Желбағар қандай құрал ? Желдің бағытын 4.Күнге ең алыс орналасқан планета? Нептун 5.Аспан денелерінің ғарыш кеңістігінде қозғалатын жолы не деп атаймыз?Орбита 6.Эраларды атап айтыңдар ? Архей,Кайно,мезозой, полез,протероз, 7..Жер серігін атаңдар? Ай 8.Жердің су қабығы? Гидро 9.Масштаб дегеніміз не?пландағы нысанды бірнеше кішірейтілген көрсететін сан 10. Заттарды немесе материалдарды анықтау барасында бір-бірінен ажырату ерекшелігін не деп атаймыз?қасиет 11.Металл еместерге нелер жатады? Йод, бром, сутегі, күкірт,фосфор 12.Нәсіл дегеніміз не?Белгілі бір геог-қ аймаққа қалыптасқан, өзіндік типтік ерекшелігі бар адамдардың тобы 13.Планеталарды атаңдар?Күн, Меркурий, Шолпан,Жер, Марс,Юпитер,Сатурн,Уран ,Нептун 14.Мұхиттар саны, атаңдар?4 15.Физикалық құбылысқа нелер жатады?Қардың

еруі,металдың балқуы,шамның жарқырауы
2 кезең 1 топ:Логикалық сұрақт
ар 1.Қандай сұраққа
иә деп жауап бере алмайсың?Ұйықтап жатырсың ба
2Жұмылған көзбен не көруге болады?түс
3.Шайды қай қолмен араластырған дұрыс? Қасықпен
4.Анаң нені төртке бөлген?ұйқысын төртке бөлг
ен 5.Иісшіл егіздер не?Мұрын
2 топ Логикалық сұрақтар
1.Тауық өзін құспын деп айта ала ма?Сөйлей алмайды
2.Қай сөз әрдайым дұрыс болады?Дұрыс
3.Ол сізге тиесілі болады,бірақ адамдар оны сізден жиі
қолданады?Есіміңіз 4.Қандай
ыдыстан тамақ жеуге болмайды?Б
ос 5.Жаңбыр екі күн
қатарынан жаууы мүмкін бе?Жоқ ортасында түн бар
3 кезең«Бұл не ?»Сурет бойынша не екенін табу.
4 кезеңОй қозғау» тұрақты сөз тіркестері
1 топ.1.Төбесі көкке жетті.Қуанды
2.Ине шаншар жер жоқ.Бос жер жоқ
3.Қой аузынан шөп алмас.Жуас
4.Төбе шашы тік тұрды.Қорықты
5.Қас пен көздің арасында.Лезде, жылдам
6.Қабағына қар жауды.Ашуланды
2топ 1.Бетінен оты шықты.Ұял
у 2.Ит өлген жер.Алыс
3.Көзді ашып жұмғанша.Тез
4.Таяқ тастам жер.Жақын
5.Тонның ішкі бауындай.Тату- тәтті
6.Тайға таңба басқандай.Анық
III. Қорытынды.
Сайыс міндеті – жеңу,
Оқу міндеті –білу.
Кім жеткенін мәреге,
Қалды бізге білу.
Марапаттау.

«ҮЗДІК ҚАЛАМ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТАНЫМДЫҚ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛ
REPUBLICAN SCIENTIFIC AND EDUCATIONAL, METHODICAL JOURNAL
РЕСПУБЛИКАНСКИЙ НАУЧНО-ПОЗНАВАТЕЛЬНЫЙ, МЕТОДИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ

СЫН ТҰРҒЫСЫНАН ОЙЛАУ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫНЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТІН ДАМЫТУ ЖОЛДАРЫ

Кусаинова Айсауле Есенкелдиевна
Алға ауданы №2 Маржанбұлақ орта мектебінің
бастауыш класс мұғалімі

Білім сапасын заман талабына сай көтеру үшін оқытудың жаңа технологиясын күнделікті сабақ жоспарына енгізген, үнемі ізденуден жалықпайтын жаңа әдісті тиімді қолдана білуді меңгерген ұстаз ғана нәтижелі табысқа жете алады. Қазіргі көзқарастар бойынша мұғалім оқушыны оқытпауы керек, оқушы өзі оқуы тиіс. Ал мұғалім оқушының ақыл-ойының дамуын ұйымдастырушы, балаға бағыт-бағдар беріп, басшылық жасауы тиіс.Сонда ғана білім сапасын жоғарылатып, қоғамға лайықты азамат тұлғасын тәрбиелеп шығарамыз. Жаңа технологияны меңгеру мұғалімнің интеллектуальді, кәсіптік, адамгершілік, рухани-азаматтық және де басқа көптеген адами қабілетінің қалыптасуына әсерін тигізеді, өзін-өзі дамытып, оқу-тәрбие үлгісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі.

Ұстаздан білім мен тәрбие алған шәкірттің алғыр, озық ойлы, жақсы болуы-ұстаздың айтқан сөзінде емес, оның көрсеткен үлгісінде. Ұстаз-ұстаз болып танылуы үшін оған ең алдымен үлкен білім мен білік, ұйымдастырушылық қабілет керек. XX ғасырдың басында Жүсіпбек Аймауытов: «Сабақ беру-үйреншікті жай ғана шеберлік емес, ол жаңадан жаңаны табатын өнер»деген екен. Қазіргі таңда мектеп оқушыларының мұғалімнен күтері көп. Оларды сабаққа белсене қатыстыру үшін әр сабақ барысын жеке формада, жаңа әдісте жүргізу шарт. Сабақтың тиімділігіне бір-бірімен тығыз байланысты екі жағдай әсер етеді:
1.Мұқият дайындалу.
2.Шеберлікпен өткізу.

Дұрыс жоспарланбаған, оқушылардың оқу мүмкіндігімен санаспайтын сабақтың сапасы болмайды. Сабаққа дайындалу-нәтижеге жеткізетін шаралар жүйесін жасау, оқу-тәрбие процесін дұрыс ұйымдастыру. Инновациялық технология бұл әдістердің бастамасы, яғни интербелсенді тақтаны қолданып сабақ жоспарын ұйымдастыру. Қазіргі кезде ортамызда орын алып жатқан оқытудың жаңашыл жобалары басшылыққа алынып келеді. Олардың бірі Қазақстанда 1997 жылдан бастап етек жая бастаған «Сыни ойлауды оқу мен жазу арқылы дамыту жобасы».

«Оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлау» бағдарламасы- ашық қоғам негізі. Ол өз алдына сұрақтар қойып және үнемі оларға жауап іздеу, әр мәселеге байланысты өз пікірін айтып, оны дәлелдей алу. Сонымен қатар басқалардың пікірлерін дәлірек қарастыруды және сол дәлелдермен қисынын зерттеу дегенді білдіреді. Оқушылардың ойлау, қабылдау қабілетін аңғаруға топтық жұмыс өте тиімді, яғни сабақты деңгейлеп оқыту арқылы іске асыру және оқушыға тиянақты білім беру, оның сабаққа деген қызығушылығын арттыру, ізденгіштігін, байқампаздығын дамытып, жеке тұлға болып дамудың биіктігіне шығуына әкелер жолдың бірі- «Оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлау» бағдарламасы деген болар едім.

Сын тұрғысынан ойлау-ең алдымен шығармашылық ойлау. Шығармашылық сөзінің төркіні- «шығару», «іздену», «ойлап табу» деген мағынаны білдіреді. Демек, бұрын тәжірибеде болмаған жаңа нәрсе ойлап табу, жетістікке қол жеткізу деген сөз. Шығармашылық деп жаңалық ойлап табатын іс-әрекеті деп тұжырымдалады. Оқушы шығармашылығын шыңдауға «оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлау» бағдарламасының берер көмегі зор.

«Сыни ойлауды дамыту»жобасы авторының бірі Ч. Темпл төмендегідей әдістерді ұсынады.
- Күтілетін нәтижелерді нақты айқындау;
- Жазба жұмыстарын жиі орындау;
- Оқушының ой-өрісін белсенділендіретін сұрақтар қою;
- Бірлесе оқу тәсілдерін қолдану
- Оқыту пәндерін әлеммен, күнделікті өмірмен байланысын орнықтыру;

Сын тұрғысынан ойлау-сынау емес, шыңдалған ойлау. Бұл деңгейде ойлау тек ересек адамдарға, жоғары сынып оқушыларына ғана тән деп ойлау аса дұрыс түсінік емес. Жас балалардың да бұл жұмысты дұрыс ұйымдастырған жағдайда өз даму деңгейіне сәйкес оны шыңдалып, белгілі бір жетістіктерге жетері сөзсіз. Олай дейтінім мен осы бағдарламаны басшылыққа алып жұмыс жасау барысында көз жеткіздім. Мұғалімдік кәсіби шеберлігім жетіле түсті. Бағдарламаны басшылыққа алып сабаққа пайдаланғаннан бері оқушылардың пәнге қызығушылығы артып, болжау қабілеттері мен жаңалықты тез қабылдауы, өз бетінше шығармашылықпен ізденуге бейімделгенін байқадым.

Әсіресе қазақ тілі пәні бойынша үйге берілген мәтін бойынша ұнаған көрініске сурет салып келу, сол тақырыпқа сай өлең құрастыру немесе ребус пен сөзжұмбақ құрастыру тапсырылады. Бұндай тапсырманы оқушылар ерекше ынтамен орындап келеді. Нәтижесінде бала ойлай отырып, елестетеді, қиялдайды, болжам жасайды. Оқушыға тақырыптың мазмұнын толық меңгерте отырып,

әсіресе, сурет салуға бейім балалардың ойын ұштай түстім. Сурет немесе шығарма жұмысы арқылы оқушының өзін-өзі тануына ықпал жасадым. Әрбір баланың еңбегін бағалап, мадақтау қажет.

Бағдарламаның ішкі құрылымында өзіндік ерекшелік бар. Құрылым үш деңгейден тұратын оқыту мен үйрету моделі. Білімнің болашақта пайдаға асуы, қажетке жарауын қалыптастырады. Көп ақпаратты талдай, жинақтай отырып, ішінен қажеттісін алуға үйретеді. Сонымен қатар оқушылардың тілін, ойын, еркін сөйлеуін дамытып, топпен жұмыс істеу кезінде бірін-бірі тыңдай білуге, құрметтей білуге үйренеді.

«Оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлауды дамыту» бағдарламасымен жұмыс жасауды бастаған мұғалімдер сабақта баланың танымдық белсенділігінің артқандығын, өз бетінше жұмыс жасауға үйренгендігін, шығармашылығын қалыптастыруға ықпал ететіндігін айтса, оқушылар-сабақтарының қызықты, жеңіл өтетіндігін, ұжымды бірлесіп жұмыс жасауға үйретететіндігін, білімнің тереңдігі әрі тиянақтылығы артатындығын баяндайды. Бағдарлама құрылымы үш деңгейден тұрады:

Қызығушылықты ояту. Оқушы тақырыпқа байланысты өз білімін анықтайды, еске түсіреді. Тіпті қағазға жазып, көршісімен бөліседі, тобында талқылайды. Оқушы бұл кезеңде жаңа білім жайлы ақпарат жинап, оны байырғы біліммен ұштастырады. Яғни тақырыпқа қызығушылық басталып, зерттеу қалыптасады, белсенділігі артады.

Мағынаны тану.Бұл кезеңде оқушы жаңа ақпаратпен танысады, тақырып бойынша жұмыс істейді, тапсырмалар орындайды.

Ой толғаныс: Оқушылар өз ойлары мен байқаған ақпараттарды өз сөздерімен айта біліп, өзара алмасады. Өзгелердің ой кестесін үйренеді. Үйренгендерін саралап, салмақтап, оны қандай жағдайда, қалай қолдану керектігін ой елегінен өткізеді.Бір-бірімен ой алмастырады, ой түйістіреді, әр түрлі шығармашылықпен көріне алады.

Өз сабағымда осы бағдарламаның әдіс-тәсілдерін пайдалану арқылы көптеген нәтижелерге қол жеткізіп келемін. Ең әуелі оқушылар ойын шыңдап, кез-келген даму деңгейіне сыни көзбен қарай алады. Бір-бірімен дұрыс қарым-қатынас жасауды және бірін-бірі тыңдай білуді үйренеді. Өздеріне сенімсіздік білдіріп, бұйығып отыратын оқушылар да өз ойларын аз да болса жүйелеп еркін айтатын болады. Сабақта оқушыларды орталықтарға бөлу кезінде сабаққа деген қызығушылығы артып, бір-бірімен пікір алмасып, еркін сөйлеуге үйренеді және сөздік қорлары молаяды.

Оқушы–ізденуші тұлға. Оқушының тілін ойын дамытып, байланыстырып сөйлеуге машықтандыруда жазу жұмысы басты рөл атқарады. Жазу арқылы оқушы тақырыпты тереңірек түсінеді, қызығушылығы артады, ойын дамытады және жазу дағдысын қалыптастырады. Ал жазуға дейін бала мәтінді оқып, тыңдап көңілге тоқып түсінеді..

Оқуға зауқы жоқ, үлгерімі нашар деген баланың бойынан жоқ дегенде бір жақсы қасиет табуға болады. Осындай баланың ерекшелігін көре алатын мұғалім ғана өз ісінің маманы ретінде танылады. Кез-келген пәнге оқушы қызығушылығын арттыру үшін дәстүрлі әдеттерге қоса хабарлама, көрнекі көрсету,безендіру әдістерін қолдану, сонымен қатар зертханалық және саламандық тәжірибелерді дұрыс ұйымдастыра білу мұғалім шеберлігінің бір көрінісі.

Адам топ ішінде ғана толығады десек, оқушылардың топтасып жұмыс істеуі өз әсерін береді. Ойды ой жетелейді. Сабақтың байланысып, бір-бірімен сабақтасып жатуына бағдарлама әдістерін пайдалану септігін тигізеді.Сонымен бірге оқушыларды сабаққа ынталандыру сабақ жоспарының түрлеріне де байланысты. Мәселен, жарыс сабақ, сахналау сабақ және ойын сабақтарын қолдану баланың дүниетанымын кеңейтіп, қарым-қатынас жасау белсенділігін дамытады.

Қазіргі қолданылып жүрген сын тұрғысынан ойлау бағдарламасын пән ерекшелігіне қарай қолдана білу, оқыту мақсатына жеткізудің бірден-бір жолы. Мақсатқа жету оқушылардың өзі арқылы жүзеге асады.

ФУТБОЛ ОЙЫНЫНЫҢ ТАКТИКАЛАРЫ

Кушкинбаев Рашит Орынбасарович
Атырау облысы Қызылқоға ауданы
Қаракөл ауылыҚаракөл орта мектебінің дене тәрбиесі пәнінің мұғалімі

Қазіргі таңда жастардың футболға деген қызығушылығы жоғары. Мектеп қабырғасынан бастап футбол ойынының қыр-сырын, ондағы ережелермен, осы ойын түріне жаттықтыру жұмыстарына баланы жан-жақты дайындау керектігі кез-келген дене тәрбиесі мұғалімдерінің міндеті екені анық.

Футбол-ол ұжымдық ойын. Сондықтан әрбір ойыншы өзінің индивидуалдық қадамын ұжымдық және командалық тактикаға келістіре білуі керек.

Тактика команданың доп жүргізу мәнін және әр бір ойыншының нақты міндетін белгілейді. Сол үшін әр бір ойыншы футбол жүйесі туралы және ол ойынның басты принциптерін қорғауда және шабуылда да білуі керек. Футболшы алдыңғы және артқы қатардағы ойыншылардың міндеттерін, қарсыласқа жүргізілетін күрестің әр бір әдісін тактика деп атауға болады. Мақсатпен құрылған тактика ойлаған нәтижеге қол жеткізеді.

Футбол ойынының тактикасы ол команданың ойын мүмкіндігін толығымен пайдалану және ойынды қарсыластың жағдайына қарап келтіру. Бұл ойында шабуылдау, допты беру, ойыншылардың доппен, допсыз қозғалуы, қақпаға допты бағыттау және қорғаныста көрінеді. Осыған байланысты команда қандай да тактикалық жүйеде ойнаса да олардың ойын жүйесі көп гол соғу және қарсыластарына гол соққызбау. Қақпаға гол соғу үшін шабуылдаушы әр кез ұрымтал тұстан табыла білуі, ал қорғаушылар ашық тұрған ойыншыларды жабуға, олардың доп алып жүруіне мүмкіндік бермейді. Қарсыластар қақпасына доп жақындату техникасы ол соққы және доп алып жүру. Бір ойыншыдан екінші ойыншыға доп беру ол-пас, ал допты ашық алаңда алып жүру ол-доп қуу, ал допты қарсылас жанынан алып өту-алдау деп аталады. Қазіргі жаңа тактика негізінен пас беру, ойыншылардың алаңда дұрыс қозғалысы, допты алып жүру және алдауына құрылған.

Бір команданы жеңіске жеткізген тактика екінші бір командаға кері нәтиже береді. Бір командамен ойындағы тактика жеңіс әкелсе, осы тактика келесі командамен ойында жеңіліс әкелуі мүмкін.

Футбол жарысында ойыншы әр түрлі тактикалық әдістер мен шешуші комбинацияларды қолдана білу керек. Футболдағы ойын басымдылығы қай команда доппен қалай өнер көрсетуіне байланысты. Қандай да болмасын шабуыл комбинациясының тактикалық қимылы ол доп алып жүру, пас, алдау, ұрымтал орын таңдай білу, қарсыласпен доп үшін күрес, қақпаға доп бағыттауға байланысты. Әр ойыншы қарапайым тактикалық әдістерді игеруі тиіс.

а) допқа талас кезінде қарсыластарына қарағанда ұрымтал орынды таңдай білуі;
ә) әр тұстан берілген допты дұрыс қабылдай білу;
б) доппен алдаса алып жүре білу;
в) өзбетінше тактикалық мақсатты орындау үшін дұрыс кезеңді таңдай білу;
Осылардың барлығын командамен тығыз қарым-қатынаста жүріп орындау керек. Ойын барысында ойыншы дұрыс шешім қабылдау үшін ол өзінің командаластарының қай жерде орналасқанын, қарсыластарының допты қай бағытқа пас берілетінін, жалпы бүкіл ойынды бақылауы керек. Осыған орай ол өзінің байқай алмайтын алаң тұстарын жобалап ұға білу керек. Ойын барысын ұға білу өте қажетті комбинацияларды орындауға септігін тигізеді. Ойын алаңын байқай алу ол біртіндеп оқу-жаттығу кезінде қалыптасады. Ойыншылар қимылдардың барлығын тыныш ойын барысында емес, қиын спорттық күресте орындайды. Ойын барысында ойыншылар психикасына әр түрлі сыртқы және ішкі күштер әсер етеді. Ол күштер техникалық әдістерді қолдануға, тактикалық жоспарды шешуде зор әсер береді. Ондай күштерге ойынның басқаша өтуі, төрешілердің іс-әрекеті және қолайсыз ауа-райы жатады. Осылар ойыншының ойын кезінде қобалжуын туғызады, ол біртіндеп бүкіл командаға кері әсерін тигізеді. Сондықтан жаттықтырушы әр футболшыны осындай ауыртпашылықтарға төзімді, шыдамды болуға үйрету керек. Ойыншылар жарысқа дайындалу барысында өзінің шамасына қарай жасау емес, одан да жоғары деңгейде жасауға үйрету керек. Әр ойыншы доп алғанда тез ойланып, ол допты ары қарай беруді және келесі допты қабылдауға дайын болуы керек. Бұндай жаттығулар жылдам ойнау үшін қажет. Тактикалық дамыған ойыншы өзін алаңда жақсы көрсетеді. Оны ойын жылдамдығы, ауыртпашылығы өзгерте алмайды.

Әдебиеттер:

1.Футбол. Учебник для вузов. Под. Ред. Казаков П.Н. М.: ФиС, 2006г.
4. Айкенов Ж., Азнаев М., Құрымбаев Е., Ерепбаев Н. Футбол ойыны. - Шымкент. 2009.- С.83
5.С.Карпенко Әлем футбол жұлдыздары Москва 2010ж
6.Мектептегі дене шынықтыру журналдары, Алматы-2015 ж

«ҮЗДІК ҚАЛАМ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТАНЫМДЫҚ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛ
REPUBLICAN SCIENTIFIC AND EDUCATIONAL, METHODICAL JOURNAL
РЕСПУБЛИКАНСКИЙ НАУЧНО-ПОЗНАВАТЕЛЬНЫЙ, МЕТОДИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ

АУЫЛ КҮЗІ. ТАЙЫР ЖАРОКОВ.

Мажкенова Гүлжайнар Абутжанқызы
Ақтөбе қаласы №49 ЖББО мектептің
бастауыш сынып мұғалімі

Педагогтің аты-жөні	Мажкенова Г.А.				
Күні:					
Сынып:	Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:			
Сабақтың тақырыбы	**Ауыл күзі. Тайыр Жароков.**				
Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаты	3.2.4.1 – өлең, мысал, нақыл сөз, аңыз, бата, әңгіменің жанрлық ерекшеліктерін анықтау.				
Сабақ мақсаты	**Барлық оқушылар:** шығарманың жанрлық ерекшелігін анықтай алады. **Көптеген оқушылар:** негізгі ойды анықтайды. **Кейбір оқушылар:** өлең құрастырып, баталардың қолданысын айтады.				
Сабақтың барысы.					
Сабақтың кезеңі/ Уақыты	Педагогтің іс- әрекеті		Оқушының іс – әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы Психологиялық ахуал қалыптастыру. **5 минут**	**Жаңа топ құру** «Мен күлгенді ұнатамын» ойын жаттығуы Педагог балаларға:тұңжыраған жәнекөңілсіз,жабырқаған және ойланған көңілді және күлкілі;қайрымды және қуанышты,т.б.кейіпке еніп,бір бірімен рольге кіріп,адамдардың бейнесін келтіруге ұсынады.балалар айнаға қарап, әдемі ақкөңіл кейіпте күлімдейді.педагог осы «Мен күлгенді ұнатамын » жаттығуын күніне бірнеші рет қайталап көңіл күйді күлкімен көтеруге бола- тынын түсіндіреді. «Күлкі-көңіл күйдің сиқырлы кілті.Адам күлгенде өз көңіл күйін,өз денсаулығын жақсартады және айналасындағы		Психологиялық ахуалға берілген психогиялық жаттығуларды орындау арқылы жаңа сабаққа назар аудару. Оқушылар сұраққа жауап береді, жұмысты берілген түріне	 ҚБ: От шашу арқылы бір-бірін бағалау.	Психологиялық ахуал. Алдыңғы білімді еске түсіру апсырмалары.

	адамдардың көңіл күйімен денсаулығына жақсы әсер береді.» **Жұмыс ережесін келісу** ● Сабақта бір-бірімізді сыйлаймыз, тыңдаймыз! ● Уақытты үнемдейміз! ● Нақты,дәл жауап береміз! ● Сабақта өзіміздің шапшаңдығымызды, тапқырлығымызды көрсетеміз! ● Сабаққа белсене қатысып, жақсы баға аламыз! **<u>Алдыңғы білімді еске түсіру (ұжымда)</u>** **«Балмұздақ таяқшасы»** әдісі арқылы үй жұмысын сұрау.	қарай орындайды.		
Сабақтың ортасы **10 минут** **«Көршіңе әңгімелеп бер» әдісі 5 минут**	**Ширату тапсырмасы.** Өлеңді түсініп оқы. **«Ауыл күзі»** **Автор айдарымен танысу.** Т. Жароков Өлеңді жазған кім? Оқулықта берілген анықтаманы пайдаланып, өлеңнің авторы туралы әңгімеле. **Жұптық жұмыс**. Жұптастыру. Өлеңдегі көркемсөздерді теріп жаз. Эпитет немесе теңеу екенін анықта. **Белсенді оқу тапсырмалары(топта, ұжымда)** **«Көршіңе әңгімелеп бер»** Бұл әдіс оқушылар өз ойларын дауыстап айтып беру үшін пайдаланылады. Сұрақ қойыңыз, ойластыруға уақыт беріңіз, одан кейін оқушылардан өз ойларын көршілерімен бөлісуді сұраңыз, оқушыларға жаңа тақырыпты айтыңыз және осы тақырып бойынша өздері білетін барлық жағдайды көршісіне айтуын ұсыныңыз. Өлеңнің жанрлық ерекшеліктерін анықтай алады. ***<u>Дескриптор:</u>*** ● мәтіннің тақырыбын анықтай алады, негізгі ойды табады.	Берілген сұраққа жауап беріп, тапсырмаларды талапқа сай орындайды. Белсенді оқу тапсырмалары(топта, ұжымда) «Көршіңе әңгімелеп бер» әдісі арқылы суретпен және мәтінмен жұмыс жасайды. Жұмыс дәптеріндегі жазылым тапсырмаларын орындау	Формативті бағалау. ҚБ: Бас бармақ арқылы бір-бірін бағалау.	Оқылым, жазылым тапсырмалары

<table>
<tr>
<td></td>
<td>

шығармашылыққа негізделген сұрақтар қояды.
берілген тақырып бойынша ой қорыту жасай алады.


Жұмыс дәптеріндегі жазылым тапсырмаларын орындау
<table>
<tr><th>Мақал-мәтелдер</th><th>Осы ойға сәйкес келетін өлең шумақтары</th></tr>
<tr><td>1. Нөсер алдында найзағай ойнайды.</td><td>Көтеріле аспандай,
Көкте сұрша бұлт көшіп,
Жерге інжу шашқандай
Күміс моншақ шық түсіп.</td></tr>
<tr><td>2. Жемісі көп ағаштың бұтағы төмен.</td><td>...</td></tr>
<tr><td>3. Көктемде түскен бір дән,
Күзде мың дән болады.</td><td>...</td></tr>
</table>
</td>
<td></td>
<td></td>
<td></td>
</tr>
<tr>
<td>Сабақтың соңы

10 минут

Топтық жұмыс.

«Ойлан, Жұптас,</td>
<td>
Жаңа білім мен тәжірибені қолдану

«Галлерияда ой шарлау»

Берілген тақырыпта топтық жұмысы жүргізіліп, әр топтың жұмысы қабырғаға ілінеді де, оқушылар жүріп, аралап, оған әр оқушылар кішкене жапсырма қағазға бағасын беріп, пікірін жазып жабыстырып кетеді. Ең жақсы баға алған топтың жұмысы қаралады.
Ұйқасты тап. «Ауыл күзі» өлеңінің ұйқасы оқулықтағы сызбаның қайсысына сәйкес келеді? Осы өлеңнің ұйқасы төмендегі қай сызбаға сәйкес келеді?
Сызбаға сай «Күз» тақырыбына өлең құрастырып көр.
... күркіреп, □
... сіркіреп. □
... албырап, ○
... дамылдап. ○
Оқушыларға қандай да болмасын сұрақ, тапсырма берілгенен кейін оларды тыңғылықты орындауға бағытталған интербелсенді тәсіл. Тақтада сұрақ/тапсырма жазылғаннан кейін әрбір оқушы жекеше өз ойлары мен пікірін берілген уақыт ішінде (2-3
</td>
<td>Кестені толтыр.
</td>
<td>ҚБ: Бағдаршам көздері арқылы бір-бірін бағалау.
</td>
<td>Топтық тапсырмалар.</td>
</tr>
</table>

Пікірлес» 10 минут	минут) қағазға түсіреді. Содан кейін оқушы жұбымен жазғанын 3-4 минут талқылайды, пікірлеседі. Мұғалімнің екі-үш жұпқа өз пікірлерін бүкіл сыныпқа жариялауын сұрауына болады.			
Кері байланыс **5 минут**	«Бес саусақ» кері байланыс. 	Сабақтан алған әсерлеріне кері байланыс береді.	«Бес саусақ»	Кері байланыс тақтайшасы.

ӘДЕБИЕТТЕГІ ЖАЛМАУЫЗ КЕМПІР МЕН МЫСТАН КЕМПІРДІҢ ҰҚСАСТЫҒЫ МЕН АЙЫРМАШЫЛЫҒЫ

Нурмагамбетова Назымгуль Муратовна
Ақтөбе облысы Алға ауданы Алға мектеп-гимназиясының
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

Оқырман қауымға ертегілерді, батырлар жырын қанша оқыса да мыстан кемпір мен жалмауыз кемпірдің қайдан пайда болғандығын, екеуінің айырмашылығы бар ма деген ой мүлдем келмейді. Тек сол бір дүлей жалмауыздардың болатындығына сенеді. Ал ол осы образдардың байырғы халқымыздың түсінігінен хабар беретіндігі белгілі болды. Ертегі – фольклордың негізгі жанрларының бірі. Ертегі жанры – халық прозасының дамыған, көркемделген түрі, яғни фольклорлық көркем проза. Ертегі жанрының пайда болып, қалыптасу тарихы өте ұзақ. Солардың бірі –миф жанры. Мифтің ертегіге айналу процесі бірнеше кезеңнен өткен. Миф – алғашқы рулық қауымның қасиетті деп саналған құпия әңгімесі мен шежіресі. Оны ол кезде әркімге және әр жерде айта бермеген. Қазақ мифологиясында адам жейтін, сирақтан ұстап суға батыратын, алдап-арбайтын, бірақ түбі үнемі жеңіліске ұшырайтын зұлымдар бар. Бұл — мифтік кейіпкерлер. Жалмауыз кемпір мен мыстан кемпір, қалай пайда болды? Жағымсыз кейіпкерлер не себепті әйел бейнесімен берілген? Қазақ мифологиясында қандай кейіпкерлер бар? Мифологияда 40-тан астам кейіпкер бар. Олардың бірі адам жанын алатын қаскүнем болса, енді бірі — жағымды кейіпкерлер. “Қазақтың мифтік кейіпкерлері” деген кітапта қазақ фольклорындағы мифтік кейіпкерлер алты топқа жіктелген: Шамандық кейіпкерлер: самұрық, бәйтерек, бақсы. Демонологиялық кейіпкерлер: албасты, жезтырнақ, жалмауыз, мыстан кемпір, пері, шайтан, жын, дию. Хтоникалық кейіпкерлер: дәу, алып, ергежейлі . Мыстан кемпір – қазақ фольклорында жиі кездесетін жағымсыз кейіпкер. Ол әдетте қастандық ойлаушы, жауыз, іші тар, қатігез, кей кезде қу және оқиға сипатына қарай кейде аңқау да болып келеді. Сырт бейнесі албасты, шашы ұзын және жалбыраған, тырнақтары дәу және өткір, тістері едәуір, киім-кешегі алба-жұлба етіп бейнеленеді. Әйел сипатты ұнамсыз кейіпкерлер ішінде ең көп кездесетін бейне – мыстан. Қазақ фольклорында мыстан мен жалмауыз кейде аражігі ашылмай біртұтас кейіпте келе береді. Бірақ фольклорлық туындыларға терең үңілген адам мыстан мен жалмауыздың екі бөлек образ екенін айқын аңғарады. Жалмауыз кемпір – қазақ ертегілеріндегі жағымсыз бейне. Ол кейде жеті басты , қарға тұмсық, қол-аяғының тырнақтары сояудай , адам қанын соратын қорқынышты кейіпкер ретінде суреттеледі. Белгілі ғалым С.Қондыбай: «Ертегілерде жалмауыз кемпір бәрін істей біледі, оның қолынан келмейтіні жоқ:

ауру, жарымжан адамдарды емдейді, өліні тірілтеді. Мысалы, бірталай ертегілерде жалмауыз кемпір ақсақ, соқыр, қолы жоқ кейіпкерлерді жұтады да, оларды сап-сау қылып қайтадан құсады («Жеті басты жалмауыз кемпір», «Үш ағайын», «Кедейдің үш баласы», «Құланайжарқын» т.б.), кейіпкерлерге ақыл, кеңес беріп отырады («Екі жетім», «Жүсіп мерген» т.б.)» – дей келіп, – «Осы салада көп еңбек сіңірген ағамыз С.Қасқабасов өз еңбегінде «Мыстан кемпір сол арғы тегі алып қарақұстың кейінгі атауы», – дейді. Шынымен де, «жұтқыш, адам жегіш» мыстан кемпір мен «жұтқыш» алып қарақұстың функцияларының бірдей екендігін көруге болады, яғни мыстан кемпір мен алып қарақұс – бір ғана бастапқы мифтік тұрпаттың кейінгі ертегілік кейіпкері болып табылады, – деп талдау жасайды.

Әйел сипатты ұнамсыз кейіпкерлер ішінде ең көп кездесетін бейне – мыстан. Мыстан бейнесін көз алдарыңызға елестету үшін фольклорлық үлгілерден мысал келтірейік. Ұшар хан ертегісінде мыстанды:Бір уақытта сол топтың ішінен басы мүйіз, түріне адам қарағысыз сұмпайы, қарға тұмсық, қара аяқ бір мыстан: «Мен білем, маған бір желмая бер, қызды алып келем», - дейді, деп суреттейді. Бұл мыстанның сырт кейпі. Енді мыстанның ішкі дүниесіне үңілетін болсақ оның мынадай қырларын байқаймыз: Мыстанда алып бара жатқан ерекше қасиет, сиқыр жоқ. Ол өз дегеніне кісіні алдау, арбау арқылы жетеді. Мысалы, «Алпамыс батыр» эпосында Тайшық хан алып кеткен жылқыны қуып келе жатқан Алпамыс батырды Мыстан күшімен, болмаса сиқырымен қолға түсірмейді, айласымен арбап қолға түсіреді. Мыстан Алпамыстың жолына қырық отау тіктіреді. Қырық қызға қырық шөлмек арақ беріп, осыны батыр келгенде ішкізу керек деп тапсырма береді. Өзі Алпамыстың жолын тосып тұрады. Алпамыс талма түс кезінде айдын көлдің бойында тосып тұрған Мыстанға жолығады. Ол бейшара кейіптегі бір мүсәпір бола қалады. Алпамысты өзінің іс-әрекетіне сендірмек болып, түрлі айла-шарғы жасайды. Мыстанда құбылушылық қасиет жоқ. Ал жалмауызда құбылушылық қасиет бар. Ол «Керқұла атты Кендебай» ертегісінде сұлу қыз түрінде құбылса, «Алтын сақа», «Алтын топай» ертегілерінде су бетінде қалқып жүрген шикі өкпе болып көрінеді.

Мыстан кемпір, жалмауыз кемпір бұл — қазақ ауыз әдебиетінде жиі кездесетін кейіпкер. Мыстан – сыртқы кейпі ұсқынсыз, ұзақ өмір сүрген, аузы опырайған, шашы жалбыраған, мүсәпір кемпір бейнелі озбыр, бойында тылсым күші жоқ, бірақ айла-амалы мен қулық-сұмдығы мол, қарапайым жолмен-ақ өлтіруге болатын, көп шығармаларда таз баласы бар, өзінен басқаға жақсылық ойламайтын, дүниеқоңыз кейіпкер. Жеті басты жалмауыз бейнесі «Аю дәу» ертегісінде «Келсе, айдалада, құла түзде қырық құлақты бір қазанда май қайнатып жатыр, қасында аузында бір тісі жоқ, құйрығында қыртысы жоқ бір жалмауыз адамдарды қабат-қабатынан көгендеп қойып, жаңағы қайнап жатқан майға бір-бірден таңдап әкеліп, түсіріп-түсіріп, сүзіп алып, жаңадан тамақтанайын деп, алдына алып отырған үстінен кез болды»,- делінеді. Мыстан адамды қулығымен арбап, торға түсіргенімен, оны жемейді. Ол бас қаһарманға зұлымдық жасау арқылы байлыққа қол жеткізбекші болады. Ал жалмауыздың басты мақсаты – адамды жеу. Адам жалмауыз үшін қорек қана. Мыстанды батыр көбіне бір-ақ ұрып сеспей қатырады. Ал жалмауызды өлтіру үшін бас қаһарман біраз күш жұмсайды. Жалмауыз – ашкөз, тойымсыз тажал. Мыстан адам сипаттағы ұнамсыз кейіпкер болса, жалмауыздың адам сипатынан гөрі тылсым күші басым. Ол адамның бойында болмайтын жойқын күштің иесі. Оны өлтіру оңай емес. Көне эпостарда жан-жақты көрінетін жауыздық бейне – мыстан мен жалмауыз кемпір. Бұл образдар эпостар мен ертегілерде жиі ұшырасатын кейіпкерлер. Ол бірде айлакер, барлық жағдайды күні бұрын болжап отыратын, сөйтіп батырдың жолына алдын ала тор құратын жауыз кемпірдің кейпінде суреттелсе, бірде жеті басты жалмауыз, нағыз дүлей күштің иесі ретінде бейнеленеді. Бұл кейіпкерлердің адам баласына ешқандай қайыры жоқ, нағыз зұлымдық иесі екені байқауға болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1.Жұмабаева Г.К. «Қазақ ертегілер жинағы» 1979ж. Алматы «Ғалым» баспасы
2. Ертегі терапиясы, Төлеген. А. , Қазақстан мектебі, № 8, 2012 жыл.
3. Соколов Д.М. Сказки и сказкотерапия. –М., 1996
4. Қасқабасов С.А. «Казахская волшебная сказка» 2008ж.
5. Қазақстандық Ұлттық электрондық кітапхана http://www.kazneb.kz
6.Қазақ ертегілері.(құраст. Е.Дүйсенбайұлы) Алматы,2009.
7.Аймауытов Ж. Психология.- Алматы, 1995.
8.Мөлдір бұлақ журналы.№9 2014
9.Ғабдуллин М. «Қазақ халқының ауыз әдебиеті»
10. С.Қондыбай «Арғы қазақ мифологиясы» 2010ж. Алматы.
11. Тойшан А. «Қазақстың халық прозасы» Алматы 2005ж.

«ҮЗДІК ҚАЛАМ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТАНЫМДЫҚ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛ
REPUBLICAN SCIENTIFIC AND EDUCATIONAL, METHODICAL JOURNAL
РЕСПУБЛИКАНСКИЙ НАУЧНО-ПОЗНАВАТЕЛЬНЫЙ, МЕТОДИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ

МЕМЛЕКЕТТІ ҚҰРУ ЭТНОСЫНЫҢ ТАРИХЫ МЕН МӘДЕНИЕТІНЕ ОРТАҚТАСТЫҒЫ

Молбаева Клара Жеткиншековна
Байганин ауданы Қ.Мұханбетқали атындағы орта-мектеп гимназиясының тарих пәнінің мұғалімі

Қазақстанның қасиетті жерлері қазақ этносының тарихы мен мәдениетін көрсететін табиғи, материалдықжәнерухани(кеңмағынада)объектілерді қамтиды. Қазақ этносының тарихы қазіргі қоғамның әлеуметтік санасында, генеалогияда (шежіре), қазақ жерінің тәуелсіздік үшін күресі, қалалардың тарихы, соның ішінде Ұлы Жібек жолында салт-дәстүрлерді, дәстүрлі білімін сақтап, діни ескерткіштер мен рәміздер, рухани бай мұрасы, ұлттық идея және тарихи шындықты шынайы түсінудің терең тамыры бар. Қазақстан Республикасының Президенті, Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Тарих толқынында» атты іргелі еңбегінде: «Қазақ халқы этномәдени бірлестік ретінде өзінің этникалық –ұжымдық жадысында, рулық бөлінісі ретінде сақталған. Әрбір қазақ, оның «Мені» жеке адам жасаған «этнологиялық дедукция» операциясы қазақ халқының алдында тұрған және оның күрделі тарихи тағдырымен туындаған мәжбүрлі қажеттілік болды». Қазақ этносының тарихы мен мәдениетін зерттеу «Өзінің ұлттық «Менің» сақтау», «Қазақ даласы ұлы түрік Элясының бөлігі», «Алаш мұрасы» және қазіргі заман», «Тарих және ұлттық жады» еңбектерінде көрінеді. Қазақ этносының мемлекет қалыптастырушы ретінде этникалық есімі тарихи және мәдени нысандарда көрініс тапқан:

- 1.жалпы этникалық деңгей ұжымдық естеліктерді көрсетеді,
- 2. жергілікті этникалық топтардың топтық жадысы,
- 3. жеке тұлғаның жадысы,

Қазақ этносының тарихи естелігі қоғамның қоғамдық санасында терең тамырға ие, этникалық тарихты іздестіруге және қазіргіні өткенмен салыстыру, жеке және қоғамдық қабылдау мен түсіну арқылы сыну, соның ішінде: Адамзат мәдениетін дамытуда халықтың сана-сезімінің рухани, мәдени қалыптасу құрылымында кейбір архетиптік элементтердің сақталуын көздейтін, мирасқорлық пен мұра сәттерін қамтитын өздерінің заңдары бар... Тарихта халық ретінде маңыздымыз... өйткені бізде өз тіліміз, ерекше мәдениетіміз, қайталанбас келбетіміз бар, қазақтарды ерекше халық деп тануды, айқын белгілерге ие болуды біз мақтан тұтуымыз керек деп жазады. Тарих және мәдени ескерткіштер, мемориалдық кешендер, арнайы ғимараттар Қазақстанның тарихын бейнелейді. Қазақстан Республикасының мемлекеттік тарихы – тұлғалар мен халықтардың іс-шараларға қатысып, мәдениетті қалыптастыра отырып сақтау, қасиетті жерлерге табынуға негізделген. Мәдениет ескерткіштердің арқасында мәдени ескерткіштер мен дәстүрлер жүйесі ретінде тарихи жады, фактілер мен құбылыстарды, ел тарихында оқиғалардың орны мен рөлі туралы хабардар болуына, бұл оқиғаны уақыт пен кеңістікте орналастыруға мүмкіндік беретін объектілерде бекітілген. Тарихи ескерткіштің әлеуметтік-мәдени қызметі:

- 1.адамның сана-сезіміне азаматтық-патриоттық ықпал ету бойынша қоғамдық функцияларды жүзеге асырады;
- 2.ескерткіш ұрпақ сабақтастығына ықпал етеді;
- 3.тарихи дәуір, салт-дәстүр, сол кездегі мәдениет пен табиғи жаратылған нысан, әлеуметтік ақпарат, батырлар бейнесін және т.б. көрсетеді;

Ескерткіштердің әлеуметтік-мәдени маңызы – мемлекеттің, мәдениеттің және ұлттың тарихына араласуы арқылы әрбір адамның іс-әрекеттеріне әсер ететін мағынасы бар әлеуметтік шындықтың көрінісі. Қазақ халқының этникалық тарихында ұлы тарихи тұлғалардың бейнесі, этникалық мәдениетке тән, адамның ерекше және негізгі мәдени ерекшеліктері мен құндылықтар жүйесі бар. Қазақ халқының рухани мәдениетінде мұндай дана адамдар болған (Әл Фараби, Төле би, Әйтеке би, Қазыбек би, хәкім Абай), әулиелер мен тақуалар (Арыстан баб, Қожа Ахмет Яссауи), билеушілер (Қарахан, Абылай хан, Есім хан, Қасым хан), батырлар (Райымбек батыр, Қабанбай батыр, Бөгенбай батыр) және тағы басқалары. Шәкәрім Құдайбердиев өзінің зерттеу жұмысында «Шежіре», «Түрік, қырғыз, қазақ һәм хандар шежіресі» қазақ этносының генеалогиясын қайта құрастырған және «түркі халықтарының шығу тегі туралы мәліметі ғылыми түрғыда ауызша және жазбаша сынға ұшырады». Шәкәрімнің (Мұсылмандық шарты) еңбегінде көшпелі халықтардың тарихы түркі-моңғолдардың шежіре ағаштары арқылы зерттелетінің, әр қазақ жеті атасын, арғы ата-бабаларының есімдерін, жүздегі орнын, тайпа, тайпалардың одағы, халықтың жадында қандай да бір белгі қалдырған есімдері (батырлар, ақындар, билер, билеушілер, хандар және олардың адамгершілігі, қаһармандығы, адалдығы мен

абыройын) білу керек. Шәкәрім Құдайбердиев XX ғасырда қазақ ұлтының интелигенциясына айналған. Ойшылдың айтуынша, адамның мәні оның ар-ұжданы мен адамгершілігі, өмірінің мәні, гуманим мен әділдігінде қалыптасады. Ар-ұждан мен шынайы сенімі бар адам – шынайы адам. Лайықты өмір бұл адал жұмыс, адал ақыл, таза жүрек. «Ар-ұждан мына формаларда көрініс табады: ұят, ар-намыс, қадір-қасиет, достық, адалдық, жомарттық, мейірімділік. Ар-ұждан жүйесі, көңіл-күй жүйесі мен рухтық жүйе адамның рухани әлемі болып табылады. Бүгінгі таңда жаңалыққа жаңы құмар жас ұрпаққа заман талабына сай тәрбие мен білім беру, оны ұлттық құндылықтар арқылы жүзеге асыру көкейкесті мәселелердің бірі болып отыр. Ұлттық құндылықтар оқушылардың бойына қалыптастыру – оқу мен тәрбиенің қайнар көзі, олай болса бүгінгі жаһанануға бет бұрып, әлемдік бәсекелестікке, оның талаптарына жауап беру жағдайында бұл мәселенің өзектілігі айшықтала түсуде.

АУЫЗША ЕСЕПТЕУ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ МАТЕМАТИКАЛЫҚ ТАНЫМДЫҚ БЕЛСЕНДІЛІКТЕРІН АРТТЫРУ

Мусина Айнур Абдигапуровна
Мұғалжар ауданы Сағашілі ЖББО
мектебінің
бастауыш сынып мұғалімі

Оқушылардың өз бетімен жұмысын қалыптастыру оқушының пәнге деген қызығушылығынан және қажеттілігінен туады. Мектеп оқушыларының өз бетінше жұмыстарын ұйымдастырудың басты формасы – жұмыстарды орындау, ептілік, іскерлік, шеберлік дағдысын дамыту. Қазақстан Республикасындағы білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасында жалпы білім берудің мақсаты – қазіргі қоғам талабына сай алынған терең білім, білік, дағдылар мен құзырлықтардың негізінде еркін бағдарлай білетін, қойылған мақсатқа танымдық қызмет жасау арқылы жете алатын, өз бетінше дұрыс, тиімді шешімдер қабылдауға қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыру екендігі көрсетілген. Оны жүзеге асыру – мектептерде оқушылардың танымдық белсенділігін арттыруға септігін тигізетін оқу процесін ұйымдастырудың тәсілдерін, әдістері мен нысандарын іздестіруге өзекті сипат береді. Оқушылардың өз бетімен жұмысын қалыптастыру оқушының пәнге деген қызығушылығынан және қажеттілігінен туады. Өз білімін көтеру жекелеген оқушылардың өз бетімен жұмыс істеу дағдысын дамытып, шығармашылық белсенділігін арттырады. Оқушылар оқыту барысында білім алады, ал содан соң оны қолдану ары қарай шығармашылыққа үйлеседі. Математиканы оқытуда сабақтың нәтижелілігі мен оқушылардың ойлау белсенділігін арттыруда түрлі әдіс тәсілдерді іздестіруге көп көңіл бөлінеді. Қызықты жаттығу жұмыстарын жүйелі түрде жүргізіп отыру – сол тиімді әдістердің бірі. Қызықты жаттығулар балалардың ойлау белсенділігін арттырып, оларды есептеуге деген үлкен қызығушылық тудырады, осындай жұмыстар кезінде оқушылардың есте сақтау қабілеті арта түседі, математикалық тілі жетіледі. Мұғалім қызықты жаттығулар арқылы аз уақыт аралығында көлемі жағынан көп жұмыс тындырып, оқушылардың жаңа материалды меңгеруге дайындығын және қандай мәселелерге көбірек көңіл бөлу керектігін анықтай алады. Сабақтың басында өткізілетін жаттығулар оқушыларды бірден жұмысқа кірістіретіндей қызықты болуы тиіс. Сабақтың ортасында немесе соңында, балалар жазбаша немесе практикалық жұмыстан шаршаған кезде, қызықты есептеулер оларды сергітеді, жұмыс қабілетін арттырады. Қызықты жаттығуларды орынды әрі шеберлікпен пайдалана білу сабақтың нәтижелілігі мен сапасын арттырудың да негізгі тәсілдерінің бірі екендігін тәжірибе көрсетіп отыр. Ең алдымен оқушылардың зеректілігін, ойлау қабілетін дамытатындай есептер шығара білуге үйрету керек. Орта буында әзіл есептер мен сұрақтар ауызша есептеулерде зеректілікке,

тапқырлыққа баулиды. Оқушыны ұшқыр ойлауға, тез шешім қабылдауға дайындайды. Әзіл есептер шығару арқылы қарапайымнан күрделіге қарай көңіл аудару керек. Бірте – бірте ақыл ойды жетілдіруге көмектесетін есептерді шешуге әкеледі. Осы арқылы баланың өзіндік көзқарасы қалыптасып, өзіне деген сенімі артады. Мысалы:

«Бір адамнан оның неше баласы бар екенін сұрайды. Жауабы ойланарлықтай болады: «Менің 6 ұлым бар, ал әрбір ұлымда туған қарындасы бар». Осы жанұяда неше бала бар?». Жауабы: жеті бала (6 ұл, бір қыз) Қарапайым логикалық, яғни әртүрлі мазмұндағы стандартты емес есептерді ауызша шығара білудің білімділік және тәрбиелік мақсаты зор. Бұндай есептер оқушылардың математика пәніне қызығушылығына және ойлау қабілетінің дамуына әсерін тигізері сөзсіз. Мысалы:

1. Бірдей жеті бөлке нанды 12 адамға қалайша тең бөліп беру керек? (Бір бөлке нанды 12-ге бөлуге болмайды). Жауабы: үш нанды төрт тең бөлікке бөліп, қалған төртеуін үш тең бөлікке бөліп кесу керек. Сонда әрбір адамға наннан келетіндей 12 тең үлеске бөлінеді.

2. 1• 2 • 3 • ... • 18 • 19 - 1• 3 • ... • 17 • 19 айырмасы қандай цифрмен аяқталады? Жауабы азайғыш нөлмен, азайтқыш 5-пен аяқталады, онда айырма 5-пен аяқталады. Зеректілікке берілетін арифметикалық есептерді шешудің өзіндік жолы бар екендігін түсіндіру керек. Бұл қиынға түссе де, ойлау қабілетін дамытуға көп әсерін тигізеді. Мысалы:

1. Үш сөреде кітап тұр. Төменгі сөредегі кітап қалған екі сөреге қарағанда екі есе аз, ал ортаңғыда қалған екеуіне қарағанда үш есе аз, ал үстіңгі сөреде 30 кітап тұр. Үш сөредегі кітап қанша? Шешуі: Төменгі сөредегі кітаптарды бір бірлік десек, онда ортаңғы және жоғарғы екі сөреде екі бірлік , ал үш сөредегі барлық кітаптар үш бірлік. Бұдан төменгі сөреде барлық кітаптың бөлігі, ортаңғы сөреде барлық кітаптың бөлігі. Төменгі және ортаңғы екі сөреде барлық кітаптың бөлігі, бұдан жоғарғы сөредегі 30 кітап барлық кітаптың бөлігі; барлық үш сөредегі кітап (кітап).

2. Ағайынды үш адам бірге тұрмақшы болып үй сатып алды.Үй сатушы үйін тек жылқыға бермекші болды. Сондықтан үйдің құны үшін ең үлкені үш тай , ортаншысы екі тай берді. Жылқысы болмағандықтан кенжелері өз үлесі үшін ағаларына 10 қой берді. Сонда ағалары неше қойдан бөліп алулары керек? Шешуі: Үйдің құнының бір үлесі 10 қой болса, құны 10*3= 30 қой. Немесе 3+2=5 тай. Сонда 1 тайдың құны 30 : 5= 6 қой. Үлкені 3*6 = 18 қойдың құнын төлеген. Ендеше

18 - 10 = 8 қой алуы керек. Ортаншысы 2*6 = 12 қойдың құнын төлеген, ендеше

12 – 10=2 қой алуы керек.

Жауабы: 8; 2.

Оқушылардың білім деңгейін арттырудағы мұғалімнің іс-әрекеті дегеніміз – оқушының білімін жетілдірудегі, түрлі қажеттерді өтеуге байланысты белгілі мақсатқа жетуге бағытталған процессті айтамыз. Яғни мұғалімнің сабақ үстінде оқушыға білім беру мақсатымен жүргізілетін жұмыс түрлері. Оқушылардың білім деңгейін арттырудың жолдары: Ауызша есептеуге үйрету тәсілдері Есеп шығаруға үйрету алғашқы сабақтардың өзінде-ақ басталып, сынып ілгерілген сайын бірте-бірте сәйкес шеберлік те қалыптаса бастайды. Ауызша есептеуге үйрету уақыт үнемдеу тұрғысынан тиімді. Бір ғана мысалдың нәтижесін бірнеше тәсілмен есептегенде берілетін түсіндірмелер, аралық нәтижелердің қалай шығатыны, ақтық нәтижеде не болатыны ауызша айтылады да, оларды жазуға уақыт жұмсалмайды. Оған қоса қай тәсілді қолдану оқушының өз еркінде болғанымен, олардың барынша тиімдісін іріктеп алуды үйретуге де мүмкіндік мол. Ауызша есептеуге үйретуде оқушылардың білімі мен дағдысын тексеру кезінде математикалық диктант ретінде қолдануды ескеру қажет. Диктанттан кейін тексеруді ауызша жүргізген қолайлы. Математика сабағында ауызша есептеу дағдыларын қалыптастыру жұмыстарын жүргізудің маңызы зор. Сабақта оқушылардың ойлау қабілетін дамыту үшін есеп шығарғанда орындайтын амалдарды ойша шешіп алуды дағдыландырған жөн. Сабақтарда балалардың математикаға деген ынтасын арттыруға,олардың өз бетінше жұмыс істей білу дағдысын тәрбиелеуге ерекше назар аударылады. Пәнге деген ынтасы мен өз бетінше ойлай білу өзара тығыз байланысты. Сабақ балалар үшін қызықты өткенде, олардың оқу жұмысында да белсенділігі артып, өз бетінше жұмыс жасап, белсенділігін арттырғандығынан олардың пәнге деген ынтасы өседі. Оқушыларды өз бетімен ойлауға тәрбиелеп, математикаға деген ынтасын арттыру үшін оқыту әдістерін дұрыс таңдап алудың маңызы зор. Оқудың белсенді әдістерінің бірі – оқушыларға өз бетімен жұмыс істете білу. Барлық сабақтың елеулі бөлігінде өз бетімен жұмыс істегенде оқушы жұмыстың мақсатын айқын түсіне білуі, оны орындауы, тексеруі және қателіктерді түзетуі сияқты өз бетімен істелетін жұмыстың жалпы әдістерін бірте-бірте игеріп алуы тиіс. Оқушылардың сабақта өздігінен орындайтын жұмыстарын тиімді ұйымдастыру үшін математика кабинеттерінде дидактикалық материалды, үлестірмелі материалдар, баспа негіздегі дәптерлер, тағы басқа оқу құралдары жинастырылуы қажет. Дегенмен оқушыларға оқулықпен жұмыс істеуді үйретудің орны ерекше. Барлық ғылыми-техникалық білімнің көзі – кітапқа, оның ішінде оқулыққа оқушылардың сүйіспеншілігі мен құрметін арттыру, олармен өздігінен жұмыс істеуді үйрету мұғалімнің басты міндетінің бірі. Өзіндік жұмыс үшін оқулықтан берілген жаттығулармен қатар көбінесе тақтаға жазылған, сондай-ақ қалталы полотноға белгіленген тапсырмалар ұсынылады.

Өзіндік жұмыс үшін кейде тапсырма әрбір оқушыға жеке түрде беріледі. Бұл жағдайда тапсырмаларды әр оқушының шама-шарқын ескере отырып, сораптауға болады. Сонда жұмыстың өз бетімен орындалу дәрежесінің жоғары болуы қамтамасыз етіледі. Өзіндік жұмысты сыныпта жүргізу оқушыларға дағдыларын игертеді және олардың сабаққа деген ынтасын арттырады. Өзіндік жұмыстарды жүргізгенде тапсырмаларды карточкалар бойынша ұсынған тиімді. Мұнда оқушылардың жеке дара ерекшеліктері және үлгерім деңгейлерін барынша ескеру мүмкін болады. Оқушыларды жалықтырып жібермес үшін, өзіндік жұмыс түрлерінің өзгермелі болғаны жөн.

ОЙЫН ТҮРЛЕРІН ПАЙДАЛАНУ АРҚЫЛЫ АҒЫЛШЫН ТІЛІН ОҚЫТУ

Нурмагамбетова Нургуль
Ақтөбе қаласы «Кемел-білім» мектеп-интернатының
ағылшын тілінің мұғалімі

Қазіргі таңда ағылшын тілі мұғалімдерінің басты мәселесі оқушылардың шет тілін оқуға деген қызығушылығын дамыту. Бүгінгі таңда қоғамымыздың даму бағытында жан-жақты дамыған, сауатты, саналы азамат тәрбиелеу мәселесі жүктеліп отыр. Сабақүрдісінде“ойын”ұғымының мағынасы кеңейіп, тұрмыс пен мәдениеттің түрлі салаларын қамтуда. Ойын арқылы оқушы білім алуға, оқуға қызықтыра отырып тұлғаны дамуын қалыптастыруға болады. Ойын – оқытуда жаңа технологияның маңызды бөлігі болып табылады. «Ойын» ұғымына түсініктеме берсек – бұл адамның мінез- құлқын өзі басқарумен анықталатын қоғамдық тәжірибені қалыптастыруға арналған жағдаяттар негізінде іс-әрекеттің бір түрі. Ойын әрекеті мынадай қызметтерді атқарады:

- Ойын – сауық
- Коммуникативтік немесе қарым-қатынастық
- Диагностикалық (ойын барысында өзін-өзі тануы)
- Коррекциялық (өзін-өзі түзетуі)
- Әлеуметтендіру

Ойын – адамның өміртанымының алғашқы қадамы. Сондықтан ойын арқылы балалар өмірден көптеген мәліметтер алып білімін жетілдіреді. Ойын арқылы бала қоршаған ортаны өз бетінше зерделейді. Соның нәтижесінде өзі көрген жағдайларды, отбасылық тұрмыс пен қызмет түрлерін жаңғыртады. Ойын балалардың еңбекке деген қарым-қатынасы мен қабілеттерін қалыптастырады. Ойынның ережелері ойнаушының қисынды ой қабілетінің дамуы, бір-біріне деген сыйластық, қажеттіліктерімен санасуы әр оқушының жеке әрекетінен туындайды. Ойынның басты шарты жеңіске жету болса, әр ойыншы өз қарсыласының мүмкіндігімен санасып, бір-біріне деген сенімен арттырады. Ойын түрлері өте көп. Соның ішінде:

- ойын-сабақ;
- ойын-жаттығу,
- сергіту ойындары,
- дидактикалық мақсаттағы ойындар,
- логикалық ойындар,
- грамматикалық ойындар, т.б.

Мұндай ойындар оқушыны жан-жақты дамытып, білімді толық игеруіне көмектеседі. Ойын арқылы ұйымдастырылған сабақ балаларға жеңіл әрі тартымды, әрі түсінікті болады. Ойын сабақтары оқушылардың өздігінен жұмыс істеуге, ойлау қабілетін дамытуға үйретеді. Ойын кезінде балалардың достық сезімін оятып, бір-біріне қамқорлығы, ұжымдық бірлігі нығаяды. Балаларды жақсылыққа, қайырымдылыққа, ізгілікке, әдептілікке тәрбиелеуге болады. Ойын түрлерін сабақта тиімді пайдалана білу мұғалімнің меңгертіп отырған білімін ықыласпен тыңдап, білімді берік меңгеруіне көмектеседі. Оқушының ойын үстіндегі өзін-өзі жаттықтыруы, өмірді білуге деген құмарлығы, шығыуы, шындалуы, оның ақыл-ойы, дене еңбегіндегі белсенділігінің артуы оның алдына қойған мақсатына жетуге деген ерік-қайратын шыңдайды, алға қарай ұмтылсын, құштарлығын оятады. Осының нәтижесінде оқушының өз бетімен ізденуі, білімді қажетсінуі өсіп, нақтылы мақсаткерлікке ұласады. Ойынға қатысқан әр оқушының алдына жеңіске деген ұмтылыс пайда болады.

Ойынды түрлендіруге жаңылтпаштарды, мақал-мәтелдерді, жұмбақтарды жатқызуға болады. Олар әрі тілді, әрі ақыл-ойды дамытуға, демалыс сәттерін тиімді пайдалануға септігін тигізеді. Оқушы әрекет үстінде өзін-өзі еркін ұстауға, қысылып-қымтырылмауға, басқалармен тіл табысуға, жолдастық, достық сезімінің оянуына мүмкіндік жасайды. Ойынның негізгі мақсаты-баланы қызықтыра отырып білімді меңгерту болса, мұғалімнің міндеті — сол ойын түрлерін пайдалана отырып оқушылардың өздігімен жұмыс істей білуге, ой белсенділігі мен тіл байлығын арттыра түсуге түрлі дағды мен шеберлікті меңгертуге қол жеткізу. Оқу-тәрбие жұмысында ойындарды қолданудың кең спектрін сипаттау мақсатында көптеген ғылыми зерттеулер мынадай мәселелердің басын ашқанын зерделедік:

- ойлау, ес, сөйлеу, жігер, назар үрдістеріне дидактикалық ойындардың әсер ету сипаты;
- жеке оқыту маңызының артуы;
- оқу ойындарына қатысушылардың таным қызығуы арқылы шығармашылық ізденіске ұмтылуы, т.б.

Қазіргі уақыттағы сабақ үдерісінде қойылып отырған талаптардың бірі — оқушылардың коммуникативті сөйлеу біліктілігін дамыту мақсатында сабақ үдерісінде ойын түрлерін, коммуникативті ойындарды қолдану. Осы тұста төмендегідей коммуникативті ойындарды пайдалану әбден орынды деп есептейміз.Мысалы:

Interviewing an interesting person. Бір оқушы танымал атақты адамның (саясат қайраткері, әнші, актер, спортшы, т.б) ролін ойнайды. Сыныптастары әртүрлі сұрақтар қоя отырып, оның кім екендігін табуы тиіс. Сұрақтар былай болуы мүмкін: What's your hobby? What kind of meal/ sport/ clothes/ do you like? Are you a man or a woman? Are you married or a single? т.б. Just the facts.

Мұғалім тақтаға 3 сұрақ жазады, мыс: What kind of music do you like? Where do you usually listen to music? Who is your favourite singer?

Әрбір оқушы 3 үлестірмелі қағаздан алып, оның әрқайсысына, әр сұраққа жауап жазады. Мұғалім барлық қағаздарды жинап алып, араластырады да, әр оқушыға 3-3тен таратады. Балалар сынып ішінде сұрақ қоя жүріп, қолындағы карточканың иесін іздейді. Барлық карточкалар өз иесін тапқанда ойын аяқталады.

Бұл ойынды «Music in our life» тақырыбын өткенде немесе музыкаға қатысты сабақтарда пайдалануға болады.

Бұл ойынды «Music in our life» тақырыбын өткенде немесе музыкаға қатысты сабақтарда пайдалануға болады. Why?

Мына төмендегі сұрақтарды пайдалана отырып, оқушылардың сүйікті заттары, әрекеттері туралы айтыңыздар деп сұрақ арқылы ойынатуға болады.

What is your favourite TV show? Why?
What is your favourite magazine? Why?
What is your favourite gift you have received? Why?
What is your favourite time of the day? Why?
What is your favourite day of the week? Why?

Сұрақтарды оқушылардың деңгейіне қарай жеңілдетіп немесе күрделендіріп отыруға болады. Сонымен бірге, мынадай коммуникативті ойындар ағылшын тілі сабағында оқушылардың коммуникативті сөйлеу біліктілігін дамытуға көмектеседі: Interrupting the story, Make a text, Answer the questions, Find the theme, Make a story, Tell the story on the III-rd form, Name game, Introductions, Who am I?, Word race, Recipe banquet, Questions, Objects, Sentence Completion, Learning the actions.

«ҮЗДІК ҚАЛАМ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТАНЫМДЫҚ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛ
REPUBLICAN SCIENTIFIC AND EDUCATIONAL, METHODICAL JOURNAL
РЕСПУБЛИКАНСКИЙ НАУЧНО-ПОЗНАВАТЕЛЬНЫЙ, МЕТОДИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ

ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҒЫНДА ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР НЕГІЗІНДЕ БІЛІМ МЕН ТӘРБИЕ БЕРУ

Оразымбетова Балауса Наурызбаевна
Ақтөбе қаласы №49 ЖББО мектептің
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі.

Бүгінгітаңдажасұрпақтыөзхалқыныңтарихын,тегін, салт-дәстүрін, тілін, білімін, адамзаттық мәдениетті, адами қасиетті мол терең түсінетін шығармашылық тұлға етіп тәрбиелеу өмір талабы, қоғам қажеттілігі. Яғни, білім заңында әрбір азаматтың білім алуға құқықтығын негізге ала отырып, оқушы бойына ұлттық құндылық қасиеттерін қалыптастырып, құрметтеуге тәрбиелеуде дидактикалық шарттар яғни оқыту, тәрбиелеу, дамыту, қалыптастыру үрдісін жан-жақты қамту қажеттілігі туындайды. Ұлттық тәрбие деп, жеке тұлғаның ұлттық сана сезімі мен мінез-құлқының ана тілін, ата тарихын, төл мәдениетін және ұлттық салт-дәстүрлерді меңгеруі негізінде қалыптасуын айтамыз. Ұлттықмәденикұндылықтардегенімізне?Қарапайым тілмен айтқанда ұлттық мәдени құндылықтар – белгілі бір ұлтқа, ұлт азаматына тән зат, адами қадір-қасиет, яғни халық ғасырлар бойы жинақтаған ұлттық рухани және материалдық құндылықтар. Адамдардың бойында қалыптасқан имандылық қадір-қасиеттер рухани құндылықтарға, ал адамдардың қолымен жасалған тұтыну заттары мен кәсібі материалды құндылықтарға жатады. Өзімізді өзіміз бағалай білуге бет бұру – ұлттық байлығымызды игеру, ұлттық санамызды дамыту. Ұлттық құндылықтарды іріктеп, оқыту процесіне енгізу арқылы ұлттың тұнып тұрған асыл мұралық рухани байлығынан болашақта ел билейтін ұрпақтарды сусындатып, отбасында да, мектепте де ұлтжандалылық пен отаншылдыққа баулып, өз халқын, өз мемлекетін көздің қарашығындай қорғайтын тұлғаларды тәрбиелеп шығару. Өз ұлтын қадірлеп-қастерлеген, ұлт қадірін білген азаматтың бірі Ж.Аймауытов: «Мен халыққа кіндігіммен байланып қалғанмын. Оны үзе алмаймын. Үзу қолымнан келмейді» - дейді.

Сырым Датұлы: «Мен ағайынды екеумін: бірі -өзім, екіншісі-халқым» - дейді. Қазақ халқының осындай дәріптеуге, қастерлеуге, дамытуға тұрарлық ұлттық рухани және материалдық құндылықтары туралы ұлағатты, құнды ойларын халық игілігіне, келешек ұрпақты, ел-жұртқа ие болар азаматтарды тәрбиелеуге неге қолданбасқа? Қоғамдағы адамдар жасаған рухани, материалдық, мәдени құндылықтардың алмасуы оқыту процесі арқылы жүзеге асырылады. Соның ішінде сын тұрғысынан ойлау жобасы арқылы оқыту – саналы процесс екенін айтқым келеді. Интеллектуалдық деңгейі жоғары тұлғаны қалыптастыру үшін, оны оқытып қана қою жеткіліксіз. Оны тұлға ретінде жан – жақты дамытуға қолайлы, оқытудың шығармашылық түрін жасау қажет, яғни шығармашылық оқу әрекетін туғызу қажет. Бұл баланы, берілген оқу материалын жаттап алу ғана емес, керісінше өз бетімен білім алу үшін ізденуге үйретеді. Жеке тұлғаны ұлттық тәрбие арқылы дамыта отырып, нақты әрекет арқылы оқытуда төмендегі құндылықтардың болуы қажет:

- белсендіқарым-қатынас: оқушыменмұғалімнің әрбір мәселеде өз көзқарастарын білдіріп отыруы;
- индивидтік: мұғалімнің әр жеке оқушының ерекшелігін дамытуы, қоғам алдындағы жауапкершілігінің болуы;
- өзіндік тәртіп: өзіндік бақылау мен бағалауды, шешім қабылдауды үйрену және оны дамыту;
- шыдамдылық: әр түрлі пікірлерді қабылдай алу, бір-бірінің пікірлері мен ерекшеліктерін құрметтеу, қабылдау.

«Адам мен адамның бір-бірімен араласу, өзара қарым-қатынасында ғана адамның адамдығы өзі үшін де, өзгелер үшін де ашылады»,-дейді философ М.М.Бахтин. Оның пікірінше, диалог тұлғаны қалыптастырудың құралы ғана емес, оның адамдық болмысын да көрсетеді. Тұлғаның белсенділігі, өзін-өзі дамытып отыруға ұмтылуы өзгелерден бөлек жағдайда емес, өзге адамдармен диалогтық қатынастарға түсу кезінде жүзеге асырылады. Бірлескен қарым-қатынас негізінде оқушы-оқушы, мұғалім-мұғалім, оқушы-мұғалім арасында өзара құрметтеу, мойындау, түсіне білу және сыйластық әрекеттері пайда болып, толеранттық пен мейірімділік көзқарастары қалыптасады.

Олай болса, оқушылардың ұлттық құндылық қасиеттерін қалыптастыру негізінің бірден-бірі мектепішілік жүргізілетін тәрбиелік іс-шаралар. Адамның бойына жақсы адамгершілік қасиеттерінің қалыптасуы, өнер-білімді игеруі – тәрбиеге, өскен ораға, үлгі-өнеге берер ұстазға байланысты. Осыны жақсы түсінген халқымыз “Ұстазы жақсының - ұстамы жақсы”, “Тәрбие басы – тал бесік” деп ұлағатты ұстаздың еңбегін текке кетпейтіндей өсиет еткен. Жеке тұлғаны ұлттық құндылықтар арқылы тәрбиелеуде алдымен төмендегідей мақсаттар қойдым.

- Өз халқы оның мәдениеті мен дәстүрлерін мақтаныш тұтатын Қазақстан азаматын тәрбиелеу.
- Жалпы адамзаттық негіздер мен

құндылықтарды құрайтын саналы көзқарастары мен қағида ұстанымдарын тәрбиелеу.
• Қазақстан Республикасының азаматын тәрбиелеудің үлгісіне сәйкес этнопедагогика,этнопсихоголия, этномәдениет негізінде тәрбие үрдісін ұйымдастыру.
• Оқушыларды табысты іс-әрекетте бағыттау, олардың шығармашылығы мен білім құмарлығын дамыту, қолдау.
Жеке тұлғаны ұлттық құндылықтарды пайдалана отырып тәрбиелеуде, халық ауыз әдебиетінің қарапайым үлгілерін біртіндеп күрделенуіне қарай таңдап алдым. Тұлғаның рухани дүниесіне әсер ете отырып, ең алдымен әдептілігіне аса назар аудардым. Өйткені әдептілік-халқымыздың ұлттық психологиясының өзегі, оның ғасырлар бойы қалыптасқан барысында «әдеп», «әдептілік» деген түсініктер төңірегінде ұйымдастырған мақал-мәтелдер сайысы, ұлттық ойындар игі нәтижесін көрсетті. Тұлға бойында қайырымдылыққа баулып, жанашырлық, аяушылық сезімдердің туғызып тәрбиелеуде ертегілер рөлі жоғары. Себебі ертегі халық ауыз әдебиетінің құрылымы жағынан алғанда қарапайым, ал рухани құндылығы жағынан баға жетпес аса қымбат, көркем туынды болып есептеледі. Ертегілерді оқыту көріністер даярлау арқылы тұлға бойында сөз байлығының баға жетпес інжу-маржанын жинап, қиялына қанат бітіріп, өсіп-жетілуіне қажет нәрсенің мол қорын алдым. Тіл білімінің атасы А.Байтұрсынов «Қандай сәулетті сарайлар болсын, қандай сымбатты я кескінді суреттер болсын, қандай әдемі ән-күй болсын - сөзбен сөйлеп, суреттеп көрсетуге болады. Бұл өзге өнердің қолынан келмейді. Ал басқа өнердің бәрінің де, қызметін шама шарқынша сөз өнері атқара алады» деген.

ХИМИЯ ЖӘНЕ ТАҒАМДЫҚ ЗАТТАР

Раманкулова Камажай Серикбаевна
Байғанин ауданы Ақтан жырау негізгі мектебінің
биология және химия пәнінің мұғалімі

Адам денсаулығына ең көп зиян келтіретін молекулалар: темекі түтінінің химиясы; никотиннің адам денсаулығына әсер ету механизмі; «ауруды сездірмейтін препараттар» немесе есірткі заттардың әсер ету механизмі; ағзаның этанолмен бірінші және екінші реттік улануының механизмі; бақытсыздық жағдайында көрсетілетін алғашқы жәрдемге пайданылатын химиялық заттар және оларды қауіпсіз қолдану. Биологиялық белсенді қосылыстар: биологиялық белсенді заттар – полифункционалды тұрақты қосылыстар; жаңа тағамдық қоспалар. Дәрілік заттар және денсаулық. Дәрілік заттардың әсер ету механизмі: ауруды басатын дәрілер; ұйықтататын дәрілер; антибактериалдық және химиотерапевтикалық заттар; жүрек – тамыр дәрілері; ас қорыту органдарына әсер ететін дәрілер. Биотехнология жетістіктерінің медицинадағы маңызы. Қазіргі кезде дәрілерді пайдалануда есте сақтайтын қауіпсіздік ережелері; үйдегі дәрі қобдишасы туралы түсінік. Дәрумендер және олардың табиғаты: майда еритін дәрумендер және суда еритін дәрумендер; дәрумен тәріздес заттар; дәрумен бай табиғи тағамдық заттар.
Көрнекі көрсетулер:
1. Адам ағзасының элементтік құрамының кестесі
2. Ағзадағы химиялық элементтердің мөлшері мен әр түрлі аурулардың пайда болуы арасындағы байланысты көрсететін кесте.

3. Темекі түтінінің зиянын көрсететін сызбанұсқа
4. Этанолдың ағзаны бірінші реттік зақымдау сызбанұсқасы
5. Этанолдың ағзаны екінші реттік зақымдау сызбанұсқасы.
6. Үйдегі дәрі қобдишасы
7. Дәрумендер үлгілері
8. Тамақ өнімдеріндегі майда еритін дәрумендер мөлшерінің кестесі
9. Тамақ өнімдеріндегі суда еритін дәрумендер мөлшерінің кестесі.

Зертханалық тәжірибелер:
1. Темекі түтінінің ағзаға зияндылығын көрсететінт тәжірибе
2. Дәрілік заттардың құрамындағы катиондар мен аниондарға сапалық реакциялар: ас содасы, калий перманганаты, ащы тұз, аспирин және т.б
3. Кейбір дәрілік заттардың дизенфекциялық қасиеттерімен танысу; йод, калий перманганаты, сутек пероксиді және т.б
4. Тіс эмалінің және тіс қуысына салатын пломбаның құрамымен танысу.

Тағамдық заттар – ағзаны құраушы материал және энергия көзі; тағамдық өнімдердің құндылығы; қазақтың ұлттық тағамдары және олардың құндылығы; тағамдық шикізаттар мен жасанды тамақтарды алу; тағамдық үнемдерді үнемдеу; тамақ бұзылуын болдырмау, тағамдық шикізаттар мен тамақ өнімдерін сақтауға қолданылатын химиялық заттар, консервілеу; тағам өнімдерін талдау. Тағамдық заттардың негізгі компоненттері: Тағамдық белоктардың химиясы: алмаспайтын амин қышқылдары және олардың тағам өнімдеріндегі мөлшері мен оның коректік құндылығын жақсарту үшін қолданылуы; гормондар мен ферменттер; нуклеин қышқылдарының құрылымы және қасиеттері; тағамдық белоктар; әр түрлі ауруларды емдеудегі және алдын алудағы белоктық тағамдардың пайдасы. Көмірсулар химиясы: моносохоридтердің биологиялық рөлі және тағамдық көздері; олигосахаридтердің биологиялық рөлі және тағамдық көздері; полисахаридтердің биологиялық рөлі және тағамдық көздері; тағамдық талшықтар; пектин заттары. Май және май өнімдері химиясы: қатты және сұйық майлар және ағзадағы май алмасуының бұзылуы қаныққан және қанықпаған май қышқылдары; май тәріздес заттар; әр түрлі ауруларды емдеудегі және алдын алудағы майлардың пайдасы. Ағзадағы бейорганикалық заттар: су және тұздар, олардың алмасуы; тағамдағы микроэлементтер және олардың маңызы; «тіршілік металдары» және ағзаға зиян келтіретін ауыр металдар; ағзаға қажетті микроэлементтердің жетіспеушілігінен туындайтын аурулар.

Тамақ өнімдері және қартаю үдерісі: геронтология ғылымы туралы түсінік; социостаздың көп жасауға әсері; көп жасайтындардың тағамы; гомеостаз және тамақ өнімдері; ағзаның эндокриндік және иммундық жүйелері; диета сақтау – көп жасаудың кепілі; «қартаймаудың сыры» немесе салауатты өмір салтын сақтаудың маңызы.

Көрнекі көрсетулер:
1. Ересек адамға қажетті алмаспайтын амин қышқылдарының мөлшерінің кестесі
2. Әр түрлі тамақ өнімдеріндегі қорытылуы қиын көмірсулар мөлшерінің кестесі
3. Әр түрлі тамақ өнімдеріндегі май, фосфолипидтер және холестериннің мөлшерінің кестесі
4. Адамның бір тәулікте тамақпен бірге қабылдауы тиіс белок, май, көмірсу, дәрумендердің мөлшері көрсетілген кестелер.,
5. Қартаюды тездететін және бояулататын факторлар көрсетілген кесте.

Зертханалық тәжірибелер:
1. Тағам құрамындағы май, белок, көмірсуды сапалық анықтау
2. Әр оқушының өзіне бір тәулікке тамақ рационын жасап, соған сәйкес мәзір құрастыруы.

Тамақ өнімдеріндегі майда еритін дәрумендер мөлшері

Майда еритін витаминдер A, D, E, K, F витаминдері майға ериді, олар синтезделіп, ағзада жинақтала алады. Сондықтан олардың жетіспеушілік белгілері бірден пайда болмайды. А тобы - ретинол, дегидроретинол, провитамин - ретинол прекурсоры. Бұл сүйектердің өсуі мен дамуын, тіндердің қалпына келуін қамтамасыз ететін антиоксиданттар. Стресске төзімділіктің жоғарылауына, көру органдарының жұмысына жауап береді. Олардың жетіспеушілігі түнгі соқырлықты, терінің ерте қартаюын тудырады. D тобы - ламистерол, эргокальциферол, холецальциферол, дегидротацистерол. Бұл қосылыстар жасуша мембраналарының құрылымын қалыпқа келтіруге, митохондрияның жұмысына, қалпына келтіру процестеріне, гормондардың синтезіне жауап береді. Жетіспеушілікпен рахит, остеопороз, спазмалар, гипокальцемия байқалады. Е тобы - альфа-токоферол, бета-токоферол, гамма-токоферол. Дәрумендер репродуктивті жүйе мүшелерінің жасушаларын, нерв-бұлшықет қызметін, жүрек-тамыр жүйесінің жұмысын, терінің, шаштың және тырнақтың денсаулығын сақтайды. Жетіспеушілікпен, анемиямен, бұлшықет әлсіздігі байқалады.+ К тобы - филлоквин, менакуинон. Оның функциялары генетикалық материалдың коагуляция процестерін реттеу, бүйректердің қызмет етуі, қан тамырлары мен клапандардың қабырғаларын нығайту, дәнекер тіндердегі метаболикалық процестерді қалпына келтіру болып табылады. Гиповитаминозбен қан айналымы жүйесі ауруларының даму қаупі артады. F тобы - олеин, арахидоник, линол қышқылы, линолен қышқылдары. Олар жүрек-тамыр жүйесінің жұмысына, май алмасуын реттеуге, зақымданғаннан кейін теріні қалпына келтіруге және атеросклеротикалық шөгінділерден қорғауға жауап береді. Жетіспеушілікпен

аллергияның, қабыну ауруларының дамуы мүмкін Суда еритін дәрумендер Суда еритіндерге В дәрумені, сонымен қатар аскорбин қышқылы кіреді. Бұл заттар ағзада жиналмайды және күнделікті тамақпен қамтамасыз етілуі керек. Ішінде1 - тиамин. Ол қан айналымы процестеріне қатысады, көмірсулар алмасуын, жасуша зақымдануындағы оттегі алмасуын, жүйке жүйесін, генетикалық материалдың құрамын қалыптастыруға жауап береді. Тиаминнің жетіспеушілігімен диспепсиялық бұзылулар, тәбет жоғалуы, әлсіздік және шаршағыштық байқалады. Ішінде2 - рибофлавин. Ол дененің өсуіне, терінің және шаштың қалыпты жағдайына, түсін дұрыс қабылдауға жауап береді. А дәруменінің жетіспеушілігімен ұйқысыздық, ұйқышылдық, бас айналу, ауыздың бұрыштарында жарықтар пайда болады. Ішінде3 - никотинамид. Оның қасиеттерінің бірі - жүйке жүйесі мен бүйрек үсті бездерінің жұмысын сақтау, өт қабының секрециясы, холестеринді жою, жыныстық гормондардың синтезі. Жетіспеушілік пеллагра, ойық жара, бас ауруы, шаршау, депрессия, диспепсиялық бұзылуларды тудырады. Ішінде5 - пантотен қышқылы. Бұл бүйрек үсті бездерінің, жүйке және иммундық жүйелердің жұмыс істеуіне, май қышқылдарының метаболизмі мен терінің күйіне, аллергиялық реакциялардың төмендеуіне қажет. Бұлшықет әлсіздігімен, спазм, асқазанның ауыруы, бас ауруы. Ішінде6 - пиридоксин. Ол физикалық және психикалық денсаулықты қолдайды, дененің қорғанысын күшейтеді, жаңа жасушалық қосылыстардың өсуін тездетеді, шаш құрылымын нығайтады, псориаз мен экземаның дамуына жол бермейді. Жетіспеушілікпен, гепатоз, ұйқының бұзылуы, тітіркену, артрит, тері және тырнақ аурулары мүмкін.

ФУТБОЛ ОЙЫНЫНЫҢ ТЕХНИКАЛЫҚ ӘДІСТЕРІН МЕҢГЕРТУ НЕГІЗДЕРІ

Рахимберды Құдайберген Русланұлы
Мұғалжар ауданы Талдысай ЖББО мектебінің
дене шынықтыру пәнінің мұғалімі

Спорттың басқа түрінен өткізілетін жаттығуларда, көбінесе қосымша спорт түрі ретінде футбол ойынын қолданылады. Бұл дегеніміз футбол дененің дамуына ерекше әсер етеді, таңдаған спорт спорт түрі бойынша жақсы дайындыққа септігін тигізеді. Футбол ойыны жалпы дене дайындығының жақсы бір құрал болып қызмет атқарады. Әртүрлі бағытты өзгертіп жүгіру, түрлі секіру, құрылымы жағынан әртүрлі сипаттағы дененің қозғалысы, допты алып жүру, қозғалыс жылдамдығы, ерік сапасының дамуы, тактикалық ой – осының барлығы жиылып көптеген бағалы сапаларды жетілдіреді.

Футболдан оқу-жаттығу, жарыстар жыл бойы әртүрлі климаттық және метрологиялық жағдайлардың лезде өзгеріп отыруына қарамастан өткізіліп, соған ағзаның бейімдігін, мүмкіншілігін және қарсы тұру қабілеттілігін арттыруды қажет етеді.

Футбол ойыны бүкіл дүние жүзі халқының жан тәнімен құмарта шұғылданатын үлкен спорт түрі.

Біздің елде де қазіргі уақытта футбол өнері күн сайын даму үстінде. Қазақстан құрама командасы Азия құрылғы федерация құрамынан шығып, бүкіл әлем бойынша күштілер саналатын Европа елдерінің федерацияға мүше болып енді. Бұл өзгеріс Елімізде

футбол өнерін дамыту, дене-күш, техникалық, тактикалық, психологиялық және функционалды дайындықтарын жетілдірудің жаңа әдістері құралдарын пайдалануға септігін тигізуде. Елімізде 90-шы жылдарға қарағанда қазіргі уақытта балалар мен жасөспірімдер арасында футбол өнерінің бұқаралық екі есеге өсіп отыр. Балалар мен жасөспірімдер спорт мектебіндегі жаттықтырушыларға талап күшейіп келеді. Балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінде бірінші кезекте шұғылданушылардың дене – күшінің және техниканың дамуына ерекше назар аударылады. Оқу – жаттығу сабағында берілетін жүктеменің деңгейі шұғылданушылардың дене – күшінің ерекшеліктеріне жүктемені көтеру қабілеттілігіне қарай берілуі тиіс.

Сондықтан да оқу –жаттығу процессінде шұғылданушыларды жоғарыдағы ерекшеліктеріне қарай бірнеше топқа бөлуге болады. Жаттығу барысында жүктемені топтағы шұғылданушыларға бірдей деңгейде беру үлкен қате болып саналады. Әрбір берілген жүктемеге ағзасының жауап беру қабілеттілігін қатаң түрде бақылауымызда ұстау қажет. Бұл жерде жаттықтырушылар дәрігер және психологтармен тығыз байланыста жұмыс атқарулары қажет. Жиналған мәліметтер бойынша шұғылданушылардың берілген жүктемеге бейімделуі олардың оқу – жаттығу процесінде және жарыстарда түрлі іс – әрекеттерді, күшті жылдамдықты,ептілікті қажетті жерде қажетті мөлшерде пайдалануға мүмкіндік береді. Бұл жұмыста автордың әдістемелік эксперименталды зерттеулерінің тәжірибесі көрсетілген.

Зерттеу жаңалығы футбол ойынындағы ойыншылардың жүктемелерін орнықтыру сторттың жаттығу әдістемелеріне кіргізіле отырып дене тәрбиесінің жаңа қолайлы түрлері мен жолдарын іздестіру болып табылады.

Зерттеу барысында жоғарғы дәрежедегі футболшылардың және жаңадан бастаған шұғылданушылардың жүктемеге бейімделу тәсілдерін тәжірибеде қолдану жиілігі мен ол тәсіл туралы бар білімдері анықталады. Футболшылардың түрлі қозғалыстарының тәсілдері, әдістері жиынтығы техника ұғымын құрайды. Футбол ұғымындағы техника қозғалыстарды, аялдауды, қайырылуды, секіруді, финтті, допты алуды, сонымен қатар спецификалық-техникалық қабылдауларды ұсынады. футболда ойыншының техникалық шеберлігі оның алаңдағы әріптестерінің қарсылығына төтеп беруді, техникалық қабылдауларды дұрыс орындауы қабылдаулар мөлшерімен сипатталады. Қазіргі футболға ойыншының техникалық дамуы, универсалдығы тән. Бұл бірінші кезекте барлық техникалық қабылдауларды меңгеруі және жоғары деңгейде орындай алуы керек. Жоғары класста ойыншыларды дайындау үшін футболдың барлық техникалық арсеналын балалық шақтан бастау қажет. Мұнда үйрету әдістері ұл балалар мен қыз балалар үшін бірдей.

Техникалық қабылдауларда оқыту практикада келесі түрде күрделеніледі. Алдымен аяқпен допқа соққы беру және допты тоқтатумен танысады. Осы қабылдауды жүзеге асырып меңгерген соң 3х3, 4х4, 5х5, 6х6 ойындарына қатысуға болады. Әрі қарай үйренілген қабылдаулар негізінде әр түрлі техникалық қабылдауларды үйренуге кіріседі.

Техникалық қабылдауларды меңгермеген ойыншы футбол ойнауға жіберілмеуі керек. Алдымен, бар күшімен әдіс үйренуге кіріседі. Баспен соққы беруде әлсіз жел берілген допты қолдану керек. Оқытылып отырған техникалық қабылдаулардың дұрыс орындалуын қамтамасыз ету үшін, қозғалыстың әрбір деталін білу қажет. Табанмен допты тебуде соққы беретін аяқ табаны жанына бұрылып тұру қажет. Табанның ішкі жағымен берілген соққы табысты болып табылады. Бұл соққылар күшті емес, бірақ дәлдігімен ерекшеленеді. Қабылдаулармен танысқаннан кейін оны практикада жасап көрумен аяқталады.

Техникалық қабылдаулар бірыңғай жинақы және дара әдістер көмегімен жүзеге асырылады. Бірыңғай әдіс қабылдауларды оқытуда жетекші әдіс болып табылады. Ал оқытуда күрделі қабылдауларды үйретуде, мысалы, аяқпен допқа соққы беру, баспен соққы беру, ұшып келе жатқан допты қағу және қайтару т.б.қабылдауларды үйренуде дара әдістерді қолдану керек болады. Бұл жас футболшылар элементарлы қабылдаулардан біртіндеп күрделене беретін қабылдауларды меңгеруіне септігін тигізеді. Дара әдістерді қабылдау негізінде қателіктер жіберілуі мүмкін. Бұл жағдайда әрбір қабылдаудың қимылдарын жеке-жеке үйрену қажет.

Техникалық қабылдаулардың күрделілігін үйретуде алдымен орнында тұрып, сосын қимылмен, қарсыласпен пассивті, қарсыласпен активті түрде, соңында ойын алаңында жүргізіледі.

Ойыншының қабылдаулары жүзеге асырып көруі уақытпен шектелмейді, әбден жаттығып болған соң, ойын алаңында сыннан өтеді.

Техникалық қабылдауларды үйрету барысында жаттығушының әрбір уақытта тактикалық есептілігі де қалыптасады. Мұнда келесі тәуелділік орын алады. Ойыншының техникалық қабылдаулары түрлі болған сайын, оның тактикалық потенциалы да көп болады.

Техникалық қабылдауларды бекіту жаттығулар мен қозғалыстарды ойын кезінде жасаумен жүзеге асырылады. Осыған байланысты басты назарда футболшының ойын қимылдарына көңіл бөлу керек. Олардың үйренген техникалық қабылдауларды дұрыс жүзеге асыра білуі олардың ептілігін арттыра түседі, мысалы, бір қабылдау басқа да сапалардың артуына себепші болады. Секіріп баспен соққы беру, соққы беруді де сонымен қатар, секіргіштікті де арттырады.

Аяқпен допқа соққы беруді үйрету

Допқа аяқпен соққы беру футбол ойынының басты техникасы болып табылады. Орындау қабілетіне қарай ол соққылар ішкі табанмен, табан сыртымен, орта, ішкі және сыртқы т.б. болып бөлінеді. Қабылдауда жаттығу күші бар аяқпен бастау алады. Одан соң барып әлсіздеу

аяққа көшеді. Бұл қабылдауды жаттығуда келесі әдісте есте сақтаған жөн:қимылсыз тұрған допқа соққы беру, қадам басып, қимылды допқа соққы беру, жүгіріп келіп қимылсыз допқа, жүгіріп келіп қимылды допқа соққы беру. Бұл жағдайларда доп бағытының дұрыстығына назар аудару керек. Сонымен қатар берген соққылардың техникалық қабылдауларға сәйкес келуін қамтамасыз етуі керек. Қабылдауларды жүзеге асыруда соққының дәлдігі, сонан соң күші ескеріледі.

ӘДЕБИЕТТІ ОҚЫТУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Сакенова Улболсын Сериковна
Мұғалжар ауданы №4 Ембі қалалық ЖББО мектептің
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

Әдебиет методикасы – педагогикалық ғылымдардың саласына жататын ғылыми пән. Мұның қамтитын объектісі, қарастыратын мәселелері педагогикалық процесс, яғни мектепте әдебиетті оқыту сабақтары кезінде мұғалім мен оқушылардың оқу-тәрбиелік процестегі өз ара қарым-қатысы болып табылады. Демек, әдебиеттік материалдарды оқып үйрену негізінде оқушыларға әдеби білім мен коммунистік тәрбие беру жөніндегі туатын заңдылықтарды қарастырады. Бұл мақсат-міндеттерді ойдағыдай жүзеге асыруда, сөз жоқ, педагогика ғылымының, оның теориясының жалпы қағида ережелеріне сүйенеді. Бірақ әдебиет методикасы педагогика сияқты мектеп, оқу-тәрбие мәселелерін тұтас алып қарастырмай, тек көркем әдебиетті оқып үйрену негізінде оқушыларға берілетін білім мен тәрбие мәселелерін өз шеңберінде ғана алып баяндайды. Мектептегі өзге оқу пәндері сияқты әдебиет пәнін оқытуда қолданылатын көптеген негізгі және көмекші әдістер бар. Бұлардың кейбіреулері барлық оқу пәндеріне, әсіресе гуманитарлық пәндерге ортақ әдістер болып табылады. Осымен қатар тек әдебиетті оқытуда ғана қолданылатын әдіс-тәсілдер де бар. Мысалы, көркем сөз текстін мәнерлеп оқу, түсініктеме бере, талдау жасай отырып оқу, сюжетті шығарманы әр түрлі вариантта ауызша мазмұндау т.б. Енді әдебиетті оқытуда қолданылатын кейбір әдіс-амалдарға қысқаша тоқталу, олардың әдебиетті оқып үуренудің қандай мәселелерімен байланысты қолданылатынын әңгімелейік. Алдымен баяндау әдісіне тоқталайық. Бұл – әдебиетті оқытуда қолданылатын негізгі әдістердің бірі. Әдебиет сабақтарында баяндау әдісі арқылы ірілі-ұсақты көптеген мәселелер (оқу материалдары) түсіндіріледі. Әдебиетті оқытуда қолданылатын сұрақ-жауап түріндегі әңгіме әдісіне келсек, бұл да әдебиет сабақтарында жиі кездесетін негізгі әдістердің бірі. Мысалы, бұрын өтілген материал мен жаңа өтілген матеиалды қайталап пысықтап бекіту, қорыту оқылған шығарманың мазмұнын қаншалықты ұққандығын байқау, шығарманы талдау, ауызша, жазбаша тіл дамыту сияқты жұмыстармен байланысты қолданылып отырады. Әдебиетті оқытуда қолданылатын тағы бір әдіс бар, ол – көркем сөз тексін мәнерлеп оқу әдісі. Бұл әдісте әдебиет сабақтарында әсіресе IV- VII сыныптарда, көбірек қолданылады. Мысалы, көлемі шағын шығармаларды (қысқа өлең-жырлар, әңгімелер, үзінділер, мысал өлеңдер т.б.), ақын, жазушының өмірбаяны мен творчестволық жолын айқын түсінуге көмектесетін шығарма тексттерін, сондай-ақ жоғары кластарда тарихи-әдеби шолуларды өткенде, дәуір әдебиетінің өзгешелік сыр-сипатын түсінуге жәрдемі тиетін үзінділерді т.б. мәнерлеп оқу. Ретіне қарай тексты мұғалім де, оқушыларда кітап бойынша да, қажеттілігіне қарай жатқа да мәнерлеп оқиды. Әдебиетті оқытуда қолданылатын ендігі бір әдіс – түсініктеме бере отырып оқу әдісі. Бұл әдіс көлемі шағын шығармаларды немесе қысқа үзінділерді текстің мазмұн жігіне қарай бөліп оқи отырып, жол-жөнекей талдау жасап отыру мақсатымен қолданылады. Мысалы,тарихи-әдебишолулар,ақын,жазушыныңөмірі мен творчестволық қызметіне сипаттама, әдебиеттің тарихы мен теориясына байланысты мәселелерді жинақтар қорту, көркем шағарманы талдау т.б «Көркем шығарманы талдамас бұрын оны дауыстап оқып, дауыстап жеткізу керек. Сонда ғана шығарма балаға барынша әсер етеді» М..А. Рыбникова. «Көркем шығарма - әдебиеттің құндылығы. Көркем шығарманы оқыту – оқушының сөз қадірін түсінерлік ойлау әрекетін дамыту, рухани дүниесін байыту, эстетикалық талғамын жетілдіру, адамгершілік қасиетін қалыптастыру» - деген болатын әдебиет зерттеуші – ғалым, белгілі жазушы, ұлағатты ұстаз Қажым Жұмалиев. Оқушы әдебиет сабағында көркем

шығарманы қабылдау керек.Бұл – оңай үрдіс емес. Қабылдау деген сіз бере салғанды ол ала қоятын зат емес. Ол – оқушының өзінің жан қалауымен, жүрек сезімімен, рухани әрекетімен жүзеге асатын дүние. Қандай жақсы көркем шығарма болмасын оқушы қабылдау үшін әрекет жасамаса, автордың жай күйзелісін, шалқар шабытын бойынан өткізіп, көркем суретті көз алдына елестетіп, келтіре алмаса бәрі бос сөз. Оқушыдағы осы сезімді ояту – мұғалімнің қолында, яғни, оқушыға әдеби білім беру, әдеби, эстетикалық, адамгершілік қасиеттерін дамыту үшін мұғалім әдебиетті оқыту барысында әдіс – тәсілдерді орнымен қолдану қажет. Әдебиет - өнер, әдебиет - ұлттық қазына, асыл мұра. Әдебиет – ұлттық танымның қайнар көзі, сондықтан көркем шығармадан алынған үзінділерді оқулыққа ендіруде төмендегідей қағидалар басшылыққа алынған:
1. Шығарманың жанрлық, композициялық тұтастығы;
2. Оның ұлттық қазына екендігі;
3. Мәтіндердің сәйкестігі мен сабақтастығы;
4. Әдебиетті сөз өнері ретінде таныту;
5. Оқушы тілін дамыту негізінде оқырмандық біліктілікті қалыптастыру;
6. Оқушылардың тілдік қатынасын коммуникативтік түрде дамыту;
Бұл жерде міндетті түрде оқушылардың пән бойынша іскерліктерін танытатын, жалпы іскерліктерін дамытатын шығармашылық әрекет қажет. Әдістеме аппаратының басты функциясы – көркем шығарманы қабылдатуға үйрету болғандықтан оқушы мен мұғалім арасында жүйелі байланыс орнығуы керек. Әдебиетті оқыту көркем шығарманы оқудан басталады. Көркем шығарманы оқу үйде, сыныпта жүргізіледі. Көркем туындыны оқуда мәнерлеп оқу, әр сөзді айқын, түсінікті оқу, жинақы оқу, дауыс естілімінің де ашық болуы талап етіледі. Оқушыны көркем мәтіннің оқу түрлеріне дағдыландыру керек. Көркем мәтінді оқу түрлерін жіктеп ажыратамыз:
1) көркем мәтіндегі жазушы ойын мұғалім көмегімен аңғара оқу. Оның мән-мағынасын тұшына, түсіне оқу. Қиын, түсініксіз образды, айшықты сөздерді ұғына оқу, яғни лингвистикалық түсіндірмелі оқу;
2) таңдап оқу. Белгілі мақсатпен қойылған сұрақтарға жауап іздеп, тіл көркемдігін дәлелдеу, портрет, пейзаж, образды табу;
3) іштен оқу немесе өздік оқу. Іштен оқудың оқушыны жеке, өз бетімен жұмыс істеуге баулудағы маңызы ерекше зор. Ойлану, өз бетімен іздену, жауап табу, дербес белсенділігін арттырудағы іштен оқудың атқарар рөлінің ерекше екендігі;
4) рөлге бөліп оқу. Рөлге бөліп оқу таным белсенділігі, қызығушылығын арттыруда, қабілеттерін дамытуда, сабақтың эмоциялық, психологиялық мәнін нәрлендіруде пайдалы;
5) хормен оқу. Оқу техникасын жетілдіру, мәнерлі, айқын оқу, көркем мәтінмен жұмыс істеуге баулу бүкіл сынып оқушыларын көркем оқуға ұйымдастыруда тиімді;
6) ұжымдық оқу. Әсіресе, даралап оқытуда тиімді. Оқу техникасына, мәнерлеп оқуына қарай, оқушыларды топқа бөле отырып, мұғалім ұжымдық оқуды тиімді ұйымдастырса, көркем мәтінді тез меңгертуге ықпал жасайды, мәтінді оқуға деген оқушы ынтасын арттыруға әсер етеді;
7) жұптық оқу. Жұптық оқудың тиімділігі, біріншіден өз беттерімен оқу техникасын жетілдіру дағдыларын дамытады, екіншіден ұқыпты тыңдай білуге, бір-бірінің жұмысына талдау жасай білуге икемдейді;
8) мәнерлеп оқу. Мәнерлеп оқу-әдебиетті оқытудың басты әдістемелерінің бірі. Мәнерлеп оқудың мақсаты:
а) оқушыларға көркем туындының эмоциялық-эстетикалық әсерін сезіндіру;
ә) көркем мәтінге жан беру, әр сөздің мәні мен мағынасын, сөз бояуларының нақышын сезе білу;
в)көркем мәтіндегі айтар ой мен поэтикалық көркемдікті өздеріне болжату, түсіндіру, мәтінді талдау дағдыларын дамыту.

КАК ИСКУССТВЕННЫЙ ИНТЕЛЛЕКТ МЕНЯЕТ СФЕРУ ОБРАЗОВАНИЯ

Давлеткалиева Елизавета Султановна,
заведующая кафедры педагогики и предметных методик
филиала АО НЦПК «Орлеу» ИПР по Актюбинской области, к.п.н.

Технологии искусственного интеллекта (ИИ) с каждым годом все глубже проникают в сферу образования. Они способны изменить привычные методы и способы обучения. Возможности ИИ улучшают образовательные процессы и заставляют переосмыслить подходы к обучению. Одновременно с этим появляется ряд вопросов о негативном влиянии ИИ на сферу образования. На них обществу приходится искать ответы уже сейчас. Развитие генеративного ИИ и массовое распространение больших языковых моделей, наподобие ChatGPT, спровоцировало новую волну обсуждений роли этой технологии. ИИ оказывает разное влияние на отрасли экономики и сферы нашей жизни. Технологические компании получают наибольшую отдачу от внедрения. По данным экспертов McKinsey, мировой доход ИТ-отрасли за последующие два года может вырасти на 9% благодаря ИИ. В сфере образования интеграция ИИ имеет свою специфику. Основная цель внедрения технологий в образовательные процессы — это не получение экономической выгоды, а повышение качества обучения, которое сложно измерить объективной системой показателей. Тем не менее в McKinsey считают, что внедрение ИИ обеспечит рост доходов мировой индустрии образования до 4%. Технологии разными темпами проникали в сферу образования и до сих пор не меняли ее кардинально. Модель «учитель — ученик» существует с древних времен, когда только зарождались первые школы. Она не изменилась даже после появления в образовательных учреждениях компьютеров в 60-70-х годах прошлого века. В XXI веке внедрение технологий в процесс обучения идет более активно, в первую очередь, это обусловлено широким распространением связи и интернета. Сильным стимулом стала и пандемия коронавируса, которая заставила школы и университеты по всему миру перейти на дистанционный формат обучения. ИИ обладает большим потенциалом для индустрии образования. В первую очередь, он берет на себя автоматизацию рутинных задач, которые отнимают много времени у преподавателей. ИИ может стать проводником в обучении для студентов и школьников. Сегодня формируется рынок приложений и инструментов на базе ИИ, на основе которых можно выделить несколько тенденций. Персонализированное обучение — это модель обучения, при которой образовательный процесс разрабатывается с учетом индивидуальных потребностей и стремлений учащегося. Такой подход обеспечивает более эффективное усвоение материала, повышает мотивацию студентов или школьников и помогает им достигать поставленных целей в обучении с учетом их способностей и скорости прогресса. Исследователи выделяют несколько форм персонализированного обучения, в числе которых самообразование, дифференцированное и адаптивное обучение, интеллектуальные системы. При этом такая модель обучения обязательно предусматривает качественную обратную связь и постоянную корректировку маршрута образования. Персонализированное обучение востребовано как в корпоративном мире, так и в образовании. Исследования демонстрируют, что персонализированная модель при поддержке технологий положительно влияет на результаты обучающихся. В отчете Всемирного экономического форума (ВЭФ) подчеркивается, что пока цифровым инструментам не удалось повторить преимущества индивидуального обучения (один на один с преподавателем, репетитором), но достижения в области ИИ способны улучшить ситуацию. Алгоритмы ИИ анализируют данные учеников и настраивают содержание учебных программ под их уровень, стиль и темп. Оперируя большими данными и запоминая слабые и сильные стороны ученика, ИИ прогнозирует, на каком этапе могут возникнуть проблемы с усвоением материала, и корректирует образовательный путь. Особым преимуществом инструментов на базе ИИ является способность давать обратную связь в режиме реального времени. Образование — сложный и многосторонний процесс, в котором помимо обучения есть большой пласт административной работы: составление отчетов, программ, расписаний, учет посещаемости и так далее. При классическом образовании предполагается, что основное рабочее время учителя должны использовать для взаимодействия с учениками. Однако, как показал опрос, у учителей подготовка отчетов отнимает больше времени, чем работа с детьми. 42% респондентов ответили, что тратят на «бумажную работу» очень много времени. Интеллектуальные системы помогают облегчить работу

как администрации образовательных учреждений, так и учителей и преподавателей. Помимо оптимизации рутинных и бюрократических задач, инструменты на базе ИИ анализируют большие объемы информации об успеваемости, посещениях, поведении учеников. Это помогает преподавательскому составу принимать более точные решения об организации учебного процесса. Исследование НМН показало, что учителя видят пользу ИИ в трех областях своей деятельности: в работе с документами и отчетами (51%), составлении планов уроков (48%) и написании текстов (41%). Проверка домашних заданий, контрольных, лабораторных занимает много времени. Часто эту часть работы учителей и преподавателей относят к рутинным задачам. Мы решили выделить тенденцию в отдельный пункт, так как сегодня ИТ-отрасль предлагает широкий спектр решений в этой области. Оценка — это обратная связь ученику, поэтому списывать этот процесс на рутину и бюрократию не хотелось бы. Системы оценки письменных работ анализируют, как учащийся выполнил задание, классифицируют ошибки и дают рекомендации по их исправлению. Решения на базе ИИ могут оценивать как стандартизированные тесты, так и более творческие работы, например, эссе. Различные инструменты на базе ИИ помогают учителям и ученикам оптимизировать процесс обучения. Например, используя генеративный ИИ, учителя могут быстро создавать контент для учебных материалов, презентации, однотипные задания и др. Также решения позволяют анализировать учебные метрики, адаптировать учебные программы под потребности конкретных учеников, автоматизировать рутинные операции. Виртуальные помощники для учащихся помогают пользователям самостоятельно управлять процессом обучения. Они подсказывают траекторию, дают обратную связь, предлагают решать задания. В отличие от учителя-человека, виртуальные помощники доступны 24/7 и могут «говорить» на разных языках. Существуют также примеры цифровых учителей. Общение между учеником и системой происходит при помощи голоса, что максимально имитирует разговор с человеком. Самый доступный инструмент — различные нейросети. Виртуальные помощники и ИИ-сервисы помогают не только оптимизировать работу учителей. ИИ-инструменты решают проблемы с дефицитом квалифицированных преподавателей. Например, на юге Африки большая нехватка учителей. К образовательному процессу привлекаются люди с базовой подготовкой, а некоторым преподавателям приходится совмещать сразу несколько предметных областей. ИИ помогает им создавать качественный контент для уроков, разрабатывать планы занятий по высоким стандартам и др. Таким образом, дети из самых удаленных уголков планеты получают более качественное образование. ИИ способен удовлетворить потребности всех групп учащихся с уникальными особенностями и ограничениями. Интеллектуальные системы, персонализированные сервисы, о которых говорилось выше, адаптируют образовательный контент под способности учеников. Более того, вспомогательные технологии такие, как обработка естественного языка и компьютерное зрение, виртуальная и дополненная реальности повышают доступность образования для людей с ограниченными возможностями. Инструменты на базе ИИ для распознавания эмоций помогают преподавателям понимать эмоциональное состояние подопечных. Это особенно важно при работе с учениками с аутизмом или эмоциональными расстройствами, которые нуждаются в эмпатичной среде обучения. Алгоритмы ИИ способны проанализировать успеваемость и поведение учащихся и выявить потенциальные проблемы. Это способствует раннему выявлению трудностей и нарушений в развитии и помогает оказать адресную поддержку. Внедрение ИИ в образование сопровождается рисками. Требуется больше исследований о влиянии технологий на наши когнитивные и коммуникативные способности. Бесконтрольное и неоправданное использование технологий может изменить развитие человечества в нежелательную сторону. Чрезмерное использование ИИ-технологий в обучении может привести к тому, что живое взаимодействие между учителем и учениками, а также между самими учащимися, будет сведено к минимуму. Это негативно сказывается на развитии социальных навыков, эмоционального интеллекта и способности к критическому мышлению, которые в значительной степени формируются именно в процессе личного общения. Кроме того, отсутствие непосредственного контакта с учителем может лишить учеников возможности получать индивидуальную обратную связь, наставничество и поддержку, которые так важны для успешного обучения. Живое общение позволяет учителю лучше понимать потребности и особенности каждого ученика, что сложно воспроизвести с помощью ИИ. Повсеместное распространение ИИ опасно тем, что человек будет перекладывать решение задач и когнитивных функций на компьютер. В тоже время наши когнитивные способности ослабевают, так как мы перестаем их использовать. Об этой проблеме говорится в отчете ЮНЕСКО «Искусственный интеллект в образовании: изменение темпов обучения». Сегодня сложно сказать, как именно ИИ влияет на наши когнитивные способности в долгосрочной перспективе. На этот счет есть противоречивые результаты исследований. Например, ученые изучали влияние ChatGPT на навыки творческого, критического мышления и рефлексии. Они провели эксперимент на двух группах студентов, одна из которых использовала чат-бот, другая — нет. Ученые пришли к выводу, что ИИ положительно влияет на творческое и критическое мышление студентов.

Однако в статье они оговорились, что ChatGPT лишь частично повторяет человеческое творчество, которое формируется под влиянием социокультурных факторов и личного опыта. Поэтому влияние ИИ на развитие учащихся будет зависеть от педагогических стратегий. Использование ИИ в образовании сопряжено с рисками для конфиденциальности данных учащихся и педагогов. Для обучения алгоритмов требуются массивы информации. Системы обрабатывают имена, адреса, оценки, биометрические данные и даже характеристики поведения. Образовательные решения на базе ИИ должны обладать высоким уровнем защиты от взломов. Кроме этого, необходимо исключать риск раскрытия конфиденциальных сведений в закономерностях и аномалиях, которые выявляет ИИ. ИИ может оказаться предвзятым, так как его обучение проходит на основе искаженных, недостаточных, некорректных данных. Его выводы и ответы могут привести к дискриминации по разным принципам. Предвзятость бывает случайной, когда разработчики изначально не закладывали в обучении модели «злого умысла». Но также ее можно создать искусственно, обучая модели на узких, необъективных, устаревших данных. При этом ЮНЕСКО отмечает, что модели ChatGPT обучаются на данных, которые в основном отражают ценности и социальные нормы стран Северного полушария. Соответственно, это ставит в неравное положение жителей Южного полушария, так как информация не отражает их социокультурный и исторический контекст. Несмотря на то, что за последние несколько лет цифровой разрыв в мире значительно сократился, все еще у 2,6 млрд человек, по данным EDISON Alliance, нет связи с интернетом. Сегодня доступ к цифровым технологиям является необходимым условием для полноценного участия в обществе и получения важных услуг, в том числе образования. Последние достижения в области технологий и ИИ распространяются быстрыми темпами в развитых странах, тем самым ускоряя их экономический прогресс. Выше мы говорили, что ИИ способен сделать образование более доступным. Однако в условиях существующего цифрового неравенства есть риск, что далеко не все люди смогут воспользоваться его преимуществами, что усугубит разрыв. При интеграции ИИ в сферу образования необходимо сбалансировать потенциальные возможности и риски. В отчете ВЭФ «Shaping the Future of Learning: The Role of AI in Education 4.0» подчеркивается, что должна сохраниться центральная роль учителя в системе образования. Так как дети и молодые люди особенно уязвимы, то необходимо развивать их грамотность в области ИИ и способность к критическому анализу. Интеграция должна происходить при комплексном государственно-частном партнерстве и при взвешенной оценке воздействия. В отчете предлагается пять условий, на основе которых можно сбалансировать пользу и риски:

- В разработке образовательного ИИ должны участвовать преподаватели и лидеры индустрии, чтобы он отвечал разнообразным потребностям учащихся;
- Необходимо обеспечить защиту информации, внедряя надежные протоколы конфиденциальности и безопасности;
- Инновационные модели финансирования обеспечат беспрерывное совершенствование алгоритмов, проведение независимых испытаний и оценок решений ИИ;
- Студенты, преподаватели и специалисты сферы образования должны проходить обучение по работе с ИИ, чтобы использовать его наиболее эффективно и безопасно;
- Принципы равенства и инклюзивности должны занимать центральное место при разработке программ, обеспечивающих широкое распространение грамотности в области ИИ.

По мнению ЮНЕСКО, сфера образования недостаточно готова к грамотной интеграции ИИ. По данным опроса организации среди школ и университетов, только порядка 10% из них имеют стратегию или официальные политики использования генеративного ИИ. В сентябре 2023 года ЮНЕСКО выпустило первое Глобальное руководство по использованию генеративного ИИ в образовании и научных исследованиях. Ключевое предложение организации — введение возрастного ценза в 13 лет на работу с программами ИИ. Организация призывает государства разработать нормативную базу применения ИИ в образовательных учреждениях.

Использованная литература

1. Сидоркина, И.Г. Системы искусственного интеллекта: Учебное пособие / И.Г. Сидоркина. - М.: КноРус, 2011. - 248 с.
2. Черняк, В.З. Системы искусственного интеллекта: модели и технологии, основанные на знаниях: Учебник / В.З. Черняк. - М.: Финансы и статистика, 2012. - 664 с.

«ҮЗДІК ҚАЛАМ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТАНЫМДЫҚ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛ
REPUBLICAN SCIENTIFIC AND EDUCATIONAL, METHODICAL JOURNAL
РЕСПУБЛИКАНСКИЙ НАУЧНО-ПОЗНАВАТЕЛЬНЫЙ, МЕТОДИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ

МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРІН ДАМЫТУ

Жусупова Амандык Омаровна
Ақтөбе қаласы, №42 «Айналайын» МДҰ МКҚК тәрбиешісі

Мектеп жасына дейінгі балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту – олардың тұлғалық, әлеуметтік, және интеллектуалдық дамуы үшін аса маңызды. Бұл кезеңде балалардың шығармашылық потенциалын ашу арқылы оларды жаңа идеяларға бейім, әрекетшіл әрі өзіндік ойлауға үйретуге болады. Мақсатқа жету үшін бірнеше әдіс-технологияларды қолданып, балаларға өнер мен қолөнер, музыка мен би, қиял мен әңгімелеу, табиғатпен танысу, және ойын арқылы оқыту ұсынылады. Сурет салу балалардың қиялын, көру және қол қозғалысын үйлестіруін дамытуға көмектеседі. Сурет салудың түрлі тәсілдері: түрлі түсті қарындаштар, бояулар, қағаз түрлерімен танысу; табиғат элементтерін немесе қиял әлеміндегі кейіпкерлерді бейнелеу; шығармашылығын қолдау, мақтау мен сұрақтар қою арқылы ынталандыру; және топтық жұмыстар жасауды қамтиды. Осындай шығармашылық процестер балалардың қабілеттерін кеңейтеді, түсініктерін тереңдетеді, және оларды еркін ойлауға/ Сондай-ақ, балалардың музыкалық қабілеттерін дамыту да шығармашылық тұрғыдан маңызды. Музыка пәнінде балалар тыңдау, ырғақты сезіну, және топта ән айтуды үйрене отырып, өз эмоцияларын білдіруге, қоғамда белсенді болуға, және бірлескен іс-әрекетке қатысуға мүмкіндіктер алады. Музыкалық ойындар мен ритмдік жаттығулар балалар арасында серіктестік сезімін қалыптастыруға, әрі шығармашылық ойлауды дамытуға септігін тигізеді. Би мен қозғалыс шығармашылық дамудың тағы бір маңызды бағыты. Балалар би арқылы өз денесін, қимылдарын, және ритмді сезінуге үйренеді. Бұл оларды физикалық белсенділікпен қатар, эмоциялық дамуға да ықпал етеді. Әртүрлі стильдегі билер, ойындар мен композициялар балалардың шығармашылық арсеналын арттырады, жаңа идеяларды дүниеге әкелуге мүмкіндік береді. Табиғатпен танысу балалардың қоршаған ортаға деген қызығушылығын арттырып, шығармашылық ойлауын ынталандырады. Таза ауада экологиялық ойындар, табиғаттың әсемдігін байқап, ондағы элементтерден шабыт алу - бүлдіршіндердің қиялын ұштап, оларды белсенді, ізденімпаз тұлға ретінде тәрбиелейді. Сонымен қатар, театр өнері де балалардың шығармашылық дамуында маңызды рөл атқарады. Театр арқылы балалар рөлдерді сомдап, сахнада түрлі кейіпкерлердің образына еніп, өздерінің эмоцияларын тереңірек түсінеді. Бұл процесс оларға сөздік қорын дамытуға, сөйлеу дағдыларын жетілдіруге, және сенімділік сезімін қалыптастыруға көмектеседі. Сахнадағы тәжірибе әлеуметтік дағдыларды нығайтуға, партнерлік қарым-қатынастарды құруға мүмкіндік береді. Арт-терапия сияқты шығармашылық тәсілдер де балалардың эмоционалдық күйін жақсартуға ықпал етеді. Сурет салу, мүсіндеу немесе қол өнері балалардың ішкі дүниесін аша отырып, өз идеялары мен сезімдерін шығармашылық түрде көрсетуге мүмкіндік береді. Бұл процесс арқылы балалар қиялын дамытады, проблема шешу дағдыларын машықтандырады, әрі стрессті басқаруға үйренеді. Сондай-ақ, шығармашылық ойындар мен жобалар балаларға командалық жұмыс жасауды үйретеді. Бірлесіп істеген жұмыстарда көзқарас айырмашылықтарынқабылдау,пікірталасжүргізу,және конструктивті шешімдер қабылдау маңызды. Осындай дағдылар болашақта балалардың қоғамда белсенді, жауапты азамат болып қалыптасуына негіз қалайды. Мектепке дейінгі ұйымдағы тәрбиеші ретінде өз қызметімде балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту үшін мен сурет салу әдісін белсенді қолданамын. Мен осы әдісті тиімді қолданудың бірнеше ұсыныстарын ұсынамын. Сурет салу балалардың қиялын, көру және қол қозғалысын үйлестіру қабілеттерін дамытуға көмектеседі. Міне, сурет салу арқылы шығармашылық қабілеттерді дамытуға бағытталған бірнеше тәсілдер мен ұсыныстар:

1. Сурет салу материалдарын таңдау.

- Қарындаштар мен түрлі бояулар: Балаларға түрлі түсті қарындаштар, бояулар (су бояулары, гуашь, акварель) беріп, олардың түстерді тану және қолдану қабілеттерін дамытуға болады.
- Қағаз түрлері: Әр түрлі текстурадағы қағаздар мен картондар, түрлі түсті қағаздар балалардың шығармашылық тәжірибелерін кеңейтеді.

2. Тақырыптық сурет салу.

- Табиғат: Жапырақтар, гүлдер, ағаштар сияқты табиғат элементтерін суретке түсіру балалардың табиғатқа қызығушылығын арттырады.
- Қиял әлемі: Ертегілер мен фантазиялық кейіпкерлерді (жануарлар, суперқаһармандар, қиялдағы әлемдер) суретке салу баланың қиялын дамытуға ықпал етеді.
- Күнделікті өмір: Отбасы мүшелері, достар, ойыншықтар сияқты таныс заттарды бейнелеу баланың қоршаған ортаны түсінуіне көмектеседі.

3. Сурет салудың түрлі әдістері.

- Бұрынғы және жаңа тәсілдер: Әртүрлі техникамен

(бояу, құрғақ бояулар, су бояулары, текстура жасау) танысу балалардың өнердегі шеберліктерін арттырады.

- Қолдану техникасы: Бояуды қолға немесе саусақтарға жағып, суреттің түрлі әсерлерін жасау балалардың қол моторикасын жақсартады.

4. Шығармашылыққа ынталандыру.

- Мақтау және қолдау: Балалардың суреттерін бағалап, мақтап, олардың шығармашылығын қолдау өте маңызды. Бұл балалардың өздеріне деген сенімін арттырады.

- Сұрақтар қою: Суреттің мәнін сұрау, олардың ойларын тыңдау арқылы балалардың шығармашылық идеяларын дамытуға көмектеседі.

5. Топтық жұмыстар.

- Бірлескен жоба: Балалармен бірге үлкен суреттер немесе панно жасау, бір-біріне көмектесу, өзара идея алмасу олардың әлеуметтік дағдыларын және шығармашылық қабілеттерін арттырады.

6. Интерактивті ойындар.

- Сурет салу ойыны: Сурет салып болған соң, оны әңгіме құрастыру үшін пайдалану. Мысалы, салынған суретке байланысты әңгіме ойлап табу.

7. Сурет салу мен табиғатқа шығып көру.

- Табиғатқа шығып сурет салу: Табиғаттың түрлі көріністерін суретке түсіру арқылы балалардың табиғатқа деген қызығушылығын арттыруға болады.

8. Арт-терапия элементтері.

- Эмоционалдық шығару: Сурет салу балалардың эмоцияларымен жұмыс істеуге көмектеседі. Балалар өздерінің көңіл-күйлерін, сезімдерін суретке түсіру арқылы жеңілдетеді. Бұл әдістер балалардың сурет салу арқылы шығармашылық қабілеттерін дамытуға, өздерінің идеялары мен сезімдерін білдіруге мүмкіндік береді. Сурет салу арқылы балалардың ойлау қабілетін, эмоциялық интеллектін және эстетикалық түсінігін дамытуға болады.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы.
2. Жанатбекова Н. Шығармашылық қабілеттілік – даму негізі // Қазақстан мектебі. – 2016. - №2. – 15-18 б.
3. Меңжанова А. «Мектеп жасына дейінгі балалар көркем әдебиет арқылы тәрбиелеу/ методикалық құрал/ Алматы: Мектеп 2017. -119б.
4. Мектеп жасына дейінгі балалардың шығармашылық қабілеттерін қалыптастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар. ҚР Білім және ғылым министрлігінің «Мектепке дейінгі балалық шақ» республикалық орталығы – Астана: 2016. 40 – бет.
5. Рахымтаева Ә. Баланың шығармашылық кабілетін дамыту. Бастауыш мектеп. - 2018. - N7. - Б. 35-36

«ҮЗДІК ҚАЛАМ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТАНЫМДЫҚ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛ
REPUBLICAN SCIENTIFIC AND EDUCATIONAL, METHODICAL JOURNAL
РЕСПУБЛИКАНСКИЙ НАУЧНО-ПОЗНАВАТЕЛЬНЫЙ, МЕТОДИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ

ЭМОЦИЯ ЖӘНЕ ОНЫ БАСҚАРУ

Сулекенова Гулжан Утесиновна
Ақтөбе қаласы, № 56 ЖОББМ
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

Адамзат айналаны танып білумен қатар, өз болмысындағы кері байланысын эмоция арқылы беретіні белгілі. Жалпы эмоцияның көрінісі қандай болмақ?

• Басқаларды түсіну үшін алдымен өзімізді танып білу керекпіз.
• Өзін-өзі реттеген адам көркем мінезге ие болады.
• Эмпатиялық сезімі бар адам өзін де өзгелердің де жан дүниесін түсініп жүреді.

Жақсы эмоциядағы адамдар жан-жағына жақсы энергия , эмоция сыйлайды және басқаларды да жақсы қабылдайды. «Өмірдің 10 пайызы - сіздің өміріңізде болып жатқан оқиғалар және 90 пайызы – сіздің оған қалай жауап қайтаратыныңыздан, реакцияңыздан тұрады» деп Чарльз Свиндолл текке айтпаған.

Ғылым мен технологияның қарқынды даму ғасырында адамзаттың бойынан жоғалып бара жатқан құнды қасиеттердің бірі – эмоциналды интеллект. Өскелең ұрпақтың бойында өркениетті қоғамның өркендеуіне өзіндік үлесін қосар пайдасы тиер қасиеттердің болуы өте өзекті. Эмоционалды интеллект дегеніміз не? Ол адамның әуелі өзінің содан соң өзгелердің қалауын, ниетін, мотивациясын, эмоциясын түсінуі, тану қабілеттері мен дағдыларының жиынтығы, практикалық мақсаттарды шешу жолында өзінің эмоцияларын және басқалардың эмоцияларын басқару қабілеті болып табылады. Статистикалық мәліметтерге сүйенсек, материалдық және рухани тұрғыда табысқа жеткен жандардың 90%- ының EQ деңгейі жоғары көрсеткіште болған. IQ+дағдылар+EQ – бұл табысты адамдардың формуласы.

Өзімізге мотивация беру. Эмоциямызды өзіміздің нақты мақсатымыз үшін қолданып, бағыттай білсек, зейініміз де, шығармашылығымыз да, біліктілігіміз де артады екен. Мұндай қабілетке ие адамдар жұмысты өнімді атқарады. Сол үшін эмоциямызды дұрыс басқару мақсатқа жетудің жолы екенін есімізге түсіріп отыру қажет.

Эмпатия дегеніміз – басқа адамның сезіп тұрғанын сезе білу немесе сол адамның орнына өзімізді қоя білу қабілеттілігі. Эмпатиясы жоғары адам жанындағы адамдардың не қалап тұрғанын немесе нені қажет ететінін сезе біледі. Мұндай қасиетке ие адамдар саудада, ұстаздықта, басқаруда үлкен жетістіктерге жетіп жатады.

Интеллект дегеніміз – адамның танымдық, ойлау қабілеттерін біріктіретін, сипаттайтын қабілеттердің жиынтығы: тану, ойлау, сезу, жады есте сақтау, қиялдау,суреттеу,кескіндеу,елестету.Заманауиұғыммен қарасақ, интеллекті деген – адамның мәселені шеше алуы, қоршаған ортаны тануы және сол танығанын іске асыра алуы. Интеллектінің деңгейі белгілі бір міндетті шешу кезінде байқалады. Байқағаныңыздай мұның бәрі өмірге икемділікті, қоғамға етене жақындықты көрсетеді. Ендеше , бұл -бүгінгі күні үлкен сұранысқа ие боп отырған функционалдық сауаттылық.

Функционалдық сауаттылық – адамның сыртқы ортамен қарым - қатынасқа түсе алу қабілеті және сол ортаға барынша тез бейімделе алуы мен қарым - қатынас жасай алу деңгейінің көрсеткіші. Олай болса, функционалдық сауаттылық тұлғаның белгілі бір мәдени ортада өмір сүруі үшін қажетті деп саналатын және оның әлеуметтік қарым - қатынас жасауын қамтамасыз ететін білім, білік, дағдылардың жиынтығынан құралады. Бүгінгі таңда қазақстандық білім беру жүйесінің алдында білім сапасының бәсекелестігін арттыру, шынайы өмірлік кезеңдерге бейімдендіру мәселелері тұр. Өйткені адам қоғамда түрлі өмірлік мәселелерге байланысты дұрыс шешімдер қабылдау үшін жоғары кәсіптілік пен интеллектуалдық әрекеттерді қажет ететін жағдайларда заман талабына сай өмір сүріп, қызмет етуде.

Оқу сауаттылығы – оқушылардың мәтін мазмұнын түсіне білуі және оларға ой жүгірте білу, мәтін мазмұнын өз мақсаттарына жету үшін пайдалана білу, қоғам өмірінде белсен ділік таныту мақсатында білімдері мен мүмкіндіктерін дамыту қабілеттері. Оқу жылдам дығы мен мәтінді дәлме- дәл түсіну бағаланбайды, мәтінге арналған рефлексия мен ұғым, оқығанын өмірлік мақсаттарды жүзеге асыруға пайдалану бағаланады.

Оқу сауаттылығы мәтінмен жұмыс арқылы көрінеді. Оқылым бөлігінің негізгі құрылымын анықтайтын ең басты көрсеткіш – мәтін. Мәтін қызықты, өзекті, күнделікті өмірге сай, шынайы адамның эмоционалды- психологиялық күйіне кереғар әсер етпейтін болғаны жөн. Оқу сауаттылығы- жазбаша мәтіндерді түсіну оны қабылдай алу, олардың мазмұнын түсіну мақсаттарына қол жеткізу, білім мен мүмкіндіктерді дамыту, қоғам өміріне белсенді қатысу үшін пайдалану қабілеттерінің негізгі саласы болып табылады. PISA зерттеуінде оқу сауаттылығы мынадай деңгейлерге бөлінеді:
- қарапайым критерий бойынша қажетті ақпаратты мәтінде іздеу(ең төменгі деңгей)
- көптеген өлшемдер бойынша қажетті ақпаратты іздеу

мәтінде қажетті ақпаратты іздеу, ақпараттың үзінділері арасындағы байланысты тану, белгілі, бірақ қарама-қайшы ақпаратпен жұмыс істеу; - терең жасырын ақпаратты қамтитын үзінділердің бірізділігін немесе комбинациясын іздеу және орнату, тапсырманы орындау үшін мәтіндерде қандай ақпарат қажет екендігі туралы қорытынды жасай білу; -күрделі мәтіндерді түсіну және оларды түсіндіру, мәтін мазмұнына қатысты тұжырымдар мен гипотезаларды тұжырымдау. Оқу дағдысына қойылатын бірінші талап – мәтінді толықтай түсіну. Оқушының мәтінді толық түсінгенін мына жайттарға қарап анықтауға болады: мәтін мазмұны бойынша бағдар жасай алу (қай дерек не ой мәтіннің қай бөлігінде айтылғанын білу) және оның тұтастай алғандағы мәнін ұғу; қажетті ақпаратты дәл табу; мәтінді интерпретациялау; мәтін мазмұны бойынша ой түю, талдау жасау; мәтін мазмұны мен тақырыбы арасындағы байланысты түсіну т.с.с. Қалыптасып жетілген оқу дағдысы екі негізгі құрамдас бөліктен тұрады: оқу техникасы (сөздерді дұрыс әрі жылдам қабылдап, дыбыстау) және мәтінді түсіну (оның мазмұнын ұғыну). Тезис құру әдісі мәтін бойынша негізгі тезистер, түйіндер мен қорытындыларды бөліп көрсету арқылы жүргізіледі. Мәтінге шолу жасап, түсінік беру әдісі оны ой елегінен өткізіп, ұғынудың негізі болып табылады және оқылған мәтінді өзіндік пайымдау, ол бойынша қандай да бір түйінге келу, қорытынды шығару сияқты әрекеттермен көрініс табады. Ақпаратты логикалық түрде есте сақтау әдісі әртүрлі әрекет арқылы жүзеге асуы мүмкін. Елімізде қозғалып отырған өзекті мәселе – білім беру жүйесінде оқытудың жаңа технологиясын еңгізу, халықаралық коммуникациялық желілерге шығу, білім беруде ақпараттық технологияларды қолдану, тәжірибе және ғылым жетістіктерімен жеке тұлғаларды қалыптастыру.

Қорыта келгенде, дүниежүзілік жаһандану жағдайына байланысты біздің республикамызда жалпы білім беретін мектептердің алдына оқушыларды бәсекеге қабілетті етумен қатар, оларды ізгілікті, құзыретті, тұлғалық-бағдарлық бағытқа бейімдеу талабы тұр. Әлемдік кеңістікке енуде өзімізге тиімді, ұлттық рухымызды жоғалтпайтындай аталған технологияларды жаңа жүйеде оқыту қажет. Сонда ғана шығармашыл тұлға тәрбиелеп, бәсекеге қабілетті елдің бірі боларымыз сөзсіз. Оқу сауаттылығынан мәтінді талдағанда ғана бала мазмұнын меңгерумен қатар өзіндік пікір қалыптастырады. Оқушылардың тіл байлығын дамыту, топ алдында еркін сөйлей білу қабілетін жетілдіру, рухани адамгершілік сезімдері қалыптасқан тұлға дамуына ықпал ету функционалдық сауаттылыққа тәрбиелеудің басты шарты болып саналады. Оқу сауттылығының тапсырмаларын жүйелеп ұсыну арқылы оқушыны өмірде алған білімін қолдана алуына мүмкіндік жасаймыз.

Өмірге икемділік алған білімнің нақты көрінісі боп, оқушының шешім қабылдай білуімен өлшенеді. Интелектісі мықты адам тез ойлап, тез шешім қабылдай алатыны тәжірибеде дәлелденіп келеді. Қорыта айтқанда,бала бойына сенімділік ұялатып, білімін өмірмен ұштастырғанда жетістікке жететінін шәкірт санансына сіңіруіміз қажет. Сонда ғана халықаралық бақылауларды жоғары деңгейде көрінеміз. Бұл ұстаз алдындағы үлкен міндет болмақ.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Қоянбаев Ж.Б. Қоянбаев Р.М. Педагогика – Алматы, 2004.
2. Қойшыбаева А. Оқушылардың қызығушылығы мен белсенділігін қалыптастыру. /Қазақ тілі мен әдебиеті, №7. Б. 59-61.
3. Рамазанқызы Ә. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттырудың тиімді жолдары/ Қазақ тілі мен әдебиеті, № 3, 49-52 б.
4. Сабыров Т. Оқушының оқу белсенділігін арттыру жолдары. Алматы.: Мектеп, 1978.
5. С. Жәнішева Оқушылардың оқу сауаттылығын дамыту.// Бастауыш мектеп. 2017. - № 7. - 13-15 б.

«ҮЗДІК ҚАЛАМ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТАНЫМДЫҚ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛ
REPUBLICAN SCIENTIFIC AND EDUCATIONAL, METHODICAL JOURNAL
РЕСПУБЛИКАНСКИЙ НАУЧНО-ПОЗНАВАТЕЛЬНЫЙ, МЕТОДИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ

АЙТЫС ӨНЕРІ

Сүйеубай Бибігүл Өмірзаққызы
«Алматы облысы білім басқармасының
Балқаш ауданы бойынша білім бөлімі» ММ
«Аралтөбе орта мектебі МДШО» МКМ-нің
музыка пәнінің мұғалімі, педагог-сарапшы



Пәні: Музыка	Мектеп: «Алматы облысы білім басқармасының Балқаш ауданы бойынша білім бөлімі» ММ «Аралтөбе орта мектебі МДШО» МКМ	
Бөлімі:	Қазақ халқының музыкалық мұрасы	
Педагогтің аты жөні:	Сүйеубай Бибігүл Өмірзаққызы	
Күні:27.09.2024 жыл		
Сынып: 5 «А»	Қатысқандар саны:	Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы:	**Айтыс өнері**	
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары:	5.1.2.1 – дәстүрлі халық әндері мен аспаптық музыканың жанры мен стилін, айтыстың түрлерін анықтау; 5.1.2.2 - дәстүрлі әншілік мектептердің және халық композиторларының шығармаларын салыстыру;	
Сабақтың мақсаты:	Дәстүрлі халық әндері мен аспаптық музыканың жанрын анықтайды, айтыс түрлерін ажырата біледі, айтыста қолданылатын көркемдік құралдарын ажыратады.	

Сабақтың барысы:

Сабақтың кезеңі (уақыты)	Педагог әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурс тар
Сабақтың басы (5-минут)	**Ұйымдастыру кезеңі.** Сабақтың мақсатымен танысады. **«Кинометафора» әдісі** арқылы бейнесюжеттен үзінді көрсету арқылы баланың өз ойын, ой-пікірлерін білуге болады. Ал балалар, біз сендермен айтыстың кең таралған түрлерімен таныс боламыз: Қыз бен жігіт айтысы, ақындар айтысы, қайым айтыс. Балалар біз сендермен бүгінгі сабақта айтыстың бір түрі қызбен жігіт айтысына тоқталатын боламыз. Бейнесюжетке назар аударайық. **1-тапсырма. Ойтолғау. Зерттеу. Талдау.** Қызбен жігіт айтысын тамашалап, төмендегі сұрақтарға жауап жауап береміз. 1.Қалай ойлайсың қызбен жігіт айтысы өз ойларын айтыстың қай жолдарында білдірген?	Сәлемдесу. Сабаққа назар аударады. Оқушылар өз ойларын ауызша жеткізеді. Түсінгендерін баяндайды. **Жақсы болу- өзіңнен,** Жаман болу-өзіңнен. Өзіңді өзің ая да, Өзің үйрен өзіңнен. Жақсылық көрсең біреуден, «Мен қандаймын?» деп ойла. Бейнероликті тамашалайды. Өз әсерлерін айтады. Сұрақтарға жауап беріп, талдайды. Зерттеулер жүргізеді.	ҚБ «Бас бармақ»  **Дескриптор:** - айтыстың мағынасын түсінеді. -мағыналы сөздерге назар аударады. -сұраққа жауап береді.	Презентация 1-бет *hhtp/mpp/youtube.com* *Музыка оқулығы 14 бет* *http/ptt/youtube.com бейнеролик «Қыз бен жігіт» айтысы* Презентация 2-бет Нота хрестоматиясы

Сабақтың ортасы (35-минут)	2Берілген қыз бен жігіт айтысына қандай сипаттама берер едің? 3. Тыңдаған айтыста не байқадың? **2-Тапсырма. Тыңдалым.** Бейнероликтен қайым айтыс туралы сюжет көреміз. **3-тапсырма. Өздік жұмыс.** Балалар айтыстың әуенін өз қалауы бойынша түрлендіру, яғни музыкалық импровизация жасау.	Сөз айтайық көшелі, Мерейің сонда өседі, Бабаларым шетінен, Ақын болған кешегі. Балалар осы төрт жолды әуенге қосып айтысты орындайды. Өздік жұмысты орындайды.	**Өзара бағалау** **Дескриптор:** -қайым айтысты түсінеді. -сөздерін құрастырып айтады.	Перезентация 3-бет Музыка оқулығы, 16 бет
Сабақтың соңы (5-минут)	**Үй тапсырмасын беру :** Айтыс жаттау. **Рефлексия.** -Мен не білдім? - Бүгін мен не үйрендім? -Мен үшін қандай тапсырма қиын болды? -Ал қай тапсырманы мен оңай орындадым? **Бағалау.** Мұғалім формативті бағалауы бойынша қорытынды балын қояды.	**Кері байланыс** «Бағдаршам» әдісі Қызыл- мүлдем түсінбедім Сары- жартылай түсіндім Жасыл-толық түсінікті	Оқушылар сабақта алған білімдерін бағдаршамның түстері арқылы түсінгенін білдіреді	


«ҮЗДІК ҚАЛАМ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТАНЫМДЫҚ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛ
REPUBLICAN SCIENTIFIC AND EDUCATIONAL, METHODICAL JOURNAL
РЕСПУБЛИКАНСКИЙ НАУЧНО-ПОЗНАВАТЕЛЬНЫЙ, МЕТОДИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ

КЕСТЕДЕН ТЫС КӨБЕЙТУ ЖӘНЕ БӨЛУ. БЕКІТУ

Тлеуғалиева Сағира Әлімқызы
Бастауыш сынып мұғалімі
Ақтөбе облысы, Ойыл ауданы
Амангелді орта мектебі

Білім беру ұйымының атауы	Амангелді орта мектебі	
Пәні:	Математика	
Бөлім:	Өнер	
Педагогтің аты-жөні:	Тлеуғалиева Сағира Әлімқызы	
Күні:	17 қаңтар 2024 жыл	
Сынып:	3 сынып	Қатысқаны : 21 оқушы
Сабақтың тақырыбы:	**88 сабақ. Кестеден тыс көбейту және бөлу. Бекіту**	
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаты:	3.1.2.9. 100 көлеміндегі сандарды ауызша көбейту мен бөлуді орындауда қосындыны және көбейтіндіні біртаңбалы санға бөлу, қосындыны санға көбейту ережесін қолдану	
Сабақтың мақсаты	Қосындыны санға көбейту және бөлу ережесін қолдана отырып есептер шығару.	
Құндылықтар	Өзгелердің мәдениетіне және көзқарастарына құрметпен қарауға баулу	

Сабақтың барысы

Сабақтың кезеңі// уақыты	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы 3 мин	**Ұйымдастыру кезеңі:** 1.Амандасу. 2.Оқушыларды түгендеу. **Психологиялық ахуал орнату.** **«Амандасу»** жаттығуы	«Нейро жаттығу» Тақтада көрсетілген суреттер бойынша амандасады. . 3 топқа бөлінеді.	 Мәссаған , керемет!	
	Топқа бөлу: QazMATH платформасы арқылы 3 топқа бөлу			QazMATH
 5 мин	Алдыңғы білім: №4 есеп. 18 бет **«Пазл құрастыру»** ойыны  **«Сәйкестендіру»** ойыны 	**Дескриптор:** -Өрнектің мәнін табады; -Ережені құрастырып айтады; -Тура теңдікті анықтайды. -Тақырыпты анықтайды.	**ҚБ:** **«Қоржын»** «Мұғалімнің бағалауы» 	LearningApps.org платформасы https://learningapps.org/watch?v=pogotabf524
 1 мин	**Оқу мақсатын таныстыру және оқушылармен бірлесе отырып сабақ мақсатын шығару .**			
Сабақтың ортасы 10 мин	**№1 тапсырма : Топтық жұмыс** «Кім жылдам» ойыны ***(100+200)*3 = 900 100+200 * 3 =900*** ***(100+60)*2 = 320 (80+80)*2 =320*** ***(200+200):2 = 200 300-300*5 =0*** ***(50-50)*0 =0*** ***(40-20):2 =20*** ***(30+30) :3=20***	**Дескриптор:** -Қосындыны орындайды; - Айырманы орындайды; - Мәнін біртаңбалы санға көбейтеді, бөледі;	**ҚБ:** **«Қоржын»** «Мұғалімнің бағалауы» 	Тақта Жауап парақтары 
	**№2 тапсырма: Жұптық жұмыс** **«Футбол» ойыны**	**Дескриптор:** -Көбейтіндінің мәнін табады;	**ҚБ:** «Қоржын»	
				

10 мин	 ***ЕБҚ:***	-Бөліндінің мәнін табады;	 Мұғалімнің бағалауы	**Umaigra** платформасы
	«Лото» ойыны			
 10 мин **Сабақтың соңы** 6 мин **Рефлексия**  **Үйге тапсырма:**	**№3 тапсырма: Жеке жұмыс:** **«Бәйге» ойыны** (500+150): 5 =130 (700+140): 7 =120 (800+160): 8 =120 (600+360): 6 =160 (300+50): 5 =70 (200+40): 2 =120 (80+60): 2=70 (60+60)* 3 =360 (250+250): 5 =100 (150+150)*2 =600 (240+60)* 2 =600 (320+160)*2 =960 **«Жұмыртқа ашу» әдісі** 1. Бүгінгі сабақта сенің ерекше орындаған тапсырмаң қандай? 2. Топтық, жұптық жұмысқа өз үлесіңді қаншалықты қостың деп ойлайсың? 3. Өзіңе сабақ барысында кімнің көмегі тиді? 4. Тосын сый 5. Қосындыны бір таңбалы санға қалай бөледі? 6. Бүгін қай тапсырма саған қиын болды? **Үйге тапсырма:** 7 есеп, 21 бет	**Дескриптор:** -Қосындыны орындайды; - Айырманы орындайды; - Мәнін біртаңбалы санға көбейтеді, бөледі; Жұмыртқаны ашу арқылы жасырылған сұрақтарға жауап береді.	**ҚБ:** «Қоржын»  Мұғалімнің бағалауы	 Үлестірмелі парақтар Тақта

«ҮЗДІК ҚАЛАМ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТАНЫМДЫҚ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛ
REPUBLICAN SCIENTIFIC AND EDUCATIONAL, METHODICAL JOURNAL
РЕСПУБЛИКАНСКИЙ НАУЧНО-ПОЗНАВАТЕЛЬНЫЙ, МЕТОДИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ

БИОЛОГИЯ САБАҒЫНДА СЫН ТҰРҒЫСЫНАН ОЙЛАУ ЖОБАСЫН ПАЙДАЛАНУ

Тогимбаева Бибигуль Жаксылыковна
Ақтөбе қаласы Елек орта мектебінің химия-биология пәні мұғалімі

Заман талабына сай ғылым мен техниканың жетістіктерін білім беру саласында жүзеге асыру бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің бірі. Жаңа заманғы білім беру жүйесі жаңа міндеттерді жүктейді. Сондықтан қазіргі білім берудің жаңа ақпараттық технологияларын игермейінше, сауатты, жан-жақты, білімді маман болу мүмкін емес. Соңғы жылдары көптеген елдерде орын алып отырған ғаламдық өзгерістер – мемлекеттердің жаңа дәуірге, қоғамдық өмірлік негізін ақпараттық ресурстармен ақпараттық коммуникациялық технологиялар құрайтын ақпараттық кезеңге қадам басты.

Биология – XXI ғасыр ғылымы. Сондықтан да ол жаңа ақпараттық технологияларымен тығыз байланысты. Қазіргі кездегі білім беру жүйесінде негізгі мақсат оқушыға жеке тұлға ретінде қарап оның дамуына көп көңіл бөлуде. Бұл пәнді оқыту мұғалімге зор міндеттерді талап етеді, өйткені ол бүкіл сыныптың қажеттіліктеріне жауап беруі тиіс. Міне, осы жағдайда жаңа технологиялардың көмегі зор. Оқыту үрдісін компьютерлендіру мақсатында интерактивті тақтамен жұмыс жасау тиімді. Қазіргі уақытта Қазақстанның жалпы орта білім беретін мектептерінің барлығы дерлік интерактивті тақтамен қамтамасыз етілген. Интерактивті әдіс – диалогтік әдіс, нәтижесінде сабаққа қатысушылар бір-бірімен байланыса отырып, мәселелерді шешеді. Интерактивті тақта мектеп сыныптарында әр пән бойынша, соның ішінде биологиядан зертханалық сабақтарды өткізген кезде оның құрылғылары (датчиктері) қолданылады. Қарапайым тақта және компьютер проекторына қарағанда, интерактивтік тақта сабақ мазмұнын кеңінен ашуына мүмкіншілігі өтезор. Мұғалімдердіңпайымдауыншаинтерактивтік бағдарлама олардың жартылай жұмысын атқарады. Мысалы: белгілі бір материалды интерактивтік тақтада орындау арқылы файлдағы белгілермен өзгерістерді сақтап қалуға болады, бұны сабақта болмай қалған оқушыларға қайта түсіндіруге немесе келесі жолы тағы да қолдануға болады. Мұғалім оқытудың жаңа ақпараттық технологияларын меңгеріп, оны пайдалану арқылы өзінің материалдық базасын толықтырып, әрі уақытты үнемдейді.

Мультимедиялық технологиялар көбіне компьютерлік сыныптарда қолданылады. Қазіргі уақытта сабақ материалына байланысты көптеген электрондық оқулықтар мен компакт-дискілер бар. Компьютерлік графикалық материал презентациялық слайд көмегімен көрсетіледі. Microsoft Power Point бағдарламасының көмегімен оқу процесінде презентациялар мен слайдтар жасап көрсету, оқушылардың қызықты және дәлелді (мағыналы) болады, танымдық ойлауы мен есте сақтауын қалыптастырады. Оқушылар биология сабағында арнайы компьютерлік бағдарламалар мен электрондық оқулықтарды пайдалану арқылы кез-келген тақырыпты өздері меңгереді. Бұл оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттыруға, олардың ой-танымын кеңейтуге, өз бетінше шығармашылықпен, ізденімпаздықпен жұмыс жасауына көп көмегін тигізеді. Биология пәні бойынша компьютерлік тестілеуді қолдану оқушылардың интеллектуалдық танымын арттырады. Оқушылар бір тестілеуден жақсы нәтижеге жеткенше бірнеше қайтара өтеді. Бұл тестілердің барлығы биология бойынша мемлекеттік білім стандарты талаптарына сәйкес келеді. Ол оқушылардың интеллектін, логикалық ойлауын және шығармашылық қабілеттерін дамытуға, тірі табиғатты, ағзаларды толығымен түсінуге ықпал жасайды. Биология пәнінің кейбір тараулары ойлануды, талдай білуді, салыстыруды қажет етеді. Оған биология кабинетінің жағдайы келе бермейді. Айталық, адам қаңқасы, микроскоп, ұлғайтқыш әйнек, сутеттер т.б. тәжірибе жасайтын құралдардың болмауы. Биология сабағында компьютерді пайдалану оқу үрдісінде мұғалімі мен оқушының оқудың жеке дара шығармашылықпен жұмыс жасауына мүмкіндік береді. Мен жаңа сабақты түсіндіру барысында сабақтың мазмұнын дайын күйінде бермеуге тырысамын. Оқушылардың өздігінен танып білу дағдыларын қалыптастыра отырып, жаңа тақырып бойынша анықтама, ережелерді өздері құрастырып тұжырымдай білуіне жетелеймін.

Ол үшін оқытудың интерактивті формаларын сабақта қолданамын. Олар:

- Жеке шығармашылық тапсырмалар, жобалар
- Блок-схема, графиктер, диаграмма, т.б.
- Тірек-схема, көрнекіліктер және анықтама құралдары;
- Ойын арқылы оқыту;
- Сөзжұмбақ, ребустар;
- Тестілеу;

Биология сабағын меңгертуде компьютерлік анимациялардың маңызы зор. Оқушыларға жануарлардың мен өсімдіктердің суреттерін, сызба нұсқаларды көрсетіп қолдануына қолайлы. Биология бойынша «Адам нәсілдері. Нәсілшілдіктің және әлеуметтік дарвинизмді сынау», «Жер тарихы және оны зерттеу әдістері. Жер тарихының шежіресі. Полеозой заманында тіршіліктің дамуы» тақырыбындағы өткізген сабағымда: сөз жұмбақты табуға, нәсілдердің түрлерін, олардың көздерінің, шаштарының және терісінің түстерінің қандай екенін бір-біріне айырмашылықтарына толық көздерін жеткізіп көрсетілді. Жер тарихында тіршіліктің пайда болуы, әр кезеңде өсімдіктердің, жануарлардың түрлерінің дамуы туралы суреттерін, сызба нұсқалары пайдаланылды. Биологтардың өмірі мен қызметі жайында компакт-дискілерде кең қамтылған. Рефераттар жазуда оқушылар биологиядан тіршіліктегі барлық организмдер жөнінде энциклопедиялық мәліметтер ала алады. Сонымен қатар оқушылар сабақта видеоматериалдар пайдаланады. Олар оқушыларға заттар және олардың халық шаруашылығында қолдануы туралы мәліметтер алуға көмектеседі. Рефераттар жазу барысында оқушылар өз беттерімен Интернет кеңістігінің материалдарын, электрондық оқулықтарды іздеу арқылы компьютерлік сауаттанады.

Сонымен қатар «Әлемдегі терең сыр, ғылыммен ғана ашылмақ…» химия-биология пәндері апталығында өткізілген «Экологиялық дағдарыстың аймақтық сипаты» атты тақырыптағы дебат ойынының компьютерлік нұсқасын пайдаланып, өз сабақтарымда компьютер көмегімен слайдтар дайындадым. Слайдтарды қолдану нәтижесінде оқушыларға жаңа материалдарды меңгерту жеңіл, әрі уақытты үнемдеуге мүмкіндік береді. Нәтижесінде оқушыларда оларды ойша елестету және тақырыпты түсіну қиынға түседі. Оқушылар бұл ойын арқылы өз білімдерін шыңдайды. Сонымен биология сабағын компьютер көмегімен оқыту төмендегі мәселелерді қажет. Электрондық байланыс жүйелері арқылы ақпарат алмасудың тиімділігі өркениетті елдердің іс-тәжірибелерінде айқын сезіледі. Республикамызда білім беру жүйесі мен білімді тексеру мақсатында ақпараттық технологияларды енгізу басты мәселеге айналды. Қазақстандағы барлық орта мектептердің компьютермен жоспарлы түрде жабдықталуы оның айқын дәлелі. Заман ағымына сай күнделікті сабаққа видео, аудио қондырғылары мен теледидарды, компьютерді, интерактивті тақтаны қолдану айтарлықтай нәтижелер береді. Мұндай қондырғылар оқушылардың қызығушылығын арттырып, зейін қойып тыңдауға және алған мәліметті нақтылауға мүмкіндік береді.

Жоғарыда айтылған ой-пікірлерімді тұжырымдай келе, компьютерді қолдану негізінде мектеп пәндерін оқыту сапасын арттырып білім беруді ақпараттандыру жүйелі түрде іске асады.

«ҮЗДІК ҚАЛАМ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТАНЫМДЫҚ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛ
REPUBLICAN SCIENTIFIC AND EDUCATIONAL, METHODICAL JOURNAL
РЕСПУБЛИКАНСКИЙ НАУЧНО-ПОЗНАВАТЕЛЬНЫЙ, МЕТОДИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ

БАЛАБАҚША МЕН ОТБАСЫНЫҢ САБАҚТАСТЫҒЫТӨЛЕУ

Төлеу Аманкул Алмасқызы
Ақтөбе қаласы «БалДәрия-М»
балабақшасының тәрбиешісі

Жаңа кезеңдегі білім берудің өзекті мәселесі жас ұрпаққа-адамгершілік-рухани тәрбие беру. Құнды қасиеттерге ие болу, рухани бай адамды қалыптастыру оның туған кезінен басталуы керек. Халықта «Ағаш түзу өсу үшін оған көшет кезінде көмектесуге болады, ал үлкен ағаш болғанда оны түзете алмайсың» деп бекер айтылмаған. Сондықтан баланың бойына жастайынан ізгілік, мейірімділік, қайырымдылық, яғни адамгершілік құнды қасиеттерді сіңіріп, өз-өзіне сенімділікті тәрбиелеуде отбасы мен педагогтар шешуші роль атқарады. Рухани - адамгершілік тәрбие - екі жақты процесс. Еліміздің болашағы-жас ұрпақты тәрбиелеуде бірінші бесік-отбасы, ата-ана тәрбиесі болса, екінші бесік –білім беру мекемесі. Мектепке дейінгі кезеңдегі тәрбие - адам қалыптасуының алғашқы баспалдағы. Балабақшадағы тәрбие бала табиғатына ерекше әсер етіп, оған өмір бойы өшпестей із қалдырады. Заман талабына лайық тәрбие мен білім беру жұмысын кешенді ұйымдастыру жаңа технологияларды, идеялар мен шығармашылық, инновациялық жаңашылдықты қажет етеді. Жас ұрпаққа білім беруді жетілдіру мәселесі толассыз күн сайын өзгеріп тұрған әлеммен бірге жүрері анық. Балабақшада берілетін тәрбие – барлық тәрбиенің бастамасы, әрі жан – жақты тәрбие мен дамыту ісінің түпкі негізін қалайтын орын. Бала бойындағы жақсы қасиеттер мен мүмкіндіктерді ашып олардың өнегелі, тәрбиелі болып өсуіне балабақша ошағының тигізер әсерінің маңызы зор. Қоғам үшін әр кезеңде әр отбасында өсіп келе жатқан өрімдей ұл-қыздардың дені сау, рухани бай, еңбекке , білімге құштар болып өсуі ең жоғарғы тілек, ең биік мақсат. Оның қуат алатын қайнар бастауы отбасы. Отбасының аса құнды ықпалы мен әсерін өмірдегі ешнәрсенің күшімен салыстыруға болмайды. Балаға отбасы тәрбиесінің орнын ешнәрсе алмастыра алмайды. Отбасы өмірге сәби әкеліп, оны тәрбиелеп, қалыптастыруда және ұрпақ жалғастыруда теңдесі жоқ орын. Отбасының балаға тәрбие берушілік қызметтінің мақсаты балаланың жасын, жеке ерекшелігін, психологиялық процестерін ескере отырып, жарасымды жетілген ұрпақты тәрбиелеу. Көздеген мақсатқа жету үшін отбасындағы тәрбие төмендегі міндеттерді шешеді. Отбасында баланың өсуіне, денсаулығына қамқорлық жасау, тазалықты қалыптастыру. Еңбексүйгіштікке баулу, тұрмыстағы, үй шаруасындағы еңбекке құлшынысын арттыр, өзіне - өзі қызмет етуге үйрету. Отбасы мүшелерімен тіл табысып, дұрыс қарым қатынас жасауға, үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсетуге үйрету. Әдебиетке, мәдениетке, өнерге тәрбиелеу. Бұл міндеттер жүзеге асу үшін бала дүниеге келген күннен бастап отбасында, қоғамдық орындарда, мектепте тәлім - тәрбие беріледі. Балабақша — бүлдіршіндерді болашақта ата дәстүрін сақтайтын инабатты да, ибалы үлкен-кішіні сыйлай білуге үйретететін тәрбие орталығы. Өмірге келген жас ұрпақты тәрбиелеу ата-аналар мен балабақша тәрбиешілерінің қасиетті борышы. Бала үшін дүниеде ең жетілген, білімді де, мәртебелі адам – оның ата – анасы. Ал, ең әдемі де жарық үй – оның туылған үйі. Жас баланың дамуында ата-ананың орыны ерекше, сондықтан ата-ана өз отбасында қолайсыз жағдайларды баланың көзінше тудырмауға тырысуы қажет. Отбасындағы ұрыс-керіс баланың жүйкесін тоздырады. Кейбір ата-аналар өз перзентін шектен тыс еркелетіп, баланың бетінен қақпай, көңіліне қарап тәрбиелейді. Ал мұндай көріністер баланың бойына кері қасиет пайда болуына тікелей жағдай тууына себеп болады. Ата-аналар балаға отбасылық өмірдің алуан түрлі, қыры мен сырын дүние жұмбақтарын танытып, тағылым талғамға, әдептілікке баулуға тиіс. Себебі, ата-ананың күнделікті өмір тіршілігіндегі еңбегі, адамның бейнелері, жақсы мінез-құлқы, дұрыс қарым-қатынасы – балаға үлгі. Баланың алдында барынша сабырлы әрі ұстамды болуға тырысу керек, ата-ана өзі үлгі бола отырып, баласын сабырлылыққа тәрбиелейді. Әрбір ата-ана өз баласы үшін-басты тұлға. Сондықтанда да кез-келген бала алдымен үлгіні ата-анасынан алады. Бала әкеден ақыл, анадан мейір алады. Ата-ана баласымен пікірлесуде бейауыз сөздерді қолданбай, дөрекілікпен жеке басын қорламай, мейірімді, табиғи, жылы ақылды сөздер айтып өнеге бола білсе, тәрбие де табысқа жетеді, өйткені, жақсы сөз жан семіртеді.Сонымен қатар мектепке дейінгі ұйымның педагогикалық ұжымы ата-аналармен бірлесіп, баланы өсіріп тәрбиелеудегі басты мақсат қоғамдық өмірге «түзу кірпіш қалау» екенін ескере отырып, ал осы мақсатты жүзеге асыру үшін, алдындағы қандай болмасын қиындықтарын жеңу, соған сәби кезінен төмендегі мынадай көзқарастарды негізгі ұстаным ретінде қабылдау. Көзқарастар мыналар:Баланы сәби ол әлі ештеңе білмейді, ұқпайды деп жай көзбен қарамау керек, өйткені ол да өсіп келе жатқан тұлға.Баланы әр уақытта шындыққа үйрету. Еш уақытта алдамай, шындықты ашып айтып сол

«ҮЗДІК ҚАЛАМ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТАНЫМДЫҚ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛ
REPUBLICAN SCIENTIFIC AND EDUCATIONAL, METHODICAL JOURNAL
РЕСПУБЛИКАНСКИЙ НАУЧНО-ПОЗНАВАТЕЛЬНЫЙ, МЕТОДИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ АҚПАРАТТЫҚ КЕҢІСТІГІН ДАМЫТУ

Турлыбаева Гульшат Шинаровна
Алға ауданы Самбай ауылы А.Байтұрсынов атындағы
орта мектептің бастауыш сынып мұғалімі

Ақпараттық технологиялар оқушыға ғана емес, мұғалімге де дамуға бірегей мүмкіндік береді. Балалар мен жасөспірімдердің ақпараттық кеңістігін дамыту және кеңейту мұғалімді оқушылармен бірге бұрын зерттелмеген жаңа кеңістікті игеруге шақырады. Сабақтарда компьютерлік техниканы жай пайдалану мұғалімнің кәсіби шеберлік деңгейін автоматты түрде арттыруға және білім беру сапасын арттыруға әкеп соқпайтынын атап өткім келеді. Ең алдымен мұғалімнің жеке басы және оның мотивациясы шешуші рөл атқарады. Сондықтан мектептерде мұғалім АКТ қолдану саласындағы білімін үнемі қолданғысы келетін және оларды толықтыратын жұмыс жағдайларын жасау қажет. АКТ енгізу бағыттар бойынша жүзеге асырылады:

- сабаққа презентация жасау;
- Интернет ресурстарымен жұмыс;
- дайын оқу бағдарламаларын пайдалану.
- Сандық білім беру ресурстары

Сабаққа презентация жасау. Бастауыш мектептегі сабақтарға оқу материалын дайындау мен ұсынудың ең сәтті түрлерінің бірі-бәрімізге белгілі мультимедиялық презентациялар жасау деп атауға болады. Power Point мультимедиялық презентациясы — слайдшоу көрсетіліміне негізделген мультимедиялық презентацияның классикалық нұсқасы. Сөйлеген сөзіне байланысты мұғалім немесе оқушы өз презентациясына (мультимедиялық жоба) мәтіндік немесе графикалық үзінділерді, анимацияларды, бейнефильмдерді, музыкалық немесе дауыстық сүйемелдеуді қосады, бұл сабақты бай, иллюстрациялық етеді. Балаларды оқыту процесінде компьютерлік презентацияларды қолданудың келесі артықшылықтары бар:

- материалды полисенсорлық қабылдауды жүзеге асыру;
- мультимедиялық проектор мен проекциялық экранды бірнеше рет үлкейту арқылы әртүрлі нысандарды көрсету мүмкіндігі;
- аудио, бейне және анимациялық эффектілерді бір презентацияға біріктіру балалардың оқу әдебиеттерінен алатын ақпарат көлемін өтеуге ықпал етеді;
- сақталған сенсорлық жүйені қабылдау үшін қол жетімді нысандарды көрсету мүмкіндігі;
- баланың көру функцияларын, көз мүмкіндіктерін белсендіру.

Презентациялар жаңа материалды түсіндіруде, өткен материалды қайталауда және білімді ағымдағы бақылауды ұйымдастыруда (презентациялар-сауалнамалар) қолданыла алады. Презентация мұғалімге белгілі бір сыныптың, тақырыптың, пәннің ерекшеліктеріне сүйене отырып, оқу материалын дербес құрастыруға мүмкіндік береді, бұл сабақты максималды оқу әсеріне жету үшін құруға мүмкіндік береді.

- материалды көрнекі түрде ұсыну;
- жаңа материалды түсіндіру процесін күшейту;
- анимация арқылы шығарылатын ақпараттың көлемі мен жылдамдығын реттеңіз;

Электрондық білім беру ресурстарын пайдалану: Тестілеу түрінде бақылау – өлшеу материалдарын енгізе отырып, оқушыларды сынақтың осы түріне дайындау қажеттілігі туындайды. Оқушылар бақылаудың осы түрімен жұмыс істеу тәжірибесінің болмауынан туындаған кейбір қиындықтарға тап болуы мүмкін. Тестілеу оқушылардан белгілі бір оқу материалын білуді ғана емес, сонымен бірге онымен жұмыс істей білуді, яғни тест тапсырмаларын орындау ерекшелігін түсінуді талап етеді. Интернет-ресурстарды пайдалану. Интернет желісімен жұмыс сенімділікті дамытады, өзін үлкен нақты әлемнің бір бөлігі ретінде сезінуге мүмкіндік береді, қызығушылықты оятады, коммуникативті қасиеттерді дамытады, бәсекелестік элементін жасайды, сабақта әр тараптандыруға мүмкіндік береді. Көбінесе Интернет желісіндегі суреттер балалардың жазушының портретін, фотосуреттерін, орыс халық костюмдерін, орыс өнерінің шедеврлерін көруінің жалғыз көзі болады. Бұл бейнелеу өнері, қоршаған әлем, әдеби оқу және көркем еңбек сабақтарында жарқын көрнекі құрал мен шабыт көзіне айналады. Интернет:

- Оқушылардың оқу іс-әрекетінің түрлерін кеңейтеді (интернеттен пән бойынша ақпаратты іздеу және өңдеу);
- Кәсіби шығармашылық қарым қатынас пен жедел ақпарат алмасуға мүмкіндік береді;
- Кәсіби өсуге мүмкіндік береді;
- Мұғалімге дидактикалық материалды таңдау және пайдалану үшін шығармашылық мүмкіндіктер ашады; Сабақта оқушылар үшін қызықты заманауи техникалық құралдарды пайдалануға мүмкіндік береді.

Құжат-камера. Камера құжаты – бұл оқулық беттерінің немесе мектеп дәптерлерінің, иллюстрациялардың немесе сызылған схемалардың, үш өлшемді заттардың немесе тіпті препараттардың нақты суреттерін микроскоптан теледидарға, мониторға немесе бейне проектор арқылы үлкен экранға тасымалдауға арналған

құрылғылардың арнайы класы. Ақыр соңында, әдеттегі жағдай: әдетте мұғалім өзінің оқулығындағы суретте бір нәрсені көрсетеді, ал балалар кітапта өздері көрмеген "бір нәрсені" іздейді. Көбінесе балалар қандай фрагментті қарау керектігін түсіне алмайды, ал мұғалім әрқайсысына жақындауға мәжбүр. Бұл жұмыс схемасымен көп уақыт босқа кетеді. Құжатты-камераны қолдана отырып, мұғалім, біріншіден, бәрі суретке шынымен қарайтынына, екіншіден, дәл осы фрагментті көретініне сенімді бола алады. Құжат камерасының ең қарапайым функциясы-стационарлық кескіндер мен нысандарды көрсету. Сонымен қатар, егер кескіндер деп екі өлшемді, яғни жалпақ, нақты заттардың дисплейлері (фотосуреттер) немесе сызбалар түсінілсе, онда объектілер – бұл барлық жағынан қарауға тырысып, оларды айналдырған кезде қозғалмайтын заттардан қозғалатын нақты заттардың үш өлшемді дисплейлері. Камера құжаты жалпақ немесе көлемді заттардың суреттерін барлығына көру үшін экранға жіберуге көмектеседі. Құжат камерасының тиімді техникалық сипаттамаларының бірі көрсетілген нысанды үлкейту мүмкіндігін қамтиды, осылайша нақты көрініс те нашар көрінетін жалпақ немесе көлемді кескіннің ұсақ бөлшектерін қарастыруға мүмкіндік береді. Осылайша ол әрқашан сіздің қолыңызда болатын "электронды үлкейткішке" айналуы мүмкін. Құжат камерасының қасиеттерінің бірі оны нақты уақыт режимінде жұмыс істейтін бейнекамераға жақындатады. Сонымен қатар, құжат камерасы табиғи процестерді динамикалық бейнелеу құралы ретінде қызмет етеді. Құжат камерасының бұл функциясын жүзеге асырудың мысалы ретінде демонстрация барысында құжаттың әртүрлі бөліктеріне жүгінуді талап ететін көлемді мәтіндік материалды (мысалы, иллюстрациялары, энциклопедиялары немесе сөздіктері бар Оқулық немесе альбом) шолуды келтіруге болады. Құжат-камера объективінің астындағы беттерді айналдыру-беттерді сканерлеуге және оларды компьютер арқылы көрсетуге қарағанда салыстырмалы түрде жылдам әрі ыңғайлы әрекет. Күрделі оқу әрекеттерін үйрету кезінде жазбаша тапсырманы орындаудың маңызы зор. Мысалы (жазу, астын сызу, қателерді түзету, бос орындарды толтыру, соның ішінде кроссвордты шешу кезінде), белгілі бір ақпаратты, сөздерді немесе сөз тіркестерін табу қажет болған кезде мәтінмен визуалды жұмыс, белгілі бір белгілер бойынша мәтін үзінділерін бөлектеу, иллюстрациялық және мәтіндік материалды байланыстыру. Сонымен қатар, әр түрлі таңдау, астын сызу және белгілерді нақты қарындаштың көмегімен ғана емес, сонымен қатар құжат камерасының "электронды жиынтығына" кіретін түрлі түсті электронды қарындаштар мен маркерлердің көмегімен де жасауға болады. Құжат камерасының келесі маңызды қасиеті-оның мұғалім мен оқушыларға жұмыс нәтижелерін динамикалық түрде ұсынуға көмектесуі. Оқушылар жасаған пәндер немесе ұсақ қозғалатын заттар болуы мүмкін жұмыс нәтижелерін көрсету өте жиі талап етіледі, егер сіз пәнді оқыған кезде оқушылардың игерген іс-әрекеттерінің дәйектілігін көрсетуіңіз керек болса (бұл әсіресе ақпараттық және материалдық технологияларға қатысты). Мұндай жағдайларда спикердің нақты әрекеттерін экранға тарату аудиторияның презентация процесіне белсенді, сипат алатын қатысуының әсерін тудырады. Құжат камерасы бар стационарлық және динамикалық нысандарды жазу функциясы динамикалық процестер мен оқу әрекеттерінің үлкейтілген суреттері мен бейнежазбаларын кейіннен зерттеуді көрсету мақсатында кескін файлдары мен бейне файлдар түрінде сақтауға мүмкіндік береді. Құжат камерасының негізгі артықшылықтары: Біріншіден, бұл оқыту процесін "жандандыруға", оны көрнекі және сенімді етуге және нәтижесінде тиімдірек етуге мүмкіндік береді. Екіншіден, камера құжаты мұғалім мен сынып арасында кері байланыс орнату құралы, оқушылардың ынтасын арттыру құралы ретінде әрекет етеді. Бұл, мысалы, жаңа ғана орындалған сынақ жұмысын талдау немесе мұғалімнің түсініктемелерімен нақты уақыттағы үй тапсырмасын экранда талдау кезінде орын алады. Сонымен қатар, бұл процеске бүкіл сынып қатысады. Үшіншіден, құрылғы сабаққа дайындық кезінде де, сабақтың өзі кезінде де мұғалімнің уақытын нақты және айтарлықтай үнемдейді. Парақтан кез-келген жазбаша тапсырма, үлестірме материал дайындамай, құжат-камера және проектор арқылы түймені басу арқылы тақтаға немесе оны ауыстыратын экранға жобалануы мүмкін.

«MENTOR» ӘДІСТЕМЕЛІК ОРТАЛЫҒЫНАН «ҮЗДІК ҚАЛАМ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТАНЫМДЫҚ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛЫНЫҢ

ТАЛАПТАР/ШАРТТАР

Авторлар қолжазбаларды мұқият тексеріп, түзетуі тиіс;
• автордың аты-жөнін (толық), ғылыми дәрежесін, атағын, қызметін, мекеменің толық атауын көрсету қажет;
• мақала авторының фотосуреті болуы шарт және өлшемі 4950х3510 пикселден (6х12 мм, 300 ppi кем емес) кем болмауы тиіс;
• мақалаға оның мәні мен идеясын айқындайтын сюжетті фотосуреттерді тіркеп жіберуге болады (сканирленген фотосуреттердің өлшемі 10х15 мм, 300 ppi кем емес);
• пайдаланған кестелер, диаграммалар, графиктерді, пайдаланылған бағдарламалардың (Word, Excel, PowerPoint және т.б.) бастапқы пішімінде материалға қоса тіркеу қажет;
• мақала көлемі атауы мен әдебиеттер тізімін қоскқанда 3 беттен аспауы қажет;
• мақаланы төмендегідей талаптарға сәйкес ресімдеу керек: Microsoft Word, кегль – 12 пункт, гарнитурасы - Times New Roman, парақ пішімі - А4, жиектері - 2 см, жоларалық интервал – жалаң, бірінші жол – 1, 25 см бос жер, азат жолға дейінгі және кейінгі интервал - 0 см;

ТРЕБОВАНИЯ/УСЛОВИЯ

Рукописи должны быть тщательно выверены и отредактированы авторами;
• необходимо указывать: фамилию, имя и отчество автора (полностью), учёную степень, звание, должность, полное название учреждения;
• фото автора статьи обязательно и должно иметь размеры не менее 4950х3510 пикселей (не менее 6х12 мм, 300 ppi), фото в статью не помещать;
• желательно сопроводить статью сюжетными фотографиями, которые будут отражать суть и идею статьи (размер отсканированных фото не менее 10х15 мм, 300 ppi);
• используемые таблицы, диаграммы, графики должны прилагаться к материалам в исходном формате используемых программ (Word, Excel, PowerPoint и др.);
• аннотация должна содержать только главную информацию статьи, не превышать объем 6 строк, выполняться на двух языках, отличающихся от языка статьи (пример: если статья написана на русском языке, то аннотация пишется на английском и казахском);
• максимальный объем статьи не более 3 страниц, включая название, список литературы;
• статью оформлять в соответствие с требованиями: Microsoft Word, кегль – 14 пунктов, гарнитура - Times New Roman, формат листа - А4, поля - 2 см, междустрочный интервал – одинарный, первая строка – отступ на 1, 25 см, интервал перед и после абзаца – 0 см;
Эл. почта: kalam2025@mail.ru